Рекомендации по профилактике синдрома эмоционального выгорания у медицинских работников:

Пути выхода из стресса:

1) Изменение среды (общение с приятными людьми, общение с домашними животными, искусство, театр, музыка, природа; пребывание в эмоционально воздействующей среде: церковь, соревнования; разговор о стрессе с окружающими и т.п.);

2) Антистрессовые средства (движение, дыхательная гимнастика, молитва, мысленное перевоплощение в других, сексуальные отношения, баня, бассейн, ванна, массаж, хобби);

3) Средства вытесняющего воздействия (заставить себя плакать, физ.нагрузки, дом. дела, устройство на доп.работу по совместительству);

4) Коррекция своего поведения (избегание изоляции от окружающих или наоборот, избегающее поведение – обход стрессов, уход от них, переход на жесткий режим труда и отдыха или отказ от жесткого режима, смена стиля отношений с коллегами);

5) Самокорректировка личности (внутренние диалоги с собой и людьми, находящимся в подобной ситуации, исповедь перед собой, самовнушение, самообразование, получение другого образования);

6) Использование медикаментозных средств;

7) Обращение к специалистам.

Список использованных источников:

1. Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы социально-политической модернизации современного общества//Саясат, 2005, №11. – С.48-52.

2. Шнейдер В.В. Устойчивость к выгоранию и жизненные ориентации сотрудников медицинских центров материнства и детства на примере Казахстана и Германии //Вестник Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан) Серия: Психология, 2016.-№4(49).- С. 67-72.

3. Малышев И.В. Взаимосвязь синдрома эмоционального выгорания и ценностной сферы личности в процессе профессиональной социализации в экстремальных условиях // Известия Саратовского университета. Серия: Психология, 2010. – №4(10). – С.74-78.

4. Бердяева И.А., Войт Л.Н. Синдром эмоционального выгорания у врачей различных специальностей // Дальневосточный медицинский журнал.2012.Вып.2.С.117-120.

5. Яркина О.С. Синдром эмоционального выгорания у врачей в контексте личностно-профессионального развития: симптомы и предпосылки. //Вестник Тамбовского гос.ун-та.2008.Вып.3(59).С.307-311.

6. Щербатых Ю. В. Психология стресса и методы коррекции. — СПб.: «Питер», 2006. – 256с.

А.О. Надирбекова ¹

¹ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ӨШУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме

Мақалада стрестік жағдайлар, эмоционалдық шаршау, тұлғаның ерекшеліктерімен кәсіби қызмет мәселелері өзара байланысы және медицина қызметкерлерінің контекстінде қарастырылады.

Тұлғалық және ситуативтік мазасыздық тесті, әлеуметтік-психологиялық бейімделу сауалнамасы және «Өзіндік ерік күші» тесті қолданылды. Эксперименттік талдау деректері өлшеу әдістемесінің қажеттілігіне, түзету және алдын алу жұмыстарын жүргізуге қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Медициналық қызметкерлердің тұлғалық және ситуативтік мазасыздық күйі, әлеуметтік-психологиялық бейімделудің төменгі және орта деңгейі, өзін-өзі бағалау, ерік күшін дамыту және түзету қажеттілігін анықтады.

Түйін сөздер: стресс, эмоционалдық өшу, депрессия, тұлғаның кәсіби деформациясы.

А.О. Nadirbekova ¹

¹ Kazakh national pedagogical university of the name of Abai

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF EMOTIONAL BURNING DOWN OF MEDICAL WORKERS

Summary

The problem of the stress states is examined in this article, emotional burning down of medical workers in the context of intercommunication of personality with the features of professional activity. Analysis of experimental data of methodology of measuring of personality and situation anxiety; questionnaire of socially-psychological adaptation and test “Self-appraisal of will-power” allowed to draw conclusion about the necessity of correction and prophylaxis of the expressed personality and situation anxiety, correction of low and middle level of socially-psychological adaptation and development of self-appraisal of will-power of medical workers, that is the signs of display of presence of syndrome of the emotional burning down.

Keywords: stress, emotional burning down, depression, professional deformation of personality.

MPHTI 15.21.51

Y.N. Autilipova ¹, A.R. Rakhimzhan ²

^{1,2} Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

THE ROLE OF EMOTIONAL INTELLIGENCE IN THE LIFE OF MODERN MAN

Abstract

The emotional burden's increase is associated with acceleration of life's pace, which contributes with the expansion of stress factors in all spheres of life. Such factors lead to an intensity of emotional burden, to which a person reacts with anxiety and despair experiences, and these are one of the most urgent problems of modern psychology. Emotional Intelligence (EI) contributes to the resolution of emotional disorders' problems. This article examines the importance of EI in the life of modern man and analyzed the relationship between emotional intelligence and modern man. This article considered the main approaches that explains the meaning of Emotional Intelligence's definition, the main directions on the study of this phenomenon and it described methods for measuring Emotional Intelligence and skills to develop of EI. The effectiveness of Emotional Intelligence is often presented as an absolute key of success in all spheres of life, like health, academic achievement, relationships and in the field of activity.

Keywords: Emotional Intelligence (EI), modern man, emotion, method, measurement of EI, skills, development of EI.

“When awareness is brought to an emotion, power is brought to your life.” – Tara Meyer-Robson

The concept of “Emotional Intelligence” is multi-valued and has many definitions in the scientific literature. For the first time this term was introduced in 1990 by P. Salovey and J.D. Mayer as the ability of a person to recognize emotions, understand the intentions, motivations and desires of other people and your own, as well as the ability to control your own emotions and emotions of other people in order to solve practical problems [1].

As said D.R. Caruso, professor of Yale University: “It is important to understand that Emotional Intelligence – is not the opposite of intelligence as such, it is not a triumph of the heart over the mind, but it is a unique combination of both.”

J. Mayer, P. Solovey and their colleague D. Caruso distinguish four components of Emotional Intelligence [2]:

1. Perception of emotions – is the ability to recognize emotions (by facial expressions, gestures, appearance, gait, behavior, voice) of other people, and also to identify their own emotions.

2. Understanding of emotions – is the ability to determine the cause of the appearance of emotion, to recognize the connection between thoughts and emotions, to determine the transition from one emotion to another, to predict the development of emotion over time, as well as the ability to interpret emotions in relationships, to understand complex (ambivalent, ambiguous) feelings.

3. Using emotions to stimulate thinking – is the ability of a person (mostly unconsciously) to activate his thought process, awaken of creativity, using emotions as a motivation factor.

4. Managing emotions – is the ability to tame, awaken and direct your emotions and emotions of others to achieve your goals. This also includes the ability to take emotions into account when building logical chains, solving various problems, making decisions and choosing their behavior.

The modern man is a carrier and interpreter of a huge amount of information; a person progressive, high-tech and computerized; which inherent property such as high speed of action, reaction, thinking and decision-making [3].

EI helps to manage emotional sensations, especially in the process of communicating with people. Emotionally Intelligent person is also the most stress-resistant, self-confident, emotionally stable and can take responsibility for himself and his actions, which plays an important role in the life of modern man. Therefore, everything that a person does, in the long run, satisfies his various needs, any manifestations of his activity are accompanied by his emotional experiences. In the same way, two aspects are distinguished in emotions: a connection with the situation-with the objective world and the connection with subjective states-the needs and motivations of the person [4]. In other words, Emotional Intelligence is an important part in the development of the personality of modern man.

A brief historical background of Emotional Intelligence [5]:

- In 1920, Professor E. Thorndike introduces the concept of social intelligence. He described it as the ability to understand people, as the the ability to handle intelligently with people.

- In 1940, D. Wexler wrote a publication, in which he divided the abilities of people into intellectual and non-intellectual.

- In 1964, the work of M. Beldock introduced the concept of Emotional Intelligence.

- In 1988 R. Bar-On introduced the concept of the Emotional Quotient.

- In 1990, J.D. Mayer and P.R. Salovey introduced the term of Emotional Intelligence. In the same year, their work “Emotional Intelligence” was published, and attracted general attention to this theme.

- In 1995, the scientific book «Emotional Intelligence» by D. Goleman became the most widely read book devoted in social science. After its release, Emotional Intelligence acquires an incredible popularity and becomes interesting not only among psychologists, but also to ordinary people.

Emotional intelligence affects various areas of our life, and plays a huge role in the life of modern man [5]:

Physical health. Modern life is a stress, if you are unable to control the level of stress, it can lead you into serious health problems, like as suppression of the immune system, raising blood pressure, increasing the risk of a heart attack, contributing to infertility, accelerating the aging process. Therefore, the first step towards improving EI is trying to learn and understand how to reduce stress and how to reduce the voltage.

Mental health. Uncontrolled stress makes the human mind vulnerable to anxiety and depression. Unable to control your own emotions, you are subservient to changes of mood, and inability to govern yourselves leads to the inability to form a strong relationship, which can lead to the experience of loneliness.

Relations. By understanding and managing your own emotions, you are able to better express your feelings and understand what and how other people feel. This ability allows us to communicate more effectively and create a strong relationships.

Success at work. EI helps manage contacts, motivate people, excel of competitors in the event of competition and be productive in own field of activity.

EI and academic success. Interrelationships EI with academic achievement a probable, if in solving academic problems involved emotional abilities. If the performance of academic assignments required the participation of emotions (for example, in the training of psychologists), then were observed a strong links between emotional abilities and academic performance.

EI and professional success. People with a high level of EI already prefer social activity at the stage of choosing a profession. A moderately high level of EI contributes the effectiveness of activities in the field of “human-human”, in particular in the service sector management.

Today, there are a lot of methods to measuring emotional intelligence. Some of them are questionnaires, part of them tests. The first measure of EI is the TMMS (Trait Meta-Mood Scale) based on the original model by P. Salovey and J.D. Mayer [7], also R. Bar-On introduced the Emotional Quotient Inventory (EQ-I) method to measure of EI [8], then D. Goleman developed the Emotional Competency Inventory (ECI) [9].

A simplified form of emotional intelligence assessment tool was developed by Schutte [10]; this is known as the Schutte Self-Report Inventory (SSRI). Later psychologists R. Bar-On and J. D. A. Parker was developed the Emotional Quotient Inventory (EQ-I) [11], and this method had been widely tested in the U.S.

In 2002 J.D. Mayer, P. Salovey and D.R. Caruso was developed and published work about their emotional intelligence scale – the MSCEIT [12]. In the same year as a short measure of EI for use in organizational research was designed by C.-S. Wong and K.S. Law and named as the WLEIS -Wong & Law Emotional Intelligence Scale [13]. D.V. Lioussine was developed in the Russian language the LEIQ – Emotional Intelligence Questionnaire [14]. K.V. Petrides was developed TEIQue – Technical manual for the Trait Emotional Intelligence Questionnaires [15].

Generally, the authors in the techniques of measurement (in tests or questionnaires) tried to present the component of ability to recognize of other people’s emotions. This components highlighted in most theoretical models of Emotional Intelligence. For example, in the famous test MSCEIT by J.D. Mayer, P.Salovey and D.R. Caruso has a subtest aimed to measure the ability to recognize emotions by looking at the face in the photographs. В опроснике EQ-i Р. Бар-она и опроснике ЭМИн Д.В. Люсина существуют шкалы, сопоставимые с этим измерением эмоционального интеллекта. As we see, there are a wide range of methods for diagnosing the Emotional Intelligence. Depending on the goals and objectives of the study, this or that method can be more appropriate than others [16].

To improve the level of EI, we need to understand the emotional side of our brain and learn how to manage it. B. Lemberg [6] in his book “Emotional Intelligence” highlighted 5 key skills for the development of EI:

- 1skill : the ability to quickly reduce stress levels.
- 2 skill: the ability to understand and manage emotions.
- 3 skil: the ability to establish contact with others by using non-verbal communication (tone of voice, facial expression, gestures, body position, tempo and loudness of speech).
- 4 skill: the ability to use a humor and play to cope with challenges and overcome obstacles.
- 5 skill: the ability to positively resolve conflicts.

In our view, the topic of Emotional Intelligence is exactly what about should talk the present generation. Nowadays we have all possibilities to develop our inner emotional potential, why don’t do it. The quotation by J. Dewar [17]: “Change happens in the boiler room of our emotions – so find out, how to light their fires” can perform as a motivation for the development of EI and achievement of real success in the modern life.

Thus, the study of Emotional Intelligence has reached to a high level and evolving to this day. Thanks to various works, we can sum up that the EI plays a huge role in the life of modern man, it covers a wide range of areas of life, it helps among relationships, work and also improved mental and physical health.

Refernces:

1. Salovey P., Mayer J.D. *Emotional intelligence // Imagination, Cognition, and Personality*. 1990. V. 9. P. 185–211.
2. Mayer J.D., Salovey P., Caruso D.R., Sitarenios G. *Emotional intelligence as a standard intelligence // Emotion*. 2001. V. 1. P. 232–242.
3. <https://berichnow.ru/stati/sovremennyiy-chelovek-kto-on-takoy-i-kak-im-stat>
4. Столяренко Л. Д. *Психология: Учебник для вузов. – СПб.: Питер. – 2010. – 592 с.*
5. Андреева, И. Н. *Азбука эмоционального интеллекта / И. Н. Андреева – Санкт-Петербург, «БХВ-Петербург», 2012.*

6. Лемберг, Б. Эмоциональный интеллект: как разум общается с чувствами / Б. Лемберг – Издательство „Вектор“, 2013.
7. Salovey P, Mayer JD, Goldman SL, Turvey C, Palfai TP. Emotional attention, clarity, and repair: Exploring emotional intelligence using the trait meta-mood scale. In: Pennebaker J, editor. *Emotion, disclosure, and health*. Washington, DC: American Psychological Association; 1995. pp. 125–154.
8. Bar-On, R. (1997b). *The Emotional Quotient Inventory (EQ-i): Technical manual*. Toronto, Canada: Multi-Health Systems, Inc.
9. Goleman, D. (1998). *Working with emotional intelligence*. New York: Bantam.
10. Schutte, N. S., Malouff, J. M., Hall, L. E., Haggerty, D. J., Cooper, J. T., Golden, C. J., et al. (1998). Development and validation of a measure of emotional intelligence. *Personality and Individual Differences*, 25, 167–177.
11. Bar-On, R., & Parker, J. D. A. (2000). *The Bar-On Emotional Quotient Inventory: Youth Version (EQ-i:YV) Technical Manual*. Toronto, Canada: Multi-Health Systems, Inc.
12. Mayer, J. D., Salovey, P., & Caruso, D. R. (2002). *The Mayer-Salovey-Caruso Emotional Intelligence Test (MSCEIT): User's manual*. Toronto: Multi-Health Systems.
13. Wong, C.-S., & Law, K. S. (2002). The effects of leader and follower emotional intelligence on performance and attitude: An exploratory study. *The Leadership Quarterly*, 13, 243–274.
14. Lioussine, D. V. (2003, July). Gender differences in emotional intelligence. Poster presented at the 11th Biennial Meeting of the International Society for the Study of the Individual Differences (ISSID), Graz, Austria.
15. Petrides, K. V. (2009). *Technical manual for the Trait Emotional Intelligence Questionnaires (TEIQue)*. London: London Psychometric Laboratory.
16. Вестник. Серия «Психология». – Алматы: Издательство «Ұлағат» КазНПУ им. Абая, 2014. – №1 (38). – С. 76-181
17. <http://www.quoteland.com/author/Jeff-Dewar-Quotes/4129/>

Е.Н. Ауталипова¹, А.Р. Рахимжан²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ЗАМАНАУИ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИҢ РӨЛІ

Түйіндеме

Қазіргі өмір жағдайындағы эмоционалды жүктеме өмір қарқынын жеделдетумен байланысты, бұл өмірдің барлық салаларында стресс факторларының санын ұлғайтуға ықпал етеді. Мұндай факторлар эмоционалды жүктемелердің қарқындылығына алып келеді, ол адамды аландаушылық пен үмітсіздікке ұшыратады – бұл қазіргі заманғы психологияның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Эмоционалық интеллект (ЭИ) эмоционалды бұзылулардың мәселелерін шешуге көмектеседі. Бұл мақалада заманауи адам өміріндегі ЭИ маңыздылығы қарастырылады. Эмоциялық интеллект пен заманауи адамның қарым-қатынасы талданады. Эмоциялық интеллект тұжырымдамасын анықтау үшін негізгі тәсілдер, осы құбылысты зерттейтін негізгі бағыттар қарастырылады және ЭИ өлшеу әдістері мен эмоционалды интеллектті дамытуға арналған дағдылар сипатталады. Эмоциялық интеллекттің тиімділігі өмірдің барлық салаларында байқалады: денсаулықта, академиялық жетістіктерде, қарым-қатынастарда және қызмет саласында табысқа жетудің абсолютті кілті ретінде ұсынылады.

Түйін сөздер: эмоционалды интеллект (EI), заманауи адам, эмоция, әдістер, ЭИ өлшеу, дағдылар, ЭИ дамыту.

Е.Н. Ауталипова¹, А.Р. Рахимжан²

^{1,2} Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

РОЛЬ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ЖИЗНИ СОВРЕМЕННОГО ЧЕЛОВЕКА

Аннотация

Повышенная эмоциональная нагрузка в современных жизненных условиях связано с ускорением темпа жизни, это способствует увеличению число факторов стресса во всех сферах жизни. Такие факторы приводят к интенсивности эмоциональных нагрузок, на что человек реагирует переживаниями тревожности и отчаяния, и это становится одной из наиболее актуальных проблем современной психологии. Решению проблем эмоциональных расстройств способствует развитие эмоционального интеллекта – ЭИ. В данной статье рассматривается важность ЭИ в жизни современного человека. Анализируются взаимосвязи эмоционального интеллекта и современного человека. Рассматриваются основные подходы к определению понятия эмоционального

интеллекта, основные направления исследования этого феномена и описываются методики для измерения эмоционального интеллекта, навыки для развития ЭИ. Эффективность эмоционального интеллекта преподносится как абсолютный ключ к успеху во всех сферах жизни: в здоровье, в академической успеваемости, во взаимоотношениях и в сфере деятельности.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект (ЭИ), современный человек, эмоция, методика, измерения ЭИ, навыки, развития ЭИ.

УДК 159.99(045)

А.Қ. Егенисова¹, М.Б. Қабақова²

^{1,2} Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

ПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация

Бұл мақалада психология пәнін оқытуда техникалық және көрнекі құралдарды қолдану туралы сөз болады. Техникалық құралдардың түрлері: видеоаппараттар, аудиоаппараттар, проекциялық аппараттар. Бейнелеу көрнекілік құралдарына: фотолар, суретшілердің картиналары, плакаттар, диапозитивтер және т.б. құралдарды жатқызуға болады. Таңбалы-символикалық көрнекі құралдарға: модельдер, символдар, таңбалар, графиктер, кестелер, схемалар, диаграммалар және т.б. жатады. Психология пәнін оқытуда жоғарыда аталып өткен техникалық және көрнекіліктерді қолдану, білім алушылардың білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға, танымдық іс-әрекеттерін белсендендіруге ықпалын тигізеді.

Кілт сөздер: видеоаппарат, аудиоаппарат, проекциялық аппарат, техникалық, көрнекілік, фотор, картина, плакат, модель, символдар, таңба, график, кесте, схема, диаграмма.

Психологияны оқытуда техникалық және көрнекі құралдарды қолдану білімді толықтай қабылдауға мүмкіндік береді. Техникалық құралдарға ақпараттық оқу құралдары жатады. Олар вербалдық және бейнелік ойлаудың арасындағы байланысты және оқу материалын терең меңгеруді қамтамасыз етеді. Бұндай құралдарға:

А) видеоаппараттар (теледидар, кинокамера, видеомагнитофон, фотоаппараттар және т.б.) жатады. Оларды демонстрациялау үшін қолдануға болады:

– оқу фильмдерін немесе олардың фрагменттерін;

– кенес беру процесін (белгілі психотерапевттер, студенттерге кенес берудің әр түрлі техникалары және т.б.).

– зертханалық типтегі ғылыми эксперименттер;

– психологиялық құбылыстың пайда болуы (темперамент типтері, мінез акцентуациясы, эмоциялық күй және т.б.). Видеоаппараттарды қолдана отырып видеотренингтер, кәсіптік мінез-құлық талдау, студенттердің оқыған лекцияларына әдістемелік талдау, қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету мәселелерін ұйымдастыруға болады.

Б) аудиоаппараттар (магнитофондар, диктофондар және т.б.). Бұларды жалпы психология курсына есту сезімталдығы, есту түйсігі мен қабылдауды демонстрациялау үшін қолдануға болады. Психология сабақтарында сөйлеудің кейбір фрагменттерін жазып алып, сөйлеудің темпін, интонациясын, тембрін және оның басқа да сипаттарын талдау үшін пайдалануға болады. Кеңес берушінің сөйлеуін тыңдай отырып студент – болашақ психолог кәсіптік сөйлеудің кемшілігі мен жетістігін сезінуге және өз уақытында түзеуге мүмкіндігін алады [1,376.].

В) проекциялық аппараттар – бұл әдеттегідей әртүрлі басылған материалдарды экранда көрсету үшін қолданылады. Бұл эпипроекторлар болуы мүмкін (схемалар, графиктер, таблицалар, ғалымдардың портретін, әртүрлі бейнелерді қайта салу немесе демонстрациялау үшін). Эпипроекторларды пайдаланғанда қараңғылауды қажет етеді. Ал кодоскопта қараңғылаудың қажеті жоқ. Кодоскоп арқылы экранда жазбаны түссіз пленкада орындауға немесе оқытушының сабақ кезінде орындағанын жобалауға болады.

Педагогикалық психологияда «көрнекілік» деген термин жиі қолданылады. Адамның танымдық қызметтері өз негізінде әрқашанда тұтас психикалық бейнеге біріктіріледі: қабылдау, елес, қиял, ойлау бейнелері. Сондықтан да оқытуда әртүрлі көрнекілік құралдарын, яғни заттықтан абстрактылы таңбалы – символдық модельге дейін қолданылады. Алайда барлық зат көрнекілік болып есептелмейді.

А.Н Леонтьевтің айтуы бойынша психологиядағы көрнекілік принципі, яғни зат көрнекілік болады, егер ол білім алушылардың іс-әрекетіне және оқыту процесінің мәнін құрайтын қызметке сәйкес келсе. Розенцвейг тестісі бойынша зерттелуші детальды емес, ситуацияны тез меңгеруі қажет. Сондықтан зерттеушінің ойластырған көрнекілігі: зат немесе сурет, зерттелушінің іс-әрекетіне сәйкес келсе ғана ол нәрселер көрнекілік болып есептеледі. Егер, суретте бөтен детальдар бейнеленіп, ситуация мәні ашылмаса олар детальдарды тек бақылап, қараса және ол зерттелушінің ойлағанымен сәйкес келмесе, бұл жағдайда зат көрнекілік болып есептелмейді.

Объектіні бейнелеу тәсіліне байланысты психологияда көрнекілік құралдар: табиғи құралдар, бейнелеу көрнекілік құралдары, таңбалы-символикалық көрнекі құралдар болып бөлінеді. Табиғи құралдар: өсімдіктер, хайуанаттар, құстар, пайдалы қазбалар және т.б. Психология ғылымында заттың абстрактылы күшіне қарай табиғи құралдар психологияны оқытуда қолданылмайды.

Бейнелеу көрнекілік құралдарына: фотолар, суретшілердің картиналары, плакаттар, диапозитивтер және т.б құралдарды жатқызуға болады.

Фотолар. Психология кабинетінде көрнекті психологтардың фотолар жиынтықтарын (портреттерін) жинақтауға болады. Мүмкіндігінше олар қысқаша автобиографиялық анықтамалармен берілгені дұрыс. Фотолар эмоцияны оқытуда қолданылады. Эмоцияға дәл сипаттама беру күрделі және қиындау екені белгілі Бірдей эмоция түрлі адамдарда әр түрлі болады. Бұл процесте адамның жеке тәжірибесі аз роль атқармайды. Психология сабағында әр түрлі эмоциялар бейнеленген фототрафияларды пайдалану, студенттердің әртүрлі эмоцияның пайда болуын анықтауда біршама тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Қажетті фотолар жинағының болмауы біршама қиындық әкеліп және оқытушыға өзінің жеке фотолар жинағын жасақтауды қажет етеді. Суретшілердің картинасын жалпы, жас ерекшелік, әлеуметтік және педагогикалық психологияда әр түрлі тұлғаның жеке қасиетін: темпераментін, эмоциясын байқататын демонстрацияларды қолдануға болады. «Қиял» тақырыбында белгілі бір суретшілердің картиналары иллюстрациялық материал ретінде ретінде, күрделі ұғымдар: агглютинация және типтік бейнелерді түсіндіруде пайдаланған тиімді. Суретшілердің әртүрлі жанрдағы картиналары, студенттерге адамның қиялының көркемдік бейнесін түсіндіруге мүмкіндік береді. Суретшілердің картиналары. Портреттік живопись адамды «оқып үйрену» өнерінің моделі ретінде ыңғайлы. Мұндай жұмысты ойын түрінде өткізуге болады. Ойынның мәні мынадай: белгілі адамдардың портреті ұсынылып, оған зейін қоя қарап қарап, оның тұлғалық сапаларын айтып беру ұсынылады. Соңынан нәтижелері мінез тақырыбындағы берілген сапалармен салыстырылады. Бұл ойында адамды түсіну тәжірибесі молайып, бақылағыштығы артып, қабылдағыштығы қалыптасады.

Плакаттар. Бұл құрал оқытушыға оқу материалын тікелей аудиторияда демонстрациялау үшін беріледі. Мысалы: рефлекстің қызметінің механизмінің схемасын тақтада салу үшін дайын плакатты қолдануға болады. Плакаттық нұсқада көру иллюзиясы, Гильфорданың интеллект моделі, А.Маслоу және т.б қажеттілік пирамидасы иллюстрацияланады. Плакаттарда салынған әр түрлі суреттер де бейнеленуі мүмкін.

Диапозитивтер. Диапозитив – бұл анық түссіз пленка, яғни проекциялық аппарат немесе жарық арқылы қарауға болатын оң, дұрыс (позитивті) жағдай бейнеленген сурет.

Таңбалы-символикалық көрнекі құралдарға: модельдер, символдар, таңбалар, графиктер, кестелер, схемалар, диаграммалар және т.б. жатады.

Модель дегеніміз – нақты объектіні, процесті немесе құбылысты ықшам әрі шағын түрде бейнелеп көрсету. Модельдеу – объектілерді, процестерді немесе құбылыстарды зерттеу мақсатында олардың (макетін) құру. Модель – көрнекті түрде жазбаша жоспар, сызба ретінде жасалуы мүмкін.

Ал. В. Штоффуаның пікірі бойынша модель – бұл материалдық немесе ойластырылып, бейнеленген жүйе, яғни бейнеленген объектінің орнын басатын, оны оқып, үйренуде осы объект туралы жаңа ақпарат береді. Оқу процесінде объект моделіне сүйену ғылыми теория мен заттық болмыстың арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, түсінуді жеңілдетеді, оқылған модель психикалық бейнелеу ерекшеліктері болады және сол себептен көрнекілік болып саналады. Модель психикалық бейнелеу болатындықтан көрнекілік болып табылады [2,105б.].

Психологияны оқытуда кең қолданылатын модельдердің түрлерін атап өтуге болады:

- З.Фрейдтің жасаған тұлғаның топографиялық моделі;
- К.Бернның адамның психикалық өмірі моделі;
- К.Юнгтың тұлғаның құрылымдық моделі;
- В.А.Иваникованың еріктік әсер механизмінің моделі.

Бұл модельдер оқыту мақсаты үшін арнайы жасалынбаған. Бұлар авторлардың ғылыми рефлексиясының және кәсіптік ойлауының нәтижесі. Психологияны оқытуда бұл модельдерді қолдана отырып, оқытушы студентке шешілмеген проблеманың және қайнар көздердің, білімнің, шығармашылықтың жолдарын көрсетеді. Графикалық модельдердің дидактикалық функциясы мынадай жағдайда егер, материал мазмұнын сөздік тәсілдермен ашқан жағдайда толығы түседі.

Жеке символдар. Қазір ғылымда түрлі символ, таңба сияқты шартты белгілерді қолдану өте қатты күшейіп кетті. Ғалымдар қазіргі ғылымның даму қарқынына сай заңды құбылыс деп санайды. Бұдан түрлі таңбалар сөзді, сөйлеуді жеңеді деген пікір тумайды, адамдардың табиғи тілі ең күшті, баға жетпес құнды қатынас құралы, халықтың ата-бабадан келе жатқан бағалы қазынасы, оны басқа ешбір құрал ауыстыра алмайтыны – талассыз мәселе.

Ғалымдар бұл шартты белгілерді терминология саласына жатқызады. Әрине шартты таңбалар, символдар, графикалық белгілер ғылымның барлық саласына қатысты емес сөз-терминдерге қарағанда, олардың қолданылу аясы тар. Бірақ олар ғылымның белгілі салаларында терминдік және көрнекілік қызмет атқарады, белгілі ғылыми ұғымдарды білдіреді. Көпшілік жағдайда жеке алғанда, олар мағынасыз белгілер. Мысалы a, b, c, t сияқты әріптер ғылымда белгі ретінде қолданылады. Мысалы, психологияның, педагогиканың, медицинаның өзінің жеке символдары бар. Әр бір мемелекет, облыс, өлкенің, рудың, оқу орнының символы, таңбасы болады.

Кестелер. Кестенің дидактикалық мақсаты әртүрлі болады. Кесте үлкен көлемдегі материалды жалпылау үшін құрылады. Мұндай кестелерді құрастыру ақыл-ойдың қызметі болып табылады және материал есте жақсы сақталады. Кесте әдеттегідей бірнеше баған мен жолдан тұрады. Онда ақпараттың негізгі құрылымдық бірліктері жазылады. Жазбаларды пайдаланып, ақпаратты қорыту арқылы кесте толтырылады. Кесте барлық ақпаратты тұтастай қамтуға мүмкіндік береді. Мұндай кестелер басында оқытушы мен студенттің біріккен қызметі үшін соңынан студенттің емтихан мен сынақтан өз бетімен дайындалуы үшін жасалады. Кесте автордың материалын жалпылау нәтижесі ретінде қолданылады. Бірақ та кейде өте жақсы құрылған кестенің өзі тиімді бола бермейді. Мұнда оқытушының сөзбен түсіндіруі ғана емес, кестенің жекелеген элементтерін практикалық мысалдармен қосымша иллюстрация жасау да қажет [3,88б.]. Кестеде психологтың ізденіс және зерттеушінің жұмысының нәтижесін көрсетуге де болады. Кесте оқу тапсырмасының формасы ретінде де қолданылады. Мұндай тапсырмалар көп уақытты қажет етпейді және студентке оқыған материалды жақсы меңгеруге ал оқытушыға студенттің танымдық қызметін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы: кестені толтыру. Кестелік тәсіл білімді меңгеруге ақпаратты есте сақтауға қиындық әкеледі. Егер:

- оны қолданудың мақсаты болмаса және кесте бұл мақсатқа сәйкес келмесе;
- кесте элементтерінің мәні жоқ немесе мазмұнына сай болмаса;
- кестеде сөздік ақпараттар өте көп болса.

Схема. Схеманың кестеден айырмашылығы ол оқу ақпаратын өңдеуге және есте сақтауға ыңғайлырақ. Онда ақпараттар жалпыланған түрде ғана емес, компакттылы оңай шолынған формада элементтер арасындағы қатынас байланысты түрде беріледі. Схемада объекті тұтас түсініксіз ақпараттан тазартылған түрде беріледі [4,58б.]. Психологияны оқыту құралында әр түрлі схемалардың көптеген түрлерін оқытушы сабағында қолдана алады. Студенттің ақыл-ой қызметіне талдау жасау, схема қолданғанда, яғни схема дидактикалық функцияны атқармайды, егер:

- ақпарат элементтерінің саны өте көп болса, схеманы бір мезгілде қолдану мүмкін емес;
- әр түрлі формадағы геометриялық фигуралар қолданылса, ол ақпаратты қабылдауды қиындатады;
- графикалық элементтің сәтсіз орналасуы;
- схемада сөздік ақпараттың болмауы және т.б.

Әр бір схема өз бетінше дидактикалық құндылығы төмен. Оның мазмұнын студенттерге тікелей оқытушының түсінігі арқылы жеткізіледі. Себебі схеманың элементтері, стрелкалар, әртүрлі сызықтар оқытушының сөзінсіз дұрыс меңгерілмейді. Әр бір оқу материалы схемада бейнеленуге келмейді. Психологияда танымдық процестер, қабілет түрлері, эмоцияларды оқытуда схеманы қолдануға болады. Мысалы: қиялдың, түйсіктің, ойлаудың түрлерін оқытуда схеманы құрастырып уақытты үнемдеуге және олардың жекелеген түрлеріне жеке – жеке сипаттама беруге болады [5,33б.].

Графиктер. Процесті механизм, құбылыстар жүйесін графикте беру – иллюстрациялау ғана емес, жаңа білімді беретін модель болып табылады. Графиктің көмегімен Вебер – Фехнердің түйсік туралы заңдылығын иллюстрация жасауға болады. Әрбір график, схема және кесте сияқты сөзбен түсіндіруді қажет етеді. Суреттер. Психологияны оқытуда сурет оқытудың ыңғайы және кең қолданатын құралы болып табылады. Көбіне суретті оқытушы өзінің жеке ойланумен салады. Кейде әдістемелік әдебиеттердегі суреттерді қолдануға болады. Сәтті салынған сурет объектіні оқытуда оған зейін аудартуда маңызы зор. Динамикалық суреттің дидактикалық салмағы жоғары. Бұл жағдайда оқытушы дұрыс жетпеген элементті толықтыруға мүмкіндігі болады. Мысалы: А.Маслоу бойынша қажеттіліктің классификациясының онтогенетикалық дамуын көрсететін динамикалық суреттерді демонстрациялауға болады[6,119б.].

Қорыта айтқанда, психология пәнін оқытуда жоғарыда аталып өткен техникалық және көрнекіліктерді қолдану, білім алушылардың білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға, танымдық іс-әрекеттерін белсендендіруге ықпалын тигізеді

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бадмаев Б.Ц. *Методика преподавания психологии: Учебн. метод. Пособие для препод. и аспирантов вузов.* – М.:Гуманит. издат. центр Владос, 1999. –206с.
2. Ерментаева А.Р. *Жоғары мектеп психологиясы: – Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2012. –492б*
3. Мұхамбетова С.Қ., Жарменова Г.С., Дәрібаева С.Қ. *Психологияны оқыту әдістемесі, – Ақтөбе: 2007. –304 б.*
4. Бапаева М.Қ. *Жоғары мектепте психологиялық білім беру процесін жетілдіру. – Алматы, 2006. –176 б.*
5. Егенисова А.Қ. *Психологияны оқыту әдістемесі. – Ақтау: 2016. –367б.*
6. Зимняя И.А. *Педагогикалық психология. – Алматы: «TST-сатрау» 2005. –368б.*

А.Қ.Егенисова¹, М.Б.Қабақова²

^{1,2} Каспийский государственный университет технологий и инжиниринг имени Ш.Есенова

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НАГЛЯДНЫХ И ТЕХНИЧЕСКИХ СРЕДСТВ В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ПСИХОЛОГИИ

Резюме

В этой статье обсуждается использование наглядных и технических средств в процессе преподавания психологии, а также виды технических средств: видеоаппараты, аудиоаппараты, проекционные аппараты. Символические наглядные средства включают фотографии, картины художников, плакаты, диапозитивы и т. д. Знаковые-символические наглядные средства включают в себя: модели, символы, графики, таблицы, схемы, диаграммы и т. др. Вышеуказанные технические и наглядные средства применяются на занятиях по психологии, влияют на формирование знаний, умений и навыков, на активизацию познавательной деятельности обучающихся.

Ключевые слова: видеоаппарат, аудиоаппарат, проекционный аппарат, технический, наглядный, фото, картина, плакат, модель, символа, знаки, график, схема, диаграмма.

А.К. Egenisova¹, М.В. Kabakova²

*^{1,2} Caspian state university of technology and engineering named after S. Yesenova
Aktau, Kazahzctan*

USE OF VISUAL AND TECHNICAL MEANS IN THE PROCESS OF PSYCHOLOGY TEACHING

Summary

This article discusses the use of visual and technical means in the process of teaching psychology.

Types of technical equipment: video cameras, audio devices, projection devices. Symbolic visual aids include: photographs, paintings of artists, posters, transparencies, etc. Sign-symbolic visual aids include: models, symbols, graphs, tables, charts, diagrams, etc.

Keywords: video cameras, audio device, projector, technical, visual, photo copies, pictures, sketches, model, symbols, signs, graphs, scheme, diagrams.

М.П. Оспанбаева¹, Б.А. Скакова²

^{1,2}«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы – Жамбыл облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Тараз қ., Қазақстан

МЕКТЕП КЕҢІСТІГІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Түйіндеме

Мақалада орта мектептің білім беру кеңістігінде сапаны дамыту үрдісі және оның заманауи психологиялық концепциялары қарастырылды. Білім беру ұйымдарындағы сапаны бағалау үрдісі халықаралық тәжірибелер контекстінде талқылана отырып, «тиімді мектеп», «тиімді сынып», «тиімді пән» тұрғысында зерттеу маңызы талданды. Сапа дамуының заманауи концепциялары оның негізіне қаланған басты ерекшелік – тұлғаның психологиялық даму факторы болуымен құнды екені дәлелденді. Мұндай ортақтық жалпы адамзат баласының дамуына тән негізгі құндылықтармен қатар, білім беру саласына да қатысты ортақ заңдылықтарға байланыстылығы түсіндірілді.

Түйін сөздер: білім беру сапасы, даму үрдісі, сараптама, өлшемшарт, дескриптор, бағалау, нәтиже, тиімділік, басқару, заманауи психологиялық концепция, тұлғалық даму.

Соңғы жылдары елімізде білім беру сапасы туралы пікірталастар белсенді түрде көтерілуде және оны жалпы білім беретін мектептерде дамыту қажеттігі мемлекеттің білім беру саясатының негізгі бағытына айналып келеді. Бұл жөнінде «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 19 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» нақты тетіктер белгіленді, атап айтсақ, «оқыту сапасы мен нәтижелілікті арттыру мақсатында, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру мәселесі пысықталатын болады» [1, 19].

Сапаны біріншіден, нақты іс-әрекеттер деңгейінде қарастыруға болады; екіншіден, белгілі бір қызмет көрсететін мекеменің жекелеген іс қимылдарына тәуелді көрсеткіштердің жиынтығы ретінде анықтауға болады. Бұл белгілер нәтиже сапасын анықтау үшін «неге қол жеткізу керек?»; үрдіс сапасын бағалау үшін «не істеу керек?»; құрылымдық сапаны білу үшін «бұл үшін бізге қандай құралдар қажет?» деген сұрақтарға жауап беруі тиіс. Сапа әрекетке тәуелді болғандықтан, оның «жоғары» немесе «төмен» болуы заңдылық. Ал оны, яғни, қандай да бір заттың немесе еңбек үрдісінің сапасын келесі сұрақтарды қою арқылы білуімізге болады: берілген заттың маңызды қасиеті не? (біздің жағдайда ол – білім беру үрдісі) немесе белгілі бір мақсат, деңгей, құндылықтарға жету үшін қажет болатын іс-әрекеттердің жиынтығы? Мұны анықтау үшін біз нені артық жасауға болады, ал нені кем жасау мүмкін, қай нәрсе мақсатқа сәйкес, ал қайсысы сай емес деген сұрақтарды қоямыз.

Халықаралық тәжірибелерге шолу жасау арқылы сапа және оны дамыту бағыттарының, оны жүзеге асыру формаларына қатысты кейбір айырмашылықтарының болғанына қарамастан, жалпыға ортақ концепциясы бар екенін көреміз. Мұндай ортақтық жалпы адамзат баласының дамуына тән негізгі құндылықтармен қатар, білім беру саласына қатысты ортақ заңдылықтарға да байланысты. Сапа дамуының заманауи концепциялары оның негізіне қаланған басты ерекшелік – тұлғаның психологиялық даму факторы болуымен құнды. Біз олардың негізгі өлшемдерін, басты сипаттарын, сапа параметрларын көрсетіп, оны дамытудың бірқатар құралдары бойынша тың деректер беріп, кейбір негізгі ұғымдарды және арнайы агенттіктер (біздің жағдайымызда Білім беру сапасын бағалаудың қазақстандық тәуелсіз агенттігі) өткізетін сапаны ішкі және сыртқы бағалауды жүзеге асыру тәртібін түсіндіреміз.

Елімізде тоқтаусыз жүргізіліп жатқан мектеп реформалары заманға лайық сапа дамуын қамтамасыз етудің алғышарты болып табылады. Ал олардың тиімділігі эмпирикалық зерттеу нәтижесінде анықталады. Ол үшін мектептің барлық құрылымдық элементтерінің іс-әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау жүйесін зерттеу арқылы басқару тетігі бағаланады. Бұл үрдіске білім беру ұйымын әкімшілік басқару құрылымымен қатар, оқушы, мұғалім және ата-аналардың кеңесу алқасынан құралған қоғамдық өзін-өзі басқару органдары да қатысады. Басқару әрекетінің тиімділігі оның пайдалы нәтижесі және оған жұмсалған қор көлемінің арақатынасы арқылы өлшенеді. Бағалауға мұндай қатынас екі түрлі әдіспен анықталады. Оның біріншісі – белгіленген мақсаттың орында-

лу мерзімінің және орындалу деңгейінің тиімділігінің бағасы. Ал екінші әдіс интерпретациялық сипатқа ие, яғни алынған нәтиже басқарылатын нысан әлеуетімен салыстырылады. Педагогикалық үрдісте ол мектеп ұжымының мүмкіндіктері және оны жүзеге асыру деңгейі болып табылады [2].

Заманауи мектептің өзекті мақсаты әрбір оқушыны барынша әрі жан-жақты дамыту болса, мектепті басқару мақсаты ол үшін қажетті шарттарды қамтамасыз ету. Бұл мақсаттардың барлығы да бағалауды керек етеді. Әйткенмен мақсаттың әр түрлі болуына байланысты, оған жету нәтижелерін де бірдей бағалай алмаймыз. Басқару әрекетінің мақсатына жету нәтижесі, яғни түпкі нәтиже – мектепте әр оқушының тұлғалық-психологиялық дамуын қамтамасыз ететін шарттарды тудыру мектепті басқарудың тиімділігін танытады. Ал осы тиімділікті бағалау критерийі мектеп жұмысының алдын-ала бағдарланған ақырғы нәтижесіне жету болып табылады. Басқаша айтқанда, басқару әрекетінің мақсатына жетуін бағалау – мектептің алдына қойған мақсатына жетуіне әсер етеді. Осы шарттардың қаншалықты ықпалды болғаны мектепті басқарудың, оның ішінде педагогикалық ұйым қызметкерлері мен мектеп оқушыларының өздеріне тиесілі қызметтерді қолайлы ортада сапалы атқару нәтижелілігін көрсетеді. Сонымен, мектепті басқарудың заманауи тиімділігін басқару әрекетінің психологиялық функциясы деп, ал мектепті басқару белсенділігін білім беру ұйымы басшысының біліктілік құзыретінің сипаты ретінде анықтауға болады [3].

ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында мектептерде қамқоршылық кеңестер құру арқылы білім беруді басқаруға жалпы жұртшылық тартылатыны және осы тетік арқылы мектептің өзін-өзі бағалау рәсімі жетілдірілетіні атап көрсетілді. Орта білімді жаңғырту жобасы шеңберінде білім алушылардың ұлттық емтихандары мен оқу жетістіктерін мониторингтік зерттеулердің рәсімдері жетілдірілетіні, ол тест стандарттарын әзірлеп, тестік тапсырмалардың базасын құру арқылы оқу жетістіктерін бағалау, білім алушылардың дағдылары мен білігін, құзыреттілігінің кең спектрін тексеру үшін жасалатын болады. Мектепті басқару тиімділігін анықтау психологиялық-педагогикалық үрдістегі әрбір әрекетті бағалау үшін тиісті сұрақтарды дербес тандауға мүмкіндік береді. Мәселен, басқару психологиясы, оның нәтижелілігін бағалау көрсеткіштері, т.с.с. Басқару үрдісін бағалайтын тәуелсіз сарапшы немесе мектеп басшысы бұл әдістемені қолдануда баллдық жүйені пайдаланады. Егер іс-әрекетті сипаттайтын көрсеткіш жүйелі түрде көрініп отырса, онда 4 балл; егер жиі кездесетін болса 3 балл; ішінара байқалған жағдайда 2 балл; өте сирек кездессе 1 балл және мүлде кездеспейтін болса 0 баллмен бағаланады. Әр көрсеткішті баллдық түрде бағалау білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық үрдісін басқарудың тиімділік коэффициентін (ТК) есептеуге мүмкіндік береді. Тиімділік коэффициенті келесі формуланы қолдану арқылы, яғни мониторинг барысында анықталған баллдың нақты санын 100-ге көбейтіп, шыққан нәтижені жиналған баллдың максималды санына бөлу арқылы жүреді. Егер басқару іс-әрекеті тиімділігінің коэффициенті 75-100 пайыз аралығында болса, онда ол барынша оңтайлы; 50-74 пайыз аралығы жеткілікті деңгейді; 25-49 пайыз аралығы дағдарысты жағдайды және 24 пайыздан төменді көрсетсе, онда іс-әрекеттің жол беруге болмайтын деңгейінен хабар береді. Осы үрдіс ҚР «Білім мекемелерін бағалау критерийлерінде» былай сипатталады: «мектептер үлгілі, жақсы, жақсартуды талап ететін және төмен деген төрт деңгейден тұратын өлшемшарттар мен дескрипторлар бойынша бағаланады» [4, 3].

Сараптама негізінде жүзеге асырылатын бағалау үрдісі сыртқы және ішкі болып екіге бөлінеді. Сыртқы бағалау дегеніміз – білім беру ұйымын тәуелсіз сарапшының жүйелі түрде зерттеуі және бағалауы. Бұл жағдайда ішкі компоненттер де бағаланады: мысалы, мектептің білім беру бағдарламалары, оқыту стратегиялары, ішкі бағалау нәтижелері және алынған нәтижені сол аймақтағы мектептермен, кейде тіпті өзге елдің де мектептерімен салыстыру. Бұл өз кезегінде халықаралық зерттеулерге жол ашатын қадам болып табылады. Мұндай тексерудің нәтижесі білім беру ұйымының жетекшісімен, берілген мәселені анықтау және сапаны жақсарту мақсатында, жүргізілетін аналитикалық сұхбат болып табылады. Ал ішкі бағалау – мектеп қызметкерлерімен тікелей сұхбат, жанама сұхбат, сауалнама сынды әдістердің қорытындысы арқылы, олардың өз жұмыстары мен оның нәтижесі туралы берген деректеріне негізделген жүйелі түрдегі зерттеу. Бұл үрдіс те сыртқы бағалау сынды, ішкі компоненттерге ие, яғни ішкі бағалау да сыртқы бағалаудан тұратын жайттар кездеседі. Мәселен, сабақты нақты өлшемшарттар бойынша бағалау үшін, сарапшы оппонентті өз бастамасымен шақыруы мүмкін: басқа мектептен мұғалім немесе жоғары оқу орнынан ғалым-педагогты. Сараптама жүргізу «жақсы» немесе «нашар» деп бағалау үшін емес, үрдісті жақсартуға, көмек көрсетуге бағытталған әрекет. Ол барынша жағымды бағдармен байланысты және диалогтық сипатқа ие. Сондықтан, мұғалім сарапшының өзін тексермейтінін, қайта көмектесіп, қажет болған жағдайда қолдау көрсететуге даяр екенін білуі тиіс. Бұл бағалау үрдісінің тиімділігінің шарты.

Мұның алдында қысқаша айтып өткеніміздей, сапаны дамыту және қамтамасыз етудің заманауи жүйелерінің негізіндегі концепциялар ұзақ уақыт жүргізілген эмпирикалық зерттеулерге негізделеді. Бұған мысал ретінде АҚШ, Канада және Ұлыбританияда жүргізілген «тиімді мектеп» бойынша кеңауқымды зерттеулерді; ал біздің елімізде білім беру саласындағы жағымды өзгерістердің шарттары және реформалардың тиімділігіне арналған зерттеулерді атауға болады. Осы бағыттар сапаны қамтамасыз етудің жетекші концепциясы – мектептің оқытушылық функциясы, яғни үйретушілік мекеме миссиясына әкеледі. Егер мұны назардан тыс қалдырсақ, сапа мониторингы концепциясы, нақтырақ айтсақ параметр, өлшем сынды зерттеу индикаторлары қайдан шығатыны түсініксіз болып қалады. Бәлкім, біздің әлеуметтік-мәдени дәстүрлеріміз бен құндылықтарымыз батыс мәдениетінен ерекшеленетіндіктен, қазақстандық мектептер үшін бұл өлшемдер басқаша болатын шығар? Мектептерге автономиялық дербестік пен академиялық еркіндіктің, сондай-ақ оқушылар үшін жеке білім траекториясының қажеті қаншалықты маңызды? Оның білім беру сапасына қатысы қандай деген сауалдарға дәлме-дәл жауап беріп, салиқалы, жан-жақты негізделген көзқарасты ұстану үшін, берілген қатынастың шығу себебі мен мәселелік табиғатын түсіну шарт. Сондықтан, сапаны дамытудың заманауи-психологиялық концепциясының мәнін ашудан бұрын, осы концепциялардың негізі болып табылатын зерттеулердің нәтижелері мен маңызына қысқаша тоқталайық. «Тиімді мектеп» мәселесін зерттеуді бастауға ықпал еткен мына сұрақ болатын: мектеп өзіне бөлінетін қаражатты қаншалықты ақтайды? Бұл сұрақтың өткір қойылуы бюджеттік тапшылыққа ғана емес, сондай-ақ мектеп жұмысының нәтижесі оған құйылатын қаржы көлеміне байланысты еместігі жайлы деректердің анықталуымен сәйкес-тін. Бір жағынан, әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық сынды қоғамның әлеуметтік мәселелерін білім беру жүйесінің көмегімен шешудің мүмкін еместігі айқындалды, яғни қоғам білім беру жүйесіне, мектепке жоғары, тіпті орындалуы мүмкін емес талаптар қоя бастады. Ал екіншіден, оқушылардың жоғары жетістіктерінің негізгі себептері даралық және отбасылық факторларға байланысты екендігі туралы пікірлер айтылып, ол кеңінен қолдау тапты.

Оқушылардың оқу жетістіктеріне мектептің үлесі қаншалықты, сондай-ақ олардың тұлғалық-азаматтық қалыптасуына мектеп үлесі қаншалықты? Мектеп тиімділігі ұғымына сәйкес келетін осы үлес көлеміне тәуелді факторларды анықтау қажеттілігі туындады. Мәселенің осылайша қойылуы зерттеулерді кері бағытқа бұруды талап етті: мектеп жүйесі деңгейіндегі жалпы сараптамадан жекелеген мектеп, қала берді жекелеген сыныптардың деңгейіндегі микросараптамаға ауысу қажеттігі бой көтерді. Зерттеу барысында шетелдік әріптестеріміз мектеп тиімділігін емтихан, сынақ, бақылау сынды академиялық үлгерім арқылы көрінетін оқу нәтижелері арқылы «тікелей» анықтаудан бас тартып, оның орнына жанама белгілерге назар аударды: оқушының мектепке қатынасы, сабаққа ынтасы, сынып бойынша тіркелген құқық бұзу оқиғалары және оқу жетістіктері мен мектеп жұмысының түрлі үрдістік факторлары арасындағы байланыстарды анықтау. Олар білім беру ұйымына жеке қабілет немесе әлеуметтік жағдайларына байланысты жағымды алғышарттар әкеле алмауы себепті жоғары нәтиже көрсете алмайтын «әлсіз» оқушыларға мектептің қалай және қаншалықты ықпал етуін анықтауға басымдық берді. Зерттеу нәтижесінде біртұтас ұйым ретіндегі мектеп деңгейінде де, сынып ұжымындағы қатынас деңгейінде де маңызды факторларды анықтауға мүмкіндік туды. Сонымен, тиімді мектептің таңдаулы белгілері ретінде келесі шарттар анықталды: мектеп тарапынан жағымды мектепшілік басқару және оқу мәдениеті, анық белгіленген оқушы құқықтары мен міндеттері, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық; ал оқушы тарапынан жоғары ұмтылыс, мектептің білім беру мақсатын, одан туындайтын бірлескен жұмыстардың нақты мақсаттарын сезіну және қабылдау, сондай-ақ оқытудың өзара келісілген әдістері. Пәнді тиімді оқыту белгілері ретінде мыналар аталды: оқу пәндерін жүргізуде жоғары үміт, биік ұмтылыс; кураторлық және ұжымдық еңбек; оқытудың өзара келісілген әдістері; оқушылардың оқу нәтижесін қадағалау; оқу мен үйретуді үнемі жақсартуға қызығушылық; өзгерістерді қолдау және оны мектеп басшылары тарапынан бақылау. Тұтастай мектеп деңгейінде болсын, жекелеген пәндік салада болсын, басымдыққа ие факторлар ретінде биікке талпыну және жақсыға үміттену, ұжымдық жұмыс, еңбектің өзара келісімді әдістері атап көрсетілді. Пән деңгейінде үнемі сапаны жақсартып отыруға даярлық ажырағысыз белгі болып саналды. Зерттеу нәтижесінде тиімділігі жоғары сынып белгілері келесі сапалар арқылы ажыратылды: оқушылар мен мұғалімдердің білімге деген жоғары ұмтылысы бар; оқу мен үйренуге деген жоғары талпыныс; жеке жетістіктерді үнемі қадағалау; оқушылардың ынталылығы және белсенді қатынасы; түрлі әдістемелерді мақсатты түрде іріктеу және қолдану. Іс жүзінде мектептің негізгі міндеті сынып деңгейінде сабақ жүргізу факторы төңірегінде шоғырланған: мұғалімнің сабақ

беруі және оқушының оқу әрекеті бірінші орында. Сонымен қатар, жалпы мақсаттардың дамуында әлеуметтік психология аса маңызды болып табылады [5].

В большинстве организаций, где реально достигнут успех в правильном выборе и развитии лидеров, присутствует либо одна из двух, либо обе модели лидерства.

Харизматическое лидерство – лидерство, построенное на энергетике, обаянии лидера, умении вдохновлять, вести за собой. В большинстве случаев при этой модели формальный лидер одновременно является и неформальным, он пользуется уважением и симпатией коллег не только как руководитель, но и как человек. В харизматической модели лидерства есть существенные плюсы. Харизматический лидер довольно часто имеет возможность использовать немного дополнительных материальных стимулов, так как сама его личность является сильным мотивационным фактором для подчиненных. Он обычно входит в их референтную группу (референтная группа – группа людей, чье мнение является значимым), поэтому его похвала, внимание или критику может оказывать сильное влияние на подчиненных. Харизма является сильным фактором воздействия, поэтому таким лидерам часто удаются прорывы, мобилизация подчиненных в условиях кризиса и форс-мажора. Харизматический лидер может легко спланировать вокруг себя людей, что создает весьма хорошие команды вокруг него. Очень часто ему удается сформировать высокий уровень лояльности и приверженности, что снижает вероятность текучки кадров и приводит к тому, что сотрудники редко покидают такого лидера по своей инициативе, склонны долго работать на одном месте. Можно и продолжить, но, думаю, основные преимущества харизматической модели лидерства мы с вами обсудили.

Наряду с преимуществами, харизматическая модель лидерства имеет и свои минусы, или риски. Народная мудрость гласит: «От любви до ненависти – один шаг». Харизматический лидер может

вызывать только сильные эмоции. Кстати, вы замечали, что в вашей жизни (работе, учебе, среди друзей и знакомых) встречались люди, о которых в большинстве случаев или говорили очень хорошо, или очень плохо? Их или любят или ненавидят, ими либо восхищаются либо достаточно активно осуждают. Все эти признаки указывают на тех, кто или уже стал или может стать в будущем харизматическим лидером.

Итак, первый риск харизматической модели лидерства заключается в том, что негатив в личном отношении, обида на такого человека может привести к ситуации полной неуправляемости: лидер теряет возможность оказывать необходимое влияние, или, что еще хуже, начинается открытая агрессии или скрытый саботаж со стороны подчиненных. Еще один риск связан с достаточно большой эмоциональной нагрузкой самого лидера. Он вынужден постоянно сохранять лицо – поддерживать имидж энергичного и обаятельного человека, оказывать сильное энергетическое влияние, психологически «подпитывать» подчиненных. Третий риск, как и первый, так же связан с сотрудниками и их поведением. Нередко сильный харизматический лидер создает столь сильное ощущение «стены», за которой можно спрятаться, человека, который может все, что это может приводить к снижению инициативности и ответственности со стороны людей.

Если уж строить классификацию, то стоит делать это наиболее полно и точно, поэтому мы с вами рассмотрим два подвида харизматического лидерства – мягкую и жесткую харизму.

Мягкая харизма характеризуется тем, что такого лидера любят, уважают, но не боятся. Он более склонен мотивировать и убеждать, нежели оказывать запугивающее воздействие. Как правило, с ним не боятся советоваться в сложных ситуациях, готовы обсуждать ошибки и промахи, к нему чаще обращаются за поддержкой в сложных личных ситуациях. Однако мягкий харизматический стиль может иметь такие минусы как снижение субординации больше, чем это рационально, ослабление дисциплины, некоторые элементы вседозволенности.

Жесткая харизма характеризуется как «страшное обаяние и пугающая сила». Человек, безусловно, привлекает к себе, иногда даже завораживает, но при этом и внушает определенный страх подчиненным. Плюсы и минусы будут диаметрально противоположны предыдущему случаю, поэтому не буду тратить ваше время на их перечисление.

Как и всегда, идеал – это универсальный вариант, то есть умение лидера использовать как мягкий, так и жесткий харизматический стиль. Есть те, кто это умеет, и это, думаю, самые успешные лидеры. Как правило, чередование жесткой и мягкой модели в «неправильной» пропорции производит очень сильное впечатление. Что я имею в виду, говоря о «неправильной» пропорции?

Чередование жесткости и мягкости должно быть не 50/50, а с преобладанием того или иного стиля (в зависимости от природной склонности человека и управленческой ситуации). Если большую часть времени лидер демонстрирует мягкую модель, то на этом фоне редкое проявление жесткости будет производить сильное и внушительное впечатление. Наоборот – при доминанте жесткого стиля проявленная иногда в особых случаях мягкость будет запоминаться, цениться и производить впечатление. Если вы увлекались чтением мемуаров, либо просто вспомните свою собственную жизнь и тех харизматичных людей, с которыми сталкивались, и проанализируете то, что я только что сказала, вы почти наверняка убедитесь в моей правоте. Когда же жесткость и мягкость чередуются в «правильной» последовательности и примерно одинаковой «дозе», ни то ни другое не производит должного впечатление.

Экспертное лидерство – лидерство, основанное, в первую очередь, на том, что руководителем становится лучший аналитик, эксперт, который может решить практически любую сложную проблему. Эксперт в данном случае это не лучший профессионал и никакой руководитель, а одновременно хороший специалист в своем деле и администратор, который может помочь решить любую проблему [4].

Оптимальный вариант – сочетание обеих моделей лидерства, умение чередовать их в зависимости от обстоятельств, типа задачи и типа сотрудника. Например, при взаимодействии с людьми в ходе профессионально сложных задач, требующих системного, сложного анализа, больше подходит экспертная модель лидерства. Также экспертная модель больше соответствует взаимодействию с подчиненными, для которых главное – профессиональная составляющая работы и в гораздо меньшей степени имеют значение взаимоотношения с людьми, личностные факторы. А что если задача требует прорыва, вдохновения, серьезного эмоционального заряда? Наверное, здесь больше пользы принесет харизматическая модель. То же самое будет верно и применительно к сотрудникам эмоционального типа, для которых важны отношения вообще и отношения с руководителем, в частности.

Харизматическая модель будет более актуальна в тех сферах деятельности, для которых коммуникативная компетентность, умение располагать людей к себе, влиять, создавать позитивное поле вокруг себя и тому подобные особенности, являются наиболее значимыми. К этой сфере можно однозначно отнести продажи, коммерческую и клиентскую деятельность, рекламу, в значительной степени – маркетинг, некоторые виды офисных работ.

Таким образом, можно сделать вывод о том, что вопрос о личностных компетенциях руководителя является неоднозначным и спорным. На первый план выходит проблема что оценивать (какие компетенции)? Традиционно оценка руководителей при аттестации осуществляется на основе создания моделей личности, как некоторые совокупности профессионально-деловых и личностных компетенций, наличие которых является необходимым для руководителя, занимающего должность.

Процедура оценки предполагает сопоставление личностных переменных, образующих своеобразную «идеальную модель», с личностными переменными, имеющими непосредственное отношение к оцениваемому. Степень их совпадения позволяет установить соответствие работника занимаемой должности.

Теоретическим основанием данного подхода служит предположение о наличии связи между личностными особенностями исполнителя и степенью успешности реализации или профессиональной роли. Одним из продуктивных подходов к решению поставленных проблем является определение профессионально необходимых компетенций на основе изучения требований к должности и в этом случае функциональная структура деятельности оцениваемого может служить основанием для определения необходимого перечня параметров оценки личности [5].

Список использованной литературы:

1. Бендас Т.В. Психология лидерства: Учебное пособие. — СПб.: Питер. — 2009. 260с.
2. Долгов, М.В. Командный менеджмент в России. Методы формирования и развития командных эффектов в организации / М.В. Долгов и др. // Управление персоналом, 2005. — №12.
3. Кудряшова Е. В. Лидер и лидерство: Исследования лидерства в современной западной общественно-политической мысли. — Архангельск, 1996. 185с.
4. Урбанович А. А. Психология управления. — Минск: Харвест.- 2005. 164с.
5. Пригожин А.И. Современная социология организаций. М., 1995. 296 с.

Урдабаева Л.Е.¹

¹*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАСТАР

Түйіндеме

Мақалада көшбасшы және көшбасшылық құзыреттіліктерді анықтауы және зерттеуінде заманауи көзқарастары қарастырылған, үйірімпаз және сараптық көшбасшылық модельдері негізделген.

Түйін сөздер: құзыреттіліктер, көшбасшылық, көшбасшылық моделі

Urdabaeva L.E¹

¹*A. Baitursynov Kostanay State University*

MODERN APPROACHES IN THE STUDY OF LEADERSHIP COMPETENCIES

Summary

The article is devoted to the modern approaches in the study and defining of leadership and leadership competencies. There are the justified models of charismatic and expert leadership.

Keywords: competencies, leadership, model of leadership.

Б.Д. Сыдықов ¹, А.И. Аляз ²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институты
Алматы қ., Қазақстан

²Сулейман Демирель университеті,
Қаскелең қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ НЕГІЗІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Функционалдық сауаттылықты дамытуға қажетті әдіснамалық ыңғайлар ұсынылады. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға дайындауда оқитудың технологиялық ыңғайы қолданылады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі теориялық қағидаларын және құрылымдарын негізге ала отырып функционалдық сауаттылықты дамытудың ерекшеліктері атап көрсетіледі.

Мектептік оқытудағы дамыту – бұл оқушының тұлғасын дамыту. Демек, егер біз логикалық ойлауды дамыту туралы айтатын болсақ, сөз тек логикалық сауаттылықты қалыптастыру туралы ғана емес, анағұрлым кең ұғым – оқушының логикалық мәдениетін дамыту туралы болады. Логикалық мәдениет барлық мектеп пәндерін оқып-үйрену үдерісінде қалыптасады, олардың әрқайсысы өз спецификасына байланысты өзінің белгілі бір үлесін қосады.

Түйін сөздер: болашақ мұғалімді кәсіби дайындау, құзыреттілік, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, логикалық ойлауды дамыту, әдіснамалық ыңғайлар, технологиялық ыңғай.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық, саяси өзгерістер, күннен – күнге үдеп келе жатқан интеграциялық үрдістер, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің артуы жоғары оқу орнын бітіретін мамандарға қойылатын талаптарды күшейтуде. Сондықтан да жоғары оқу орындарында уақыт талабына сай білім мен ғылымды игерген, сауатты да салауатты, шығармашыл, кәсіби құзыретті, функционалдық сауатты ақпараттық мәдениеті қалыптасқан мамандар дайындаудың қажеттілігі артауда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан – мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек», – деп білім саласынның алдына зор міндет жүктелген. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында экономиканың тұрақты дамуы үшін білімнің сапасын арттыру арқылы адами капиталды дамыту алға қойылып отыр.

Қоғамның ақпараттық даму жағдайында дайын технологияларды пайдалану деңгейі мен оларды жасау деңгейі арасында алшақтық байқалып тұрады, ол білім беру арқылы біліктілігі жоғары мамандарды даярлауды баяулатуға болмайтындығына талап қояды. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру басты назарда болуда.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте логикалық ойлау «дұрыс» ойлау ретінде анықталады, ол арқылы бізді қоршаған шындықтағы заттардың орнына толыққанды сай келетін ақиқатқа, ойлауға, қорытындыға қол жеткізіледі. Ойлаудың жетілу дәрежесі оның мазмұнының объективті шындық мазмұнына сәйкестік өлшемімен анықталады. Бастапқы берілудің нақтылығы кезінде ойдың логикалығы оның дұрыстығының және ақиқаттылығының кепілі болып табылады. Логикалық ойлаудың танымдық күші осында болып отыр.

Ақиқатқа қол жеткізу, көптеген зерттеуші-математиктер атап көрсеткендей, инсайт, арайландыру, елестету арқылы, яғни ойлаудың сезімдік компоненттерінің көмегімен жүзеге асырылады. Мы-

салы, Д.Пойа математиканы оқытудың негізгі міндетін былай анықтайды: «Әлбетте, дәлелдеуге оқып-үйренетін боламыз, бірақ сонымен қатар аңғаруды да оқып-үйренеміз» [1]. Сондықтан кейбір зерттеушілер, мысалы Л.Н. Удовенко логикалық ойлауды кеңінен түсінеді, яғни «формальды логиканың заңдары мен ережелері бойынша ойлау ретінде ғана емес, эвристиканы, сезімдік аңғарымпаздықты, арайлануды қамтитын продуктивті үдеріс ретінде де» түсінеді. Логикалық ойлаудың формальды-логикалық компоненттерін Л.Н. Удовенко оқушылардың оқыту үдерісінде қабылдайтын іскерліктерімен теңестіреді, ал іскерліктер мен қабілеттіліктердің арасында дәл шекара жоқ дей отырып, интуитивті компоненттерді қабілеттіліктермен байланыстырады [2].

Психологтар жасап ұсынған қабілеттер мен іскерлік ұғымдарын тұжырымдайық. «Қабілеттер – бұл білім, іскерлік, дағдыларды алудың табыстылығы тәуелді болатын, адамның психологиялық ерекшеліктері, бірақ өздері осы білім, дағды мен іскерліктердің барлығына келтірілмейді». «Іскерлік-белгілі бір әрекеттерді жақсы сапамен орындау және осы әрекеттерді қамтитын іс-әрекетті табысты атқару» [3].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, логикалық ойлауды шындыққа қол жеткізуге болатын, қорытынды нәтижелері бізді қоршаған болмыстағы заттардың орнына толығымен сай келетін, сезімдік болжамды, шығармашылықты қамтитын ойлау ретінде анықтаймыз.

«Даму» ұғымына толығырақ тоқталайық. «Даму – материяның ажырамайтын, маңызды атрибуты, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға шығу, қозғалу, өзгеру үдерісі; дамыту – бұл сандық өсу, арттыру ғана емес, ескіден жаңа сапалық жағдайға өту» [4].

Мектептік оқытудағы дамыту – бұл оқушының тұлғасын дамыту. Демек, егер біз логикалық ойлауды дамыту туралы айтатын болсақ, сөз тек логикалық сауаттылықты қалыптастыру туралы ғана емес, анағұрлым кең ұғым – оқушының логикалық мәдениетін дамыту туралы болады.

И.Л. Никольская жасап ұсынған логикалық сауаттылық ұғымы «әрбір адамға оның қызметінің түрінен тәуелсіз қажет болатын логикалық білімдер мен іскерліктің қандай да бір минимумы және орта білім алған әрқайсысында болуы ұйғарылады» [5]. Оның зерттеуінде математиканы және сыбайлас басқа пәндерді табысты игеру үшін оқушының ие болуы қажет ең аз логикалық білімдер мен іскерліктердің тізімі құрылған.

Оларды атап көрсетейік:

- таныс ұғымға анықтама беру іскерлігі (анықтаманың көмегімен қолданылатын сөздің мағынасын анықтау);
- классификациялау ережелерін білу;
- «және», «немесе», «емес» сөздерінің қызметін, дәл мағынасын және «сонда және тек сонда ғана», «егер, онда» сөз тіркестерін логикалық байланыс ретінде білу;
- сөйлемнің логикалық формасын, құрылымын ерекшелену іскерлігі;
- күрделі сөйлемдерді және кванторлармен берілген сөйлемдерді мақұлданған формада тұжырымдау іскерлігі;
- «тиісті», «тең, ұқсас» (логикалық), «қажет», «жеткілікті» (қажетті, жеткілікті шарт) сөздерінің мағынасын білу;
- пайымдаудың дұрыстығын тексеру, өрескел логикалық қатені табу іскерлігі;
- дәлелдеудің неғұрлым қолданыстағы тәсілдерін білу;
- «ең аз дегенде n», «n – нен кем емес (артық емес)», «n және тек қана n» түріндегі сөз тіркестерінің мағынасын және дұрыс қолдану дағдыларын түсіну.

Логикалық мәдениет барлық мектеп пәндерін оқып-үйрену үдерісінде қалыптасады, олардың әрқайсысы өз спецификасына байланысты өзінің белгілі бір үлесін қосады. «Логикалық мәдениет» ұғымына берілген кейбір анықтамаларды келтірейік. «Логикалық мәдениет – ойды айқын және сенімді формада өрнектеу және тек осы форма негізінде жаңа ой алу мүмкіндігін беретін ойлау дағдыларының жүйесі» [6].

Л.Н. Удовенко логикалық мәдениетті математикалық мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырады және оған «формальды-логикалық құраушылармен қатар, математикалық мәдениетке тән (елестету, итуция, болжау, эвристика) интуитивті (сезімдік) компоненттерді жатқызады» [2, 66]. Бұл ойды басқа авторлар да нақтылай түседі, мысалы, А.А. Ивин былай деп жазады: «Дегенмен формальды-логикалық теорияның көздейтіні – бұл тек қарапайым ойлау пәні ғана. Дұрыс ойлау өнері тек қана логикалық бірізділікті ғана емес, көптеген басқаларды ұйғарады. Ең алдымен, ақиқатқа ұмтылу, интеллектуалдық шындық, шығармашылық пен батылдық, сыни көзқарас және өзінің ақыл-ойына сыни қарау, оның тынымсыздығы және т.б.» [7].

Логикалық сауаттылық оқушылардың логикалық мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың қажетті шарты болып табылады, ал логикалық мәдениет логикалық ойлаудың жетілу дәрежесі, сапалық сипаттамасы болып табылады. Сонымен ойлау – бұл шығармашылық кесім болғандықтан (ол туралы жоғарыда айтылды), онда жоғарыда аталған авторлардың еңбектеріне сүйене отырып, біз «логикалық мәдениет» ұғымына формальды-логикалықтан басқа, интуитивті компоненттерді (елестету, қиялдау, интуиция, болжам, зеректік) жатқызамыз, бұларсыз шығармашылық мүмкін емес.

Мектеп математикасы логикалық мәдениетті дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие, себебі оны оқып-үйрену барысында білімдірі игеру мен осы білімдерді меңгеруде ойлаудың логикалық тәсілдерін игеру органикалық бірлікте жүзеге асуы мүмкін. А.М. Фридман атап көрсеткендей, «ойлау логикасы адамға туа бітпеген, яғни тумысынан берілмеген, оны ол өмір сүру үдерісінде оқу арқылы игереді. Математикаға оқытудың ролі бұл жерде, оқушыларда логикалық ойлауды тәрбиелеуде орасан зор, себебі математика басқа пәндерге қарағанда, қолданбалы логика деп аталуы мүмкін. Математикада оқушы үлкен толықтықпен, ең жарқын түрде қарапайым логиканың барлық негізгі заңдарының әрекетін көруі мүмкін» [8].

Мектептегі оқыту барысында оқушылар логикалық сауаттылық элементтерімен 7 сыныпта кездеседі. Атап айтқанда, оларға дәлелдемелік пайымдаулармен молайтылған геометрияның жүйелі курсы оқытылады.

Кіші сыныптардағы математика курсы оқушылардың белсенді ойлау іс-әрекеттері үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Дегенмен, бұл мүмкіндіктер өздігінен жүзеге асырылмайды. Оларды іске асыру көбінесе мұғалім жұмысының әдістері мен тәсілдерінен тәуелді болады, яғни оқушылардың іс-әрекеттерін математикалық білімдерді игеруге, функционалдық сауаттылығын дамытуға оның қалай бағыттайтындығында болып табылады.

Бұл қайшылықты шешу үшін педагогика ғылымы мен оқыту теориясынан терең ойластырылған, дербес білім беру міндеттерін шешуге бағытталған жаңа инновациялық білім беру технологияларын құру қажет болады. Болашақ маманның функционалдық сауаттылығы мәселесін философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарастыра отырып, олардағы келтірілетін ой-қорытындылар мен тұжырымдар біздің зерттеуімізде әдіснамалық қызмет атқарады. Философиялық зерттеулерде өзін-өзі дамыту адамды жетілдіру тұрғысынан қарастырылса, психологиялық зерттеулерде тұлғаның белсенділігі, әрекет теориясы тұрғысынан зерттелінеді, ал педагогикалық талдаулар болашақ маманның кәсіби дамуы тұрғысынан талқыланады.

Адамның өзін-өзі дамытуға деген қажеттілігі мен қабілеті белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу барысында жеке тұлғасында сапалық өзгерістер орын алған кезде оңай әрі тез айқындалып, жүзеге асады. Екіншіден, адам белгілі бір бағыттағы саналы іс әрекетке ұмтылып, табанды еңбек етуі барысында өзі үшін жаңа қасиеттерді дамыта алады. Бұл ретте белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға деген ұмтылыс өзін-өзі дамыту қажеттілігінің және оған даярлығының көрсеткіші болып табылады. Бұл айтылғандар толығымен біз талқылап отырған болашақ мұғалімнің функционалдық сауаттылығы мәселесіне де қатысты деп санаймыз.

Осы айтылған пікірлер «Функционалдық сауаттылықты дамыту» ұғымының өзіне тән сипаттамалары туралы: біріншіден, ол жеке тұлғаның педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық, философиялық, т.б. сияқты жан-жақты үрдістері болып табылатындығы, екіншіден, бұл үрдістер негізінен жасампаздық мәнге ие екендігі, үшіншіден, олардың жеке тұлғаның барлық өрістерін қамтитын, қарама-қайшылыққа толы сандық және сапалық өлшемдері болатындығы жайында қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың мәнін біздің ойымызша, тұлғаның «дамуы» мен оның «өзін-өзі дамытуы» ұғымдарымен байланыста қарастырылуы тиіс. «Психологиялық» сөздікте «даму» мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып сапалық өзгерістерге айналуы делінсе, «тұлғаның дамуы» ұғымы жеке адамның әлеуметтенуі мен тәрбиесі нәтижесінде әлеуметтік қасиеті ретінде жеке тұлғаның қалыптасу үрдісі деп түсіндіріледі. Осы үрдістің барысында қалыптасатын қабілеттер мен қызметтер жеке тұлғаның бойында тарихи қалыптасқан адами қасиеттерді қайта жаңғыртады.

«Даму» – жаңару үрдісі. Жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаға сәйкес. Демек жаңаның пайда болуы мен даму тікелей байланысты. Барлық табиғат құбылыстары сияқты табиғат туындысы адам да диалектикалық жолмен дамып, бір деңгейден екінші деңгейге ауысып, өзгеріп отырады. Дамудың барлық түрі – қозғалыс, алайда қозғалыстың барлығы бірдей даму бола

бермейді. Тек сапалық өзгерістерді қамтамасыз ететін, кері қайтпайтын сипаты бар қозғалысты даму деп айтуға болады.

Философиялық әдебиеттерде дамудың үш типі қарастырылады: прогрессивті, регрессивті және бір жазықтағы даму. Прогрессивті даму – қарапайымнан күрделіге қарай, төменнен жоғарыға қарай шығу, ескірген сапалық жағдайдан жаңаға қарай қозғалыс, жаңару үрдісі. Бұл даму үстіндегі жүйенің одан да жоғары деңгейге көтерілуі. Жоғарғы деңгей төменгімен салыстырғанда күрделі, жетілген, мазмұны жағынан бай. Жоғарылықтың тағы да бір даусыз критерийі төменгі деңгейдің сол жоғарының ішінде болуында.

Даму үрдісінің күрделілігі, қарама-қайшылықтылығы мен спираль түріндегі құбылыс болуы, мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің жетілуін оның өзінің алға қарай жылжуын өзі дайындайтын үрдіс деп қарауға мүмкіндік береді және «өзін-өзі алға ілгерілету» – «функционалдық сауаттылығын дамыту» ұғымына сәйкес келеді. Өзін – өзі ілгерілетуде сыртқы әсерлер аралық роль атқарады. Тұлғаның функционалдық сауаттылығы өзін-өзі ілгерілетуден сапалық сипатымен ерекшеленеді және ол ұйымдастырудың жоғары деңгейге өтуімен қатар жүреді.

Жеке тұлғаның дамуы осы жеке тұлғаға тән түрткілер жүйесі басқаратын іс-әрекетте жүзеге асады. Мұнда даму белгісі ретінде сапалық және сандық нәтижелерде көрінетін өзгерістері алынады. Әдетте өзгерістер жеке тұлғаның әртүрлі өрістерін қамтиды. Дегенмен, әрбір жеке тұлға үшін бұл өзгерістердің орын алуы, белсенділік танытуы жағынан жеке-дара болып келеді.

Даму мен өзін-өзі дамыту бір-бірінің қайнар көзі бола тұра, бірін-бірі байыта түседі. Өзін-өзі дамыту жеке тұлғаны билеп алып, өз нәтижелерінің белгілі бір деңгейіне қол жеткізе отырып, оқу мен тәрбие ықпалымен одан әрі дамудың ең жақсы немесе ең жаман алғышарттарын жасайды. Егер оқу мен тәрбие дамудан айтарлықтай озып, ең жақын даму өрісінде болса, олардың дамытпалы нәтижесі болатыны белгілі.

Бұдан шығатын қорытынды: өзін-өзі дамыту – жеке тұлғаның бойында қайта қалпына келмейтін сапалық өзгерістердің оның өз еркіне байланысты орын алуы және жеке тұлғаның өз дамуына өзі жауап беруі. Бірақ бұл бірден жүзеге аспайды, ол жеке адамның дамуының белгілі бір кезеңінде орын алады. Баланың баршаға таныс «Мен өзім» деген сөзі өзін-өзі дамытудың бастауы болып табылады. Бірақ өзін-өзі дамыту қажеттілігінің жеке тұлғаның тұрақты қасиетіне айналуы үшін біршама уақыт қажет.

Жеке тұлғаның қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде оның белсенділігі қарым-қатынас барысында кәсіби іскерліктерді қабылдауға даярлығы түрінде көрінеді. Бірақ өсе келе бұл даярлық өз мінез-құлқын өз бетінше реттей алатын жеке тұлғаның өзіндік санасының даму қарқынына байланысты өзгеріске ұшырайды. Функционалдық сауаттылығын дамыту үрдісі жеке тұлға өз алдына мұндай міндет қоймаған кезде де аяқ астында пайда болуы мүмкін. Оны жеке тұлғаның даму үрдісі дайындағандықтан, сол үрдістің қажетті кезеңі болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту – адамның ішкі дүниесінің өзгеріске ұшырауы. Бұл адамның өмір сүруі барысында, өз жеке тұлғасын айқындап, оның негізін қалап, өз болмысының мәнін түсіну арқасында жүзеге асады. Оған білім алу, басқа да танымдық әрекетпен айналысу сияқты сыртқы факторлар әсер етеді. Орта арнайы білімнің өзіндік жауапкершілігі бар іс-әрекет ретінде жеке тұлғалық қабылдау білім негізінде өзіндік негізін қалауға, кәсіби құзыреттілікке бағытталуы кәсіби мамандарды шығарудың шарты болып табылады.

Функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы жеке тұлға өз қабілетін жүзеге асырып, өзін-өзінің психикалық сапаларын жетілдіреді, соның нәтижесінде өзі өмір сүретін қоғамдастықтың өзіндік дамуына ықпал етіп, қоғамның мәдени-тарихи дамуына өз үлесін қосады. Сондықтан заманауи қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде жас маманның жеке тұлғасының өзін-өзі дамытуының мәні аса зор. Педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби құзыреттілігінің дамуы жағдайында оқуға және өз бетінше жұмыс істеуге деген қабілеттерін қалыптастыру мен оны әрдайым жетілдіру міндеті әрқашан өзекті міндет болып қала береді.

Жеке тұлғаның қалыптасу үрдісі оны қоршаған сан алуан әлеуметтік қатынастарында жүзеге асатындығы белгілі. Бұл қалыптасу ережелерін қоғам белгілеп қойса да, жеке адамның өз ойын білдіру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі таныту, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі көрсету қабілетінің маңызы зор. Ал өзін-өзі дамыту дегеніміз – жеке тұлғаның ішкі белсенділігі арқасында орын алған даму.

Функционалдық сауаттылық – қолданбалы білімдерге негізделі отырып іс-әрекеттің әр түрлі салаларында өмірлік маңызды стандартты есептерді шешу қабілетін сипаттайды. Шындығында шешілетін мәселелер заманауи әлеуметтік практиканың барлық негізгі бағыттарын қамтуы тиіс (оқыту, қарым-қатынас пен демалыс, табиғат пен әлеуметтік ортамен, әртүрлі әлеуметтік инсти-

туттармен және қоғамдық, саяси бірлестіктермен өзара әрекеттесу). Бірқатар зерттеушілердің пікірлері бойынша функционалдық сауаттылықтың көріну аймағы – бұл күнделікті өмірде тұлға қатыстырылатын іс-әрекеттердің барлық түрлерін қамтиды. Бұлар оқу-танымдық, құндылықтарға бағдарланған, коммуникативті түрленуші (пәндік практикалық) көркемдік, ойын іс-әрекеттері болып табылады.

Н.А. Назарова [9] болашақ мұғалімдердің функционалдық сауаттылығының құрылымында келесі компоненттерді атап көрсетеді:

- 1) Когнитивті компонент (қолданбалы білімдер);
- 2) Іс-әрекеттік компонент (пәндік репродуктивті және продуктивті-шығармашылық іскерліктер мен дағдылар);
- 3) Тұлғалық компонент (тұлғаның сапалық белгілері);
- 4) Кәсіби-педагогикалық компонент (кәсіби-педагогикалық іскерліктер).

Болашақ мұғалімдердің функционалдық сауаттылығын дамытуда әдіснамалық бағдар ретінде жүйелік, тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілік, аксиологиялық және интегративті ыңғайлар таңдалады. Функционалдық сауаттылық оқу-танымдық іс-әрекет үдерісінде қалыптасады, оның нәтижесі оқу-танымдық құралдар – пәндік және жалпы білімдер мен іскерліктер болып табылады. Бұл кезде функционалдық сауаттылықтың мазмұндық іс-әрекеттік және қажетті мотивациялық құраушыларын анықтайтын жалпы білімдер мен іскерліктер (ақпараттық, интеллектуалдық, ұйымдастырушылық, коммуникативті) игеріледі.

Сонымен әрбір адам (тұлға) өз өмірін арнайтын іс-әрекет саласынан тәуелсіз, күнделікті өмір жағдайында айналадағы әлеуметтік орта жағдайында толыққанды бейімделуге қабілетті болса, оны комфортты (жақсы) өмір күтеді деп айта аламыз.

Елімізде ұсынылып отырған [10,76б.] монографиялық зерттеуде әлеуметтік субъектінің функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылады. Осы заманғы сауаттылық мәселесіне тоқталып, «функционалдық сауаттылық» ұғымының мәні ашып көрсетіледі, теория мен практикадағы оның мазмұнының эволюциясы сипатталады, онымен қатар функционалдық сауаттылық әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде және тұлғаның әртүрлі өмірлік іс-әрекеттер ауқымында көріну деңгейлеріне талдау жасалған, мұғалімнің функционалдық сауаттылығы құрылымының құрамдас бөліктері ретінде: мотивациялық, когнитивті, іс-әрекеттік және рэфлексивті компоненттер айқындалған.

Сонымен қатар мұғалімнің функционалдық сауаттылығын дамыту әдіснамасы, қалыптастырудың деңгейлері, критерийлері, көрсеткіштері мен оны дамытудың педагогикалық шарттары, сондай ақ ақпараттық қоғамда ақпараттық мәдениеттің мұғалімнің функционалдық сауаттылығына тигізетін әсері негізделеді. Мұғалімнің сауаттылығын дамытуға қажетті негізгі әдіснамалық ыңғайлар ұсынылады [10, 80 б.]:

- 1) жүйелік ыңғай, ол мұғалімнің функционалдық сауаттылығын дамытуды құрамдас элементтердің жиынтығынан тұратын жүйе ретінде зерттеу мүмкіндігін береді;
- 2) тұлғаға бағдарланған ыңғай, мұғалімнің функционалдық сауаттылығын дамытуды оның тұлғалық дамуының шарты ретінде түсінумен және іс-әрекеттің дара шығармашылық табиғатын айқындаумен сипатталады.
- 3) *құзыреттілік ыңғай*, бұл мұғалімнің функционалдық сауаттылығын дамытуды, сауатты адам болу үшін қажетті құзыреттіліктерді дамыту үдерісі ретінде қарастырумен байланысты;
- 4) *аксиологиялық ыңғай*, бұл мұғалімнің функционалдық сауаттылығын дамыту үшін құндылық бағдарларды қалыптастыруды қарастыру мүмкіндігін береді;
- 5) *интегративті*, мұғалімнің функционалдық сауаттылығының барлық элементтерін интеграциялауды ұсынады.

Болашақ мұғалімдерді оқушылардың функционалдық сауаттылығын ақпараттық-коммуникациялық технологияларнегізінде дамытуға дайындауда біз технологиялық ыңғайға сүйенеміз. Себебі технологиялық ыңғай оқыту үдерісін аспаптық тұрғыда дәл басқару мүмкіндігін ұсынады және алға қойылған мақсаттарға жетуге кепілдік береді, өйткені технологиялық ыңғай әлеуметтік-педагогикалық үдерісті тұжырымдамалық және жобалық игеру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, яғни технологиялық ыңғай:

- кең ауқымдылықпен педагогикалық үдерісті басқару және оның нәтижелерін болжау;
- адамға келеңсіз жағдайлардың тигізетін әсерін азайту;
- қолда бар ресурстарды ұтымды қолдану;

- пайда болатын элеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешу үшін неғұрылым тиімділерін таңдау және жаңа технологиялар мен модельдерді жасау мүмкіндігін береді [10,172б.].

Атап айтқанда [17,18,19] еңбектерге сүйене отырып болашақ мұғалімдерді оқушылардың функционалдық сауаттылығын логикалық ойлауын дамыту негізінде қалыптастыруға дайындау келесі ыңғайлар арқылы қарастыру қажеттігіне көз жеткіздік. Олар: жүйелік, ресурстық, құзыреттілік, іс-әрекет, тұлғаға-бағдарланған, рефлексивті, функционалдық және технологиялық.

Оқушылардың логикалық ойлауларын дамытудың негізгі теориялық қағидаларын және құрылымдарын негізге ала отырып функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

- 1) функционалдық сауаттылықтың түрін анықтау;
- 2) функционалдық сауаттылық қалыптастырылатын базалық пәнді таңдау;
- 3) функционалдық сауаттылықтың мазмұнын толықтыру;
- 4) оқу бағдарламасының тақырыптарын, бөлімдерін ерекшелеу;
- 5) оқулықтарды, оқу құралдарын және т.б. оқу материалдарын таңдау;
- 6) функционалдық сауаттылықтың осы таңдалған түрін дамыту үшін неғұрлым ұтымды тәсілдерді анықтау;
- 7) таңдап алынған көрсеткіштердің критерийлері негізінде білімгердің функционалдық сауаттылығын бағалау;
- 8) білімгердің тұлғалық жетістіктерін өзін-өзі бағлау анкетасының, бақылау күнделігінің, тұлғалық сапалардың қалыптасуын анықтайтын аналитикалық карта және т.б. көмегімен бағалау.

Болашақ мұғалімдерді оқушылардың функционалдық сауаттылығын логикалық ойлауларын дамыту негізінде қалыптастыруға дайындау арқылы тұлғаның өзіндік дамуына, білімдік және танымдық әрекеттеріне ықпал ету, өзара адамгершілік құндылықтары мен өзіндік бағдарын таңдауға мүмкіндік жасау идеялары алынатындығы белгілі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пойа Д. Математика и правдоподобные рассуждения: Пер. с англ. – М.: Наука, 1975 – 464 с.
2. Удовенко Л.Н. Развитие логической культуры учащихся 5-6 классов средствами логического конструирования при обучении математике: Дис. ... канд. пед. наук. – М., 1996 – 236 с.
3. Общая психология. Учебник для студ. пед. ин-тов. Под ред. проф. А.В. Петровского – М.: Просвещение, 1977 – 479 с.
4. Немов Р.С. Психология: Учеб. для студ. высш.пед.учеб. заведений: В 3 кн. Кн. 1. Общие основы психологии. – М.: Владос, 1998 – 688 с.
5. Никольская И.Л. Привитие логической грамотности при обучении математике: Дис. ... канд. пед. наук – М.: 1973 – 189 с.
6. Брюшкин В.Н. Практический курс логики для гуманитариев. Учебное пособие. – М.: Новая школа, 1996 – 320 с.
7. Ивин А.А. Искусство правильно мыслить: Кн. Для учащихся. – М.: Просвещение, 1990 – 240 с.
8. Фридман Л.М. Логико-психологический анализ школьных учебных задач – М.: педагогика, 1977 – 208 с.
9. Назарова Н.А. Развитие функциональной грамотности студентов педагогического вуза в условиях гуманитаризации образовательного процесса: Автореф. дис. канд. наук. – Омск, 2007. -24 с.
10. Караев Ж.А., Баймуханов Б., Ахмедова Р.Б. Профессиональная компетентность учителя по формированию функциональной грамотности учащихся. – Алматы, 2013. 204с.

Б.Д. Сыдыхов¹, А.И. Аляз²

¹ Института математики, физики и информатики при КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

² Университет Сулейман Демиреля,
г. Каскелен, Қазақстан

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К ФОРМИРОВАНИЮ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА ОСНОВЕ РАЗВИТИИ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ

Резюме

Особенности развитие функциональной грамотности учащихся в данной работе рассматривается как составная часть профессиональной компетентности будущего учителя. Предложены методологические подходы

развития функциональной грамотности. При подготовке будущего учителя для развития функциональной грамотности учащихся применяется технологический подход обучения. На основе структуры функциональной грамотности и основных теоретических положений ее формирования выделены особенности развития функциональной грамотности.

Развитие школьного образования – это развитие личности ученика. Следовательно, если говорить о развитии логического мышления, то речь идет не только о логической грамотности, но и о более широкой концепции развития логической культуры учащегося. Логическая культура формируется в процессе изучения всех школьных предметов, каждая из которых добавляет определенный вес к ее специфике.

Ключевые слова: профессиональная подготовка будущего учителя, компетенция, развития функциональной грамотности учащихся, методологические подходы, технологический подход.

B.D. Sydykhov¹, A.I. Alyaz²

*¹Institute of Mathematics, Physics and Informatics at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

*²Suleyman Demirel University,
Kaskelen, Kazakhstan*

FEATURES OF THE PREPARATION OF FUTURE TEACHERS FOR THE FORMATION OF FUNCTIONAL LITERACY BASED ON THE DEVELOPMENT OF LOGICAL THINKING OF STUDENTS

Abstract

The functional literacy of school students is considered in this paper as an element of professional competence of future teacher. Also the methodical approaches of the development of functional literacy are proposed in this paper. For preparing future teachers used the technological approach of teaching favoring the development of functional literacy-based information systems. On the base of structure and main theoretical regulations its formation were singled out the features of the development of functional literacy.

The development of school education is the development of a student's personality. Consequently, if we talk about the development of logical thinking, the word is not only about the logical literacy, but also the broader concept of developing a logical culture of the student. Logical culture is formed in the process of studying all school subjects, each of which adds a certain amount to its specificity.

Keywords: professional training of future teacher, competence, development of functional literacy school students, methodical approach, technological approach.

МРНТИ 15.21.51

Б.Д. Жигитбекова¹, С.Канаева²

*^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

ТОПТЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕГІ ПСИХОГИМНАСТИКАНЫҢ ОРНЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

Түйіндеме

Бұл мақалада психогимнастиканың ролі туралы айтылады. Тренингтік топтың жұмысы барысында әр уақытта екі жақты, екі жоспар: мазмұндылық пен жекешілдік көрініс тауып отырады. Мазмұндылық жоспар тренингтің негізгі мазмұндылық мақсатына сәйкес болады. Ол әсер ету нысанының ие болып келуіне: қабілеттіліктер, когнитивті құрылымдар, белгілеулерге – сондай-ақ тренингтің бағдарламасына қарай өзгеріп отырады, мысалы мазмұны кретивтік тренингте, әріптестік қатынас тренингінде немесе іскерлік келіссөздерді жүргізудің мазмұндары әр түрлі, бірақ әсер ету нысанының деңгейі бірдей – яғни, белгілеулер мен қабілеттілік болмақ.

Жекешілдік жоспар – мазмұндық жоспардағы әрекеттер және топтың әр мүшесінің жағдайы жеке-жеке көрініс табатын жалпы топтық қалып (тренингтің кейбір түрлерінде мүшелерінің бұл жағдайы мен қарым-қатынасы топ жұмысының жалпы мазмұнына айналады).

Психогимнастикалық жаттығулардың нәтижесінде жалпы топта және оның әрбір мүшесінің жағдайында өзгерістер байқалуы мүмкін. Сондай-ақ талқылау мен сезінуді қажет ететін деректер алуға болады, ол деректерді талқылау мазмұндылық жоспарды ілгерлетуге септігін тигізуі мүмкін.

Түйін сөздер: «психогимнастика» түсінігі, психогимнастикалық жаттығулар, тренингтік топ, оқиғалы-рөлдік ойын, әлеуметтік-психологиялық тренинг.

Тренингтің түрімен байланыссыз топтық жұмыс жұмысқа қабілеттілікті арттыру жағдайын қалыптастыру кезеңінен басталады, оның негізгі мақсаты – жұмыстың мазмұндылық бөліміне ауысуға мүмкіндік беретін топтық жағдай, топтың әр мүшесінің арасында жылылық қарым-қатынас орнату болмақ. Бұл кезең кез-келген қарым-қатынас, бірлескен әрекеттердің бастамасындағы байланыс орнату кезеңімен сәйкес келеді. Тренингтік топтың жұмысында жылылық қатынас орнатуға қажетті негізгі шарт топ мүшелерінің эмоционалды еркіндігі, ашықтығы, бірі-біріне деген достастық сезімі, жаттықтырушыға және бір-біріне сенімділігі.

Тренингтік топ жұмысының осы кезеңінде орындалатын дәстүрлі іс-әрекеттермен қатар (топ мүшелерінің танысуы немесе бір-бірімен таныс болған жағдайда топпен көрісу, алдағы жұмысқа байланысты, дәріске келген адамдардың бойындағы сенімсіздік пен қорқыныш сезіміне пікірін білдіру, өзіндік пікір білдірудің түрін талдау), әртүрлі психологиялық жаттығулар пайдалануға болады. Топтың жұмысқа қабілеттілігін арттырудың мақсаты ерекше, жұмысты бастау мен оның шешіміне біршама уақыт жұмсалады. Алайда, бұл мақсат жұмыстың басқа да кезеңдерінде де маңызды: тәуліктің бірінші жартысында және шағын үзілістерден кейін, жұмысқа қабілеттілігін жұмылдыруға, назардың деңгейін арттыруға, шаршағанды төмендетуге, эмоциялы жігер беруге бағытталған және т.б. жаттығулар жасау керек болады.

Тренингтік топтың жұмысы барысында әр уақытта екі жақ, екі жоспар: мазмұндылық пен жеке-шілдік көрініс тауып отырады. Мазмұндылық жоспар тренингтің негізгі мазмұндылық мақсатына сәйкес болады. Ол әсер ету нысанының не болып келуіне: қабілеттіліктер, когнитивті құрылымдар, белгілеулерге – сондай-ақ тренингтің бағдарламасына қарай өзгеріп отырады, мысалы мазмұны кретивтік тренингте, әріптестік қатынас тренингінде немесе іскерлік келіссөздерді жүргізудің мазмұндары әр түрлі, бірақ әсер ету нысанының деңгейі бірдей – яғни, белгілеулер мен қабілеттілік болмақ.

Жеке-шілдік жоспар – мазмұндық жоспардағы әрекеттер және топтың әр мүшесінің жағдайы жеке-жеке көрініс табатын жалпы топтық қалып (тренингтің кейбір түрлерінде мүшелерінің бұл жағдайы мен қарым-қатынасы топ жұмысының жалпы мазмұнына айналады).

Психогимнастикалық жаттығулардың нәтижесінде жалпы топта және оның әрбір мүшесінің жағдайында өзгерістер байқалуы мүмкін. Сондай-ақ талқылау мен сезінуді қажет ететін деректер алуға болады, ол деректерді талқылау мазмұндылық жоспарды ілгерлетуге септігін тигізуі мүмкін.

Біз «психогимнастика» түсінігінің шартты атау екендігін байқап отырмыз. Бұл түсінікпен өте кең ауқымдағы жаттығулар топтамасын атайды: жазбаша және ауызша, вербальді және вербальді емес жаттығулар. Оларды 2-3 адамнан құралатын шағын топтарда немесе топтың барлық мүшелерін қатыстыру арқылы өткізуге болады. Қандайда бір арнайы психикалық мінездемеге, мысалы жадын немесе назарға тікелей бағытталған жаттығулар бола алады. Мұндай жаттығулар әртүрлі деңгейдегі психикалық бейнелердің бір мәселесін, бір уайымын бірдей сезінуге жетелейді. Мысалы, топ мүшелеріне қандайда бір жағдайды вербальді түрде кезекпен бейнелеп беруді, яғни жазбаша және ауызша, одан кейін суретін салып, содан кейін қимыл-әрекетпен көрсетулерін ұсынуға болады. Нәтижесінде, сезінудің мүмкіндіктері кеңейеді, бір мәселені қабылдаудың жаңа қырлары ашылады. Сондай-ақ тренинг барысында бір мазмұнда әр түрлі психогимнастикалық жаттығуларды пайдаланғанда, мысалы қозғалмалы сурет салуы мүмкін және т.б., жоғарыда аталған нәтижелер көрініс беруі мүмкін.

Кейде психогимнастикалық жаттығулар деп тек жалпы топтың және оның әр мүшесінің жеке жағдайын өзгертуді мақсат еткен жаттығуларды ғана атайды. Бұл орынды екенін мойындай отырып, біз тренингтің мазмұндылық мақсатына сәйкес келетін тәжірибе жинақтауға бағытталған жаттығуларды да «психогимнастикалық» деп атаймыз. Бұл жерде біз, тренингте мазмұндылықтан басқа жаттығуларды пайдалануды қолдамаймыз. Мысалы, топ мүшелері шаршаған кезде және оларға эмоциялық күш қажет болған сәтте дене шынықтыру жаттығуларын жасауға болады (бұл жұмыстың бір түрі). Сондай-ақ, топ мүшелеріне орындарынан қозғалмай, «бір» деген санақ кезінде қандайда бір қимыл-әрекет жасауды ұсынуға болады. Барлығы бірдей қимыл-әрекет жасағанға дейін,

әрбір келесі санақта қимыл-әрекеттерді өзгертіп тұру тиіс. Мұндай жаттығулардың нәтижесінде, бір жағынан топтың белсенділігі артады, шаршағандығы тарқайды, көңіл-күйі көтеріледі, ал екінші жағынан – топ мүшелері ортақ шешімге қалай жеткендігі және әрқайсысы қандай жол ұстанғанын талқылау арқылы тәжірибе жинақтауға болады. Талқылаулар кезінде туындаған ойлар әріптестік қатынас, іскерлік келісімдер және т.б. тренингтерде пайдалы болмақ.

Оқытуларды жоспарлау кезінде, сонымен қатар, психогимнастикалық жаттығуларды өткізу барысында бірқатар сәттерді ескеру қажет. Олар жаттығуларды дұрыс таңдау, оларды орындау алдында топқа нұсқау беру, дер кезінде тоқтау және нәтижелерді талқылау. Осы мәселелердің әрқайсысына жеке тоқталып өтейік.

Негізгі әдістерінен басқа, қосымша ретінде қолданылатын жұмыс тәсілдерінің тобы бар. Мұндай қосымша (көмекші) әдістерге көптеген мамандар негізінен психогимнастикалық ойындарды жатқызады, олар шартты түрде келесі топтарға бөлінген:

- мақсаты сәйкес эмоциялық жағдай қалыптастыру арқылы қатысушыларды ары қарай жұмысқа мотивациялау мақсатына ие *бой жазушы (бой қыздырушы)*;

- қалыптасқан шиеліністі жағдайды ширату және шаршағандықты тарқату үшін қолданылатын *ширатушы*

Аталмыш салаға қатысты отандық белгілі мамандардың бірі М.Р. Битянова келесіге назар аударады:

«...ЭПТ «тірі денесінде», нақты тақырыптар және топтық динамикасымен жұмыстардан басқа, тағы бір элемент – *психогимнастикалық жаттығулар* бар. Қатынас тренингінде олар көп жағдайда бағынышты рөл атқарады. Топты қалыпты қолдау үшін бір тақырыптан екіншісіне ауысу кезеңінде ширату ретінде қолданылады. Әдетте, психогимнастикалар ширату кезінде жиі қолданылады. Алайда, ЭПТ оған басымдылық танытпайтындығын тағы да айтып өтеміз. Әрі психогимнастикалық жаттығуларды таңдауда жауапкершілік таныту қажет. Өйткені олардың көбінен төтенше энергияға толы немесе керісінше кейін топ дағдыларды игеруге ауысуына кедергі тудыруы мүмкін өте ауқымды топтық энергия бөлінеді.» [1].

Отандық танымал психолог Д.Б. Эльконин рөлдік ойындардың және оның формаларын игерудің тарихи пайда болуы жөніндегі болжамның алғашқы құрастырушысы болған. Ойындық мінез-құлықтың бұған дейін болған тұжырымдамаларынан өзгешелігі, оның психологиялық ойындарды зерттеуге арналған кітабының басты идеясы. Ойын өзінің жаратылысы бойынша әлеуметті деген ой болды. Бүгінде отандық көптеген авторлардың тренингтік бағдарламалары осы тұжырымдамаға сүйенеді. Нақтырақ айтсақ, М.Р. Битянова, ойын- бұл «тірі» іс-әрекет деп жазады. Мұндай контексте автор, ойын үйретпейді. Ойын адамды басқа әлемдер мен қарым-қатынастар ойына шомылдыра отырып, ой-өрісін кеңейтетіндігін, оларды ойында тудыру, таңдау, құрастыру тәжірибесін беретіндігін атап өтеді. Сонымен бірге, ойындық іс-әрекет және одан жинақтаған тәжірибе өмірде жүзеге асу үшін жеке жұмыс қажет етілетіндігі де айтылады. Автор ойын адам бойында ұзақ уақыт бойында «жетілетіндігіне» назар аударады. Ойынды оқытумен салыстыра отырып, автор ойын оқытпайды, ол адамды тұтастай, баурап алатын бүтіндей іс-әрекет сияқты өзгертеді [2] деген қортындыға келеді.

Бұл контексте тренинг және ойындағы ортақтылық және ерекшелік бақыланады. Нақтырақ айтсақ, автор келесіні атап көрсетеді:

- Тренинг- іс-әрекеттік оқыту, табиғаты ұстанымды түрде тұтастай;
- Тренингте тоқтау, рефлексия, алынған мен түсініксізге қайтып оралу, қайталау, даярлық қарастырылады;

- Кейде жақсы аяқталған тренинг нәтижесінде, адамның ойында тұтастық және аяқталғандық болады. Тренинг адам өмірінің біртұтас үзіндісіне айналады (тренинг –бұл «шағын өмір»).

Сонымен бірге автор тренингте оқыту міндеті ашық қойылатындығын атап өтеді. Бұл жерде ол тренингке И.Вачков және С.Дерябо берген: «Тренингтің мақсаты клиентпен қандай да бір іс-әрекетті игеру болып табылады... Адам бір нәрсені жүзеге асыра алуға қабілеті болу үшін не қажет? Әлбетте ол: 1) қалай жүзеге асыру қажеттігін білуі; 2) оны жүзеге асыруды қалауы 3) оны жүзеге асыра алуы қажет» – деген анықтамамен келіседі. [2].

Отандық басқа мамандар ойындық өзара әрекеттестіктің мүмкіндіктеріне арналған еңбектерінде, ауқымды шолу және талдау жасайды. Адамдардың өміріндегі ойынның маңызды орны оның негізгі белгілері, ойын мен мәдениеттің өзара байланысы екендігін көрсетеді. Бұл жерде, ойын адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің ең табиғи түрі екендігін атап көрсетеді. Нақ осы ойында жеке адам еркін, екпінді және үйлесімді жетіледі. Олар сол себепті әр түрлі деңгейдегі адамдармен: бала-

лармен, ата-аналармен, студенттермен, мамандармен, жетекшілермен және т.с.с. жаттықтырушылық іс-әрекеттің негізгі құралы ретінде ойынды пайдалануға болады деп санайды.

Ойынның негізгі қызметтерін көрсете отырып, аталмыш тәсілдің авторлары, ойын жеке адамды әулеттендіреді, жетілдіреді және сауықтырады. Ол мәдениетті және барша әлемді бір орнында қозғалыссыз болмауына жол бермеуге бағытталған белсенді бастапқы және тарихтың дамуының себепкері екендігіне айырықша көңіл бөледі.

Теориялық талдаудың және нақты тәжірибе негізінде аталмыш еңбектің авторлары ойынның көмегімен топтың көптеген психологиялық-педагогикалық мәселелерін шешуге болады. Оның қатысушыларына қиындықтар мен кедергілерді жеңу, өзін түсінуге, мінез-құлықтың адекватты тәсілдерін қалыптастыруға көмектесу мүмкін деп пайымдайды. Сонымен бірге әрбір жас маманның немесе болашақтағы маманның алдында өзінің ойнай алуын үйрену міндеті тұратындығына ерекше көңіл аударылады.

Ойынның ішкі психологиялық-педагогикалық механизмдерін ашу үшін, авторлар «қыртысы» көрінетін айсберг бейнесін пайдалануды ұсынады.

1. **Функциональды – ойындық өзара әрекеттестіктің** «ең беткі қабатында жатқан», «ойын айсбергіннің шыңы», қатысушыларға да байқалатын, ең жоғарғы қыртысы. Бұл – кімнің қалай ойнайтындығы, ойынмен жүргізуші және қатысушылар қаншалықты қызыққандығы және т.б. байқалатын қыртысы. Аталмыш қыртыс ойынды ұйымдастырушы қойған міндеттерге тікелей байланыста болады.

2. **Ойындық өзара әрекеттестіктің физиологиялық қыртысы** ағзаның физиологиялық процестері: қозғалмалық белсенділік қажеттіліктерін жүзеге асуының, бас миының тежеуіш қызметін қалыптастырудың, қозғалыс үйлесуінің дамуының, ағзаның оттегімен қанығуының және т.б. реттелуіне әсер етеді.

3. **Ойынның психологиялық қыртысы.** Бұл деңгейде ойынның адамның психикасына әсер етуін (мақсатты диагностика) байқау маңызды: есте сақтаудың, зейіннің, ойлаудың, қиялдың дамуы, эмоциялық күйдің реттелуі, коммуникативтік дағдыларды иемдену және т.б.

4. **Ойындық өзара әрекеттестіктің педагогикалық қыртысы** – бұл жасаушы, қалыптастырушы деңгей. «Біз» сезімінің қалыптасуын түзетуші, ұжымға ортақтасу, қайғысына ортақтасу, толеранттылық.

5. **Ойынның жеке адамдық(латентті) қыртысы.** Ойындық өзара әрекеттестіктің ең байқалмайтын қабаты. Ол ойынға қатысушының жеке адамдық өсуіне жетелейтін ұзартылған нәтижеге бағытталады. Ойындық өзара әрекеттестік аяқталған соң біршама кейінірек көрінеді.

Аталмыш еңбек тиімді ойындық өзара әрекеттестікті ұйымдастырудың белгілі бір қисыны және оның «ережесінің» сипатталуымен де қызықты.

• «қарапайымнан күрделіге» – бәсең байланыстағылардан аса белсенді, қозғалмалы ойындарға ұстанымы бойынша тізбектелу;

• іс-әрекеттің алмасуы: баяу ойындар екпінді ойындармен, аса жоғары ішкі шиеленістерді талап ететін ойындар- шиеленісу бәсең ойындармен алмастырылуы қажет;

• ойынға сәйкес көңіл-күй «көңіл соқтыру» қалыптастыру;

• ойындық дәрістің логикасын «бұзатын» әр түрлі жағдайларда қажет болатын, бірақ сол сәтте топ үшін өзекті ойындардың қорын жасау;

• ойындық өзара әрекеттестіктің технологиясы туралы анық түсініктің басымдылығы.

Бұған сәйкес ойындық іс-әрекетті «бастаудың» бір ізділігі де қарастырылады:

бірінші кезең – көңіл соқтыру;

екінші кезең – нұсқаулық.

Бұған қоса, авторлар табысты ойындық іс-әрекеттің негізгі принциптеріне де ерекше көңіл аударады:

• оқиғалылығы;

• варианттылығы;

• жеке адамдық бейімделулігі;

• мақсатқа сәйкестілігі.

Әрине, ойынның ең басты бөлігі- бұл **мақсаты**. Аталмыш оқулықтың авторларының көзқарасынша, ойынның мақсаты туралы сұраққа ойын әлемінің алуандылығы және қайталанбастығы сияқты, әр түрлі және қайталанбайтын жауаптар болады.

Нақтырақ айтсақ, бұл қатысушыларға басқалармен бірігуін сезінуге, адамның бұл әлемде жалғыз еместігін түсінуіне көмектесуге ұмтылыс болуы мүмкін. Адамның өз өмірін өзі басқара алатындығын, табысты бола алатындығын түсінуге көмектесу. Қатысушыларға мінездің қандай да бір ережелерін үйрету, қатынас мәдениетін тарату немесе басқаларға қамқорлық көрсетуді үйрету өзі және өзінің мінез-құлқы үшін жауапкершілікті алу, адамды шынайы өмірді зерттеуге, талдауға үйрету, ойлау мен эмоцияны, жалған мен ақиқатты, жақсылық пен жауыздықты ажырата біруге үйрету және т.б. ұмтылыс та ойынның мақсаты болуы мүмкін.

Төменде тиімді ойындық өзара әрекеттестіктің өлшемдері келтіріледі:

- жоғары эмоциялық;
- қатыстылық сезімі;
- жанарлардың түйісуі;
- ойынның шытырмандылығы;
- сөйлеу жылдамдығы оқу жылдамдығына сәйкес;
- емін-еркін дене тұрысы;
- жоғары дәрежеде жұмыла кірісу;
- «жеңіл салмақ»;
- «теңбе-тең» тұру;
- нұсқаулықтың анықтылығы;
- жоғары динамикалық;
- ойынның кеңістікке сәйкес болуы;
- мәтіннің бет және қол қимылдарына сәйкес болуы;
- ойынды қисындық соңына дейін жеткізу;
- іс-әрекетке тұрақтандыру;
- безендіру, құрал-жабдықтар;

жас мөлшерінің, өткізілетін орынның, уақыттың, оқиғаның адекваттылығы [3].

Ойын аспектілерінің тағы бірі оны ӘПТ-де қолдануы құрамында қарастырады. Бұл жерде тренингтегі оқиғалық-рөлдік ойындар туралы сөз қозғалады. Нақтырақ айтсақ, С.Е. Борисова ойындық рөлдер туралы төмендегідей пікір жазады:

- ойындық рөлдер топ қатысушыларына арналған нұсқаулық болып келеді;
- олар ойынның құрамымен, нақтырақ айтсақ, кәсіби нысанда оқиғамен анықталады;
- нұсқаулықтар мүмкін болар шешімдердің кейбір саласы белгілі белгілі болатындай үлгіде тапсырылады.
- мүмкіндігінше, нұсқаулықтар шығармашылық ізденістің туындауына және күрделі кәсіби оқиғалардың шешімінің бірнеше вариантын табуға мүмкіндік туғызатын жобалық сипатта болса, дұрыс болар еді. [3].

Оқиғалы-рөлдік ойынның тренингтегі маңыздылығы оның топ қатысушыларының бірінің басынан өткен шынайы оқиғаға сүйенуді, анық нұсқаулықтың жеткіліктілігі, алдын-ала белгіленген рөлдердің, белгілі бір (шамалы болса да) сюжеттің басым болуын білдіретіндігімен байланысты.

Әдетте тренингте, рөлдер: баршаның келісімі бойынша, немесе оқиғасы көпшіліктің уайымының тақырыбына айналған қатысушының пікіріне сәйкес алдын-ала беріледі. Оқиғаны өрбіту процесінде келесі жағдайлар орын алуы мүмкін:

- жаттықтырушы орындаушыларға қандай да бір сұрақтар қоя отырып, араласа алады;
- бастапқы оқиғаның қайталануы мүмкін: яғни оқиғалар терингтік шынайлықтың физикалық кеңістігінде, басқаша түрде қайта жүзеге асырылуы мүмкін [3].

Оқиғалы-рөлдік ойындар өмірлік жағдайларға әлеуметтенуге және бейімделуге мүмкіндік туғызады. Күйзеліс тудыратын ауыртпалықтардың алдын-алуға көмектеседі. Мұндай контексте, оқиғалық-рөлдік ойындардың маңызды қызметі адам үшін ауыр оқиғаны барынша қауіпсіз психологиялық қарым-қатынаста ойнау. Барлық теріс әсерлерді жеңудің айырықша тәжірибесін игере отырып, тек қайта басынан өткізу (яғни – қайта өмір сүру) ғана емес, сондай-ақ, ойындық қайта жасау талаптарын да, шынайы өмір талаптарында кері әсердегі оқиғаларды жеңе білуге мүмкіндік беру. Іріктеу және талдау жолымен тиімді (тым болмағанда – қолдануға жарайтын) мінез-құлықтық әдеттерді табу мүмкіндігіне негізделетіндігі түсінікті [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жігітбекова Б.Д. *Топтық психотерапия*. – Алматы: Ұлағат, 2008. – 196 б.
2. Вачков И.В. *Основы технологии группового тренинга. Психотехники* – М., 2000–224 с.
3. Жігітбекова Б.Д. *Оқыту үрдісінде психологиялық тренингті қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. . . «Психология» сериясы, 2017. – С.36-39.*

Б.Д. Жігітбекова¹, С.Т. Канаева²

^{1,2} *Казахский Национальный педагогический университет имени Абая*

МЕСТО И РОЛЬ ПСИХОГИМНАСТИКИ В ГРУППОВОМ ПСИХОЛОГИЧЕСКОМ ТРЕНИНГЕ

Аннотация

В работе тренинговой группы всегда присутствуют два плана, две стороны: содержательная и личностная. Содержательный план соответствует основной содержательной цели тренинга. Он изменяется в зависимости от того, что является объектом воздействия: установки, умения, когнитивные структуры, а также от программы тренинга: Личностный план – это групповая атмосфера, на фоне которой разворачиваются события содержательного плана, а также состояние каждого участника в отдельности .

В результате психогимнастических упражнений могут происходить изменения в состоянии группы как целого, отдельных ее участников, а также может быть получен материал, осознание и обсуждение которого позволяют продвигаться вперед в содержательном плане.

Ключевые слова: понятие «психогимнастика», психогимнастические упражнения, тренинговая группа, ситуативно-ролевая игра, социально-психологический тренинг.

B.D. Zhigitbekova¹, S.T. Kanayeva²

^{1,2} *Abay Kazakh National Pedagogical University*

THE PLACE AND ROLE OF PSYCHOGRAPHY IN GROUP PSYCHOLOGICAL TRAINING

Summary

In the work of the training group there are always two plans, two sides: substantive and personal. The substantive plan corresponds to the basic meaningful purpose of the training. It varies depending on what is the object of the impact: settings, skills, cognitive structures – and also from the training program: for example, in training for creativity, training of partner communication or conducting business negotiations, the content will be different, although the level of impact objects is the same same – the installation and skills.

The personal plan is a group atmosphere, against which the events of the content plan unfold, as well as the status of each participant separately (in some types of training these conditions and the participants' relations become the content of the group's work).

As a result of psycho-gymnastic exercises, changes can occur in the state of the group as a whole, in its individual participants, and material can be obtained, the awareness and discussion of which allow us to move forward in a meaningful way.

Key words: concept “psycho-gymnastics”, psycho-gymnastic exercise, training group, situational role-playing game, social-psychological training.

МРНТИ 15.11.25

А.Ш. Малдыбаев¹, М.П. Оспанбаева²,

¹Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,

²«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы – Жамбыл облысы бойынша педагог
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Тараз қ., Қазақстан

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Түйіндеме

Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тұлғаны дамытудың психологиялық аспектілері қарастырылды. Рухани даму үрдісінде музыканың алатын орны әл Фараби трактаттары арқылы негізделді. Мақсатты аудитория ретінде бастауыш мектеп оқушылары алынып, оларға музыкалық білім берудің оңтайлы әдістемелері апробацияланды. Музыкалық білім беру үрдісін тұлғаны рухани дамыту құралы ретінде қолдану нәтижелілігі заманауи психологиялық концепциялар арқылы дәлелденді. Жаһандану жағдайында жалпы адамзат баласының дамуына тән негізгі құндылықтар қатарында музыкалық білім болуы тиіс деген болжам жасалынды.

Түйін сөздер: тұлғалық даму, рухани даму, әл Фараби трактаттары, музыкалық білім беру, нота, заманауи психологиялық концепция.

XXI ғасыр – жаһандық жаңалықтармен қатар, білімнің дәуірлеу ғасыры. Қазақстан Республикасының Президенті «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында осы теорияны «Білімнің салтанат құруы» міндетімен айшықтап көрсете отырып, «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудың бірден-бір жолы білімділікке ұмтылыс болуы керек» деп әлеуметтік маңызы зор стратегия ретінде белгілеп берді [1].

Қазіргі қазақстандық білім жүйесі «өмір бойы білім алуға» негізделген қоғамды әлеуметтік жаңғырту әлеуеті, әрі ұлт болашағының іргетасын қалайтын қуатты ресурс болуымен құнды. Осы мақсатқа сай, үдемелі даму жолындағы қазіргі қазақстандық қоғам бағыты, сондай-ақ ақпаратқа толы заман үдерісі барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларының мазмұнын толықтыруды қажет етеді. Олардың негізіне жаңа дәуір адамының даму ерекшеліктерін, қадыр-қасиетін, рухани жетілу жолдарын және қоғамдық өмірді жаңғыртудағы маңызын көрсететін инновациялық білімдерді қалау ләзім. Осы ретте заманауи, әрі аса өзекті міндет – оқу бағдарламаларын және оқу ресурстарын жаңалау, олардың мазмұнына тұлғаны дамытудың психологиялық инновацияларын ендіру, әрі оны меңгеруді педагог біліктілігінің өлшемі ретінде бағалау.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тұлғаны дамытудың психологиялық аспектілеріне қысқаша шолу жасайық. Заманауи өзгерістер ағымы адам психологиясының қарқынды дамуына оң ықпал етуде. Жаңа дәуір адамы адамзат тарихындағы бай тәжірибені бойына сіңіре отырып, өзі өмір сүріп отырған заман ерекшеліктерімен бірге даму үстінде. Бұл құбылыс барлық адамтану саласының мамандарына жаңа міндеттер жүктейді: замандастарымызды қоғамдық құбылыстардан тыс қалмауға, әлеуметтік ортаның тыныс-тіршілігімен қатар өмір сүруге шақыра отырып, олардың санасын жаңаша өмір сүруге бағыттай білу маңызды. Жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру және планетарлық ой-сананы қалыптастыру сынды заманауи парадигмалардың негізі – рухани кемелдену арқылы адам әлеуетін ашу.

Психология адам туралы пәндердің ішінде орталық мәнге ие ғылым саласы. Басқа пәндер «адам – қоғам – орта» қатынасына негізделсе, психологиялық білімдер психиканы дамытумен қатар, адамның жан-дүниесіне, рухты байытуға бағытталады. Демек ол – адам болмысын қалыптастыратын пән. Адами болмыс сана арқылы дамиды. Бұқаралық сананы жаңа сапаға көтеру үшін сол қоғамда өмір сүріп отырған әрбір адамның санасын оятып, сезімталдығы мен жауапкершілігін дамыту керек. Жоғары саналылыққа қол жеткізу танымдық елгезектік, ой өрісі мен көңіл көкжиегінің кеңеюі және болмысты нәзік сезіну мен интуиитивтік тұрғыда қабылдауды қажетсінеді. Адам тіршіліктің сан алуан нығметтерінің қайнар көзі нақ өзі екендігін сезінгенде санада тың өзгерістер мен сапалық сілкіністер пайда болады. Осылайша ояну құндылықтар басымдығына жаңаша қарап, өмір

сүру тетіктерін қалауынша басқаруға және реттеуге мүмкіндік береді. Сана сергектігі жеке адам болмысының оң өзгерісін қамтамасыз ете отырып, айналасына да айтарлықтай жағымды ықпал етеді. Күн шуағымен тіршілік атаулыны нұрға бөлейтіні секілді, рухы еркін кемел адамның көкірек көзі көпке сәуле шашып, қараңғыны жарық етеді. Міне, осы сәттен бастап сананың жаңғыру үрдісі белең алады. Тоқтаусыз, қажырлы еңбек пен таза ниеттің арқасында оянған сана – сәулелі [2].

Әбу Наср Әл-Фараби «адам міндетті түрде адал ниетті болуы керек, өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады» дей келе, жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқтығын, мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқатқа қолы жетпейтінін ескертеді. Ұлы ғұлама тұлғаны рухани дамыту үрдісінде музыканың алатын орнын терең әрі жан-жақты негіздеді. Күні бүгінге дейін, бүкіл әлем талантына табынған, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз ретінде мойындаған, шығыс топырағынан шыққан ұлы бабамыз – әл-Фараби дәрежесінде, адам болмысының қалыптасуындағы музыканың рөлін сипаттаған жан жоқ. Ол өзінің музыка теориясына арнаған «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегінде музыканың тәрбиелік мәні зор екенін тұжырымдаумен қатар, емдік қасиетін, жағымды әсерін дәлелдеді. «Музыкалық композиция» тарауында мелодияларды әшекейлеу және олардың адам сезіміне қатысы жайлы айтылды. Қазіргі уақытта мейлі қоғамдық өмір болсын, мейлі тұрмыстық деңгейдегі кез-келген іс-шаралар, сондай-ақ барлық психотерапевтік сеанстар (оның ішінде музыкотерапия саласы да бар) музыкалық сүйемелдеусіз өтпейтіні ақиқат. Музыканың адамзат баласын тәрбиелеуде атқаратын мәні зор екені ықылым замандардан белгілі десек те, оны түбегейлі зерттеп, таратып айта білген жан сирек. Солардың бірегейі – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки (870 – 950 ж.ш.) болса, бірі – ұлы ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904). Қазақ халқының ғұрыптық педагогикасында ерекше орын алған дәстүрлі музыкалық тәлім – адам баласы шыр етіп дүниеге келген сәтінен «Бесік жырымен» басталып, ән-күй тербеген құс қанат ғұмыр өмірден озғанда, жақындарының күңірене қоштасуы азалы жоқтауға ұласатынын ұлы Абай «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен» деп екі ауыз сөзге сыйдырды. Осы мысалды «рух – жан – тән» деп берілетін адам болмысы құрылымының концепциясы тұрғысынан қарастырсақ, музыканың рух азығы ретіндегі орасан зор қуатын көреміз.

Әл-Фараби музыка әуені мен оның қоғамдық қызметі туралы терең мазмұнды пікірлер айта отырып, адамның музыка шығару қабілеті оның дарындылығы дәрежесінің әртүрлі сатысын көрсетіп, оның жан-дүниесіне жағымды әсер ететіні туралы жазды (бұл әлі күнге дейін жете зерттелінбеген сала, – авт.). Фараби музыканың әсер ету күшін адамды ләззатқа бөлейтін әуен, эмоциялық әсер тудыратын әуен және әдеби мәтінмен (өлшем) шартталған әуен ретінде жіктеді. Ол музыка мен поэзия арасындағы табиғи бірлікті дәлелдеді. Мұның өзі Фарабидің әндердің синкреттік сипатынан хабардар болғандығының куәсі. Ол тек музыка теориясын ғана емес, музыкалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнай білгендігін және қазақ домбырасын дүниеге келтіргендігін, оған бірнеше ғылыми дәлелдермен қатар, Фараби жасаған музыкалық аспаптар түрі куә бола алатындығын профессор Ж.А. Алтаев баяндайды: «Фарабидің музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиясымен байланысына дейінгі еңбектері музыканың эстетикалық-теориялық принциптерін шешуге бағытталған. Оның шебер орындаушылығы жөнінде шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар бар [3, 4].

Қоғамдық сананы жаңғыртуды көздеген қазіргі қазақстандағы әлеуметтік саясат А.Йасауи бабамыз негізін қалаған «рух еркіндігі» теориясына негізделеді. «Рухы еркін халық қана ұлы істерді атқара алады», – деп атап көрсеткен ҚР Президенті Н.Назарбаев, қоғамның басты құндылығы адами капитал, оны дамыту – стратегиялық міндет екенін тұжырымдады. Егер әр қазақстандық жаңа қоғамда табысты өмір сүру кілті ретінде осы концепцияны толық әрі терең қабылдаса, онда жеке сананың трансформациялану нәтижесі ретінде қоғамдық сана жаңғыратын болады.

Қазақстанда білім беру жүйесін модернизациялау бағытында жүргізіліп жатқан іс-шаралардан күтілетін түпкі нәтиже жоғарыда көрсетілген ойларға, яғни әр қазақстандықтың рухани еркіндігі арқылы қоғамды рухани жаңғырту үрдісіне негізделеді. Елімізде білім беру реформасының жаңа кезеңге өтуге бет алғанын «Қазақстан Республикасында білім беру және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан» байқауға болады: қазақстандық білім беру жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы білімге қолжетімділігін және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді [5].

Білім бағдарламасында атап көрсетілген «шығармашылық құзырет» тұлғаны рухани жаңғырту құралы болып табылады. Осы ғылыми жорамалды дәлелдеу үшін бастауыш мектеп оқушылары мақсатты аудитория ретінде іріктеліп, оларға музыкалық білім берудің оңтайлы әдістемелері апробацияланды. Неліктен сыналушылар ретінде бастауыш сынып оқушылары таңдалынды деген сауалға байланысты: халқымызда «баланы жастан...» деген терең мағыналы сөз бар; ел ертеңі – тәлімді ерте жастан беруді көздейді. Білім беруді сапаландыру, дамыту істері жан-жақты талқыланып, оны жүйелі түрде іске асыру тетіктері қолға алынуда. Осыған орай, Елбасы Қазақстан халқына жолдауында экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажеттігін атап көрсетті. Бастауыш мектеп оқушыларына білім беру, оларды жан-жақты дамыған, ұлттық қасиетін сақтаған тұлға етіп қалыптастыру – оқытушылардың басты міндеті. Шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы, оқымысты, ұлы ғұлама әл-Фараби бабамыз өзінің ғылыми-философиялық еңбектерінде жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт екенін міндеттейді: біріншіден, баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы, яғни заманауи психология тіліне аударсақ – оқу мотивациясының болуы; екіншіден, ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы, демек «білім – берушіден» қағидасын ұстану; ал үшіншіден, сабақ үрдісінің, яғни білім беру әдістемесінің алатын орны. Фараби адамгершілік тәрбиесі мен дене тәрбиесінің үйлесіміне, олардың бір-біріне ықпалына ерекше мән берген. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп атап көрсеткен Ж.Аймауытов, сабақ үрдісінің шығармашылық ізденістерге толы болуы керектігіне баса мән берген [6].

Балалардың арман-қиялы шартарапты кезеді және олар шетінен дарынды, өнерпаз болып келеді. Оларға туа бітті музыкалық тәрбиені жоғарыда айтып өткен «Бесік жыры» бойларына сіңіретіні анық. Бүлдіршін шәкірттердің көбінің әнге құмартып, би билеуге әуес келетіні осының айғағы. Бұл дарынды балалар бойындағы осы қасиеттерді дамыту, оны нәрлі біліммен сусындату ол ұстаздардың жинақтаған біліміне және асқан шеберлігіне байланысты. Бастауыш сыныпта оқып жүрген бүлдіршіндерді еліктіру, еліту, олардың музыкалық қабілеттерін айқындап, ашып, дамыту, көбіне дидактикалық ойындар арқылы іске асырылады. Балалық шаққа тән басты қасиет – қанша ойнаса да, ойынға тоймауы. Ал оқытушының мақсаты – ойынды орынды пайдаланып, оны оқу үрдісімен ұштастыру. Жас балдырған үшін ән мен би егіз жаратылғандай...

Тәжірибе барысында байқағанымыз, ауыл мектебіндегі балдырғандардың сүйіп орындайтын әндерінің бірі – халық әні «Еркем-ай». Бұл әнді үйрету оңай әрі оларды домбыра аспабында ойнатуға да қолайлы екені жүйелі тәжірибелік жұмыстардан белгілі. Алғашқы ноталық сауатты бірден бастап кетпей, алдымен оларды музыканың түрлерімен: күй, ән, терме, толғау, жыр, қисса, дастан т.б. таныстыру және олардың үзінділерін тыңдату маңызды. Балаларға туындының оқиғасын, тарихын айтып, домбырамен күй ойнағанда, олардың қолдарының (музыкалық аспапта ойнай алмаса да) күй ырғағына қосылып отырғанын жиі байқауға болады. Мысалы, халық күйі «Нар идіргеннің» оқиға желісін айтып, күйді орындағанда, балалардың құштар көңілі күйдің желісі туралы қойылған сұрақтарға жарыса берген жауаптарынан, күйдің оқиғасын тамылжыта айтып берулерінен сезіледі. Бұл – олардың дарындылығының бір қыры. Музыкалық дыбыстардың қатты немесе ақырын шығуын естіп қабылдаудың да алуан түрлері бар. Халық күйі «Боз жорғаны» орындағанда, балдырғандарға ойыншық ұрмалы аспаптарды ойнату арқылы, олардың күй ырғағына етене танысуын қамтамасыз етеміз. Ал, халық күйі «Сал күреңге» олар «Қара жорға» биін кереметтей ыстық ықыласпен, ынта-жігермен билеп береді.

Бастауыш мектеп оқушыларына ноталық сауатты ойын түрлері арқылы үйрету тәжірибемізді ортаға салайық. Әл-Фараби музыка теориясына арналған «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегінде математикалық тәсілдерді пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге келтірген асқан музыка зерттеушісі. Ол «Ғылымдар тізбегі» трактатында музыканы арифметика, геометрия, оптика, астрономия, статика, механика пәндерімен қатар, математиканың жеті тарауының бірі ретінде қарастырды. Біз де өз тәжірибемізде музыканы математикамен байланыстырған Фараби концепциясына сүйендік. Ол үшін сыналушыларға алдымен жеті музыкалық дыбыстың атын жаттату жұмыстарын жүргіземіз: «До, Ре, Ми, Фа, Соль, Ля, Си» және бастапқы «До» жоғары биіктікте қайта айналып келеді. Екінші кезекте «До» – бірінші, «Ре» – екінші, «Ми» – үшінші, «Фа» – төртінші, «Соль» – бесінші, «Ля» – алтыншы, «Си» – жетінші, «До» – сегізінші деген реттік қатарды жаттатамыз. Оны тестік тапсырмалар арқылы бекітеміз. Осы рет бойынша балаларға сұрақ қою тәсілі: «До» нешінші? Балалар: «До» – бірінші! деп жауап

береді. Керісінше сұрау: Бірінші қай нота? Балалар: «До» деп жауап береді. Қателесе ойынды қайта жалғастыру керек. Ойын барлық нотаның атын жаттағанша жалғасады. Жатталған ноталарды оңға «До, Ре, Ми, Фа, Соль, Ля, Си» және солға «Си, Ля, Соль, Фа, Ми, Ре, До» айтқызып, жарыстыру да тиімді тәсіл. Бұл сәл қиындық тудырады бірақ жарыс кезінде балалар бірінен – бірі озу үшін тез жаттайды.

Тәжірибеде жиі қолданатын тағы бір ойын – ол фортепиано аспабында ноталарды айту (бір октава көлемінде). Екі қара басқыштың алдындағы қандай нота? Балалар: «До» деп жауап береді. «До»-дан санағанда екінші басқыш – «Ре», үшінші басқыш – «Ми», төртінші басқыш – «Фа», бесінші басқыш – «Соль», алтыншы басқыш – «Ля», жетінші басқыш – «Си», сегізінші басқыш – «До». Нотаның ұзақтығын жаттату да ойын түрінде жүреді: «Бүтін нотаны бүтін алмамен салыстыру» ойыны. Саналуы: 1 – ге, 2 – ге, 3 – ке, 4 – ке дейін балалар алақандарын бір соғып, жабыстырып тұрады. «Енді алманы ортасынан бөлсек не болады?»; Балалар: «Екі жарты»; «Бүтін нотаны алдында төртке дейін создық, енді жарты нота нешеге саналады?»; Балалар: «1 – ге», «2 – ге», ал екіншісі «3 – ке», «4 – ке» немесе тағы да «1 – ге», «2 – ге» деп алақан соғып ұзақтықтарын көрсетеді. «Енді екі жарты алманы немесе нотаны ортасынан бөлсек не болады?»; Балалар: «Төрт алма немесе төрт нота шығады» – деп жауап береді. «Бұл, балалар, 4 – тік нота, олардыңәрқайсысы 1-ге тең». Балалар алақандарын санап төрт мәрте соғады. Сегіздік нотаның ұзақтығы: әр нота тең – 1. Балалар санап тұрып, алақандарын 8 рет соғулары керек. 16 – лық нотада он алты рет соғады. Балалардың нота санап үйренуі оқытушы шеберлігіне байланысты. Оларды жарыстырған сайын жүйріктері білімнің нәрімен сусындап, оза шаппак! Бұл ойын түрлерінен өзге де көптеген ойындар, жұмбақтар, жаңылтпаштар бар. Ойын түрлері арқылы бастауыш сыныптарына сабақ бергенде балаларды шаршатып алмас үшін ойын түрлерін алмастырып тұрған дұрыс [7].

Бастауыш мектеп қабырғасында дұрыс музыкалық білім беруді қалыптастырсақ, талай дарынымен, талантымен таңқалдыратын, оқушылардың арасында өнерлі жастарды тәрбиелеп шығаруға болады. Бірақ олармен тиянақты жұмыстар жасау жағы жеткіліксіз екендігі де ақиқат. Өткенімізге көз салсақ, Қазақстан Республикасында музыкалық мектептер күні бүгінге дейін өз нәтижелелерін беріп келді. Атап айтсақ, өткен кездерде еліміздің түпкір-түпкірлерінен талантты, дарынды, өнері бар балаларды жинап, оларды толыққанды даярлауға зейін қойылды. Мұндай өнер мектептерінің қатарында: К.Байсейтова, А.Жұбанов атындағы мектеп-интернаттарды атап айтсақ та жеткілікті. Ал, бүгінгі таңда сол жолымыздан жаңылып, музыкалық білім беру ісі төмен құлдырап кетті. Музыкалық саздық мектептеріміздің некен саяғы ғана қалғаны болмаса, түгелдей дерлік жабылды. Орта мектептердің музыкалық класстары жоқтың қасы, дарынды балаларды музыка бағытында тәрбиелеу жағы кемшін. Музыка пәнін оқыту, музыкалық сауаттылықпен жымдасып, музыканың теориялық және іс – тәжірибелік тұстары ауқымды көлемде кәсіби жолдан басталғаны жөн. Сонда бәлкім, дүниені дүр сілкіндірер музыкаларымыз, Димаш Құдайбергенов сынды ұлдарымыз дүниеге келіп, әлемді мойындатар тау тұлғаларымыз молынан болар деген ойдамыз. Баланы музыкаға бейімдеу жұмыстары шама келгенше өте ерте жастан басталу керек екені әлдеқашан дәлелденген: «Басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам – шығармашыл ойдың қайсар иесі!» [8].

Музыкалық қабілет, дарын, шығармашылық бала бойында туа біткендіктен, енді оны дұрыс жолға салып тәрбиелеу, дайындалту жаңа тұрпатты мұғалімдердің құзырлығына көшіп отыр. Бастауыш мектепте музыкалық сауатқа жауапкершілікпен қарап, жас дарын иелерін тауып, оларға дұрыс білім беріп, жаңа тұрпатты мұғалімдердің кәсіби білімділігімен қоса, болашақ жастардың қабілеттілігі мен қызығушылығын арттыруға, осы заманғы бәсекеге қабілетті, талантты, дара тұлғаларды қалыптастыруға негіз бар. Музыкалық білім беру үрдісін тұлғаны рухани дамыту құралы ретінде қолдану нәтижелілігі тәжірибе жүзінде дәлелденді. Айтылған ойларды заманауи психологиялық концепциялар арқылы қорыта келе, жаһандану жағдайында жалпы адамзат баласының дамуына тән негізгі құндылықтар қатарында музыкалық білім болуы тиіс деп жорамалдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру. 26.04.2017. <https://egemen.kz>
- 2 Ospanbayeva M.P. Psychological aspects of modernization of public consciousness. Tokyo summit 5th international congress on social sciences, china to Adriatic. Tokyo summit – the book of abstracts. Tokyo, 2017. – P. 50.
- 3 Большая книга о музыке. – Алматы, 2000. – С. 108-109.
- 4 Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап. Алматы – 2008. – 29 б.

5 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 19 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» – Астана, 2016. – 19б.

6 Аймауытов Ж. Психология. Жалпы ред. басқарған А.Ақжанова. – Алматы, 1997. – 326б.

7 Молдыбаев А.Ш. Музыка – адамзат баласын татулық пен достықта өмір сүруге негіздейтін алапат күш. «Қытайдан Адриатқа» III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Анталья, 2016. – 106-112бб.

8 Алдамұрат Ә.Ж. және авторлар ұжымы. Жалпы психология. – Алматы, 1994. – 264б.

А.Ш. Малдыбаев¹, М.П. Оспанбаева²,

¹Таразский государственный педагогический университет,

²Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» Института повышения квалификации педагогических работников по Жамбылской области, г.Тараз, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДУХОВНОГО РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ ПОСРЕДСТВОМ МУЗЫКАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье рассмотрены психологические аспекты личностного развития в рамках программы «Рухани жаңғыру». Роль музыки в процессе духовного развития была обоснована посредством научных трактатов аль-Фараби. В качестве целевой аудитории (выборка) выступили учащиеся начальной школы, и через них были апробированы эффективные методы музыкального образования. Результативность использования музыкального образования как средство духовного развития личности была доказана с помощью современных психологических концепций. Предложена гипотеза о том, что в эпоху глобализации музыкальное образование должно выступить одним из основных ценностей общечеловеческого развития.

Ключевые слова: личностное развитие, духовное развитие, трактаты АльФараби, музыкальное образование, нота, современная психологическая концепция.

A.Sh. Muldybaev¹, M.P. Ospanbaeva²,

¹Taraz State Pedagogical University,

²«Institute «Өрлеу» of pedagogical personnel qualification in Zhambyl region
Taraz, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF SPIRITUAL DEVELOPMENT OF PERSONALITY THROUGH MUSIC EDUCATION

Annotation

In the article are considered psychological aspects of personal development in the framework of the program “Ruhanizhangyru”. The role of music in the process of spiritual development was substantiated through the scientific treatises of al-Farabi. As target audience (selection) were the students of the primary school, and through them were approved effective methods of musical education. The effectiveness of the use of musical education as a means of spiritual development of the individual has been proved with the help of modern psychological concepts. A hypothesis is proposed that in the era of globalization music education should be one of the basic values of universal development.

Key words: personal development, spiritual development, Al Farabi treatises, musical education, note, modern psychological concept.

Д.Н. Исабаева¹, Г.С. Саудабаева²

^{1,2}Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНО – ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ ПРИ РАБОТЕ С РАЗНОВОЗРАСТНЫМ КОЛЛЕКТИВОМ

Резюме

В данной статье анализируется проблема развития социально-психологических навыков студентов при работе с разновозрастным коллективом. Авторами в статье представлено влияние коллектива на личность ребенка зависит от характера и развитости поля коллектива, а также от положения ребенка в системе коллективных отношений. В статье раскрыта сущность становление и развитие детского коллектива, переход его от стадии к стадии, реализация им воспитательной функции – процесс не стихийный, а управляемый. Педагоги управляют им, задавая и совершенствуя организационную структуру коллектива, обогащая его жизнедеятельность и развивая детское самоуправление, корректируя межличностные отношения внутри коллектива за счет введения в его жизнь соответствующих ситуаций, побуждающих детей к самоорганизации и саморегуляции и включения коллектива детей в систему широких социальных отношений нашего социума.

Ключевые слова: студенты, развитие, коллектив, социально-психологические навыки, личность, ребенок, коллективное отношение.

Термин «коллектив» произошел от латинского *collectives* – собирательный. Он означает социальную группу, объединенную на основе общественно значимых целей, общих ценностных ориентации и совместной деятельности [1].

Первым коллективом для ребенка, воспитывающегося в общественной системе образования, становится группа детского сада, затем школьный класс, внешкольные коллективы, учебная группа колледжа или вуза и т. п.

Индивидуальность ребенка, подростка, юноши формируется в результате последовательного включения в различающиеся по уровню развития коллективы – общности, доминирующие на разных возрастных ступенях.

В реальной жизни существуют разные коллективы: учебные, производственные, студенческие, спортивные и др. Коллективы могут быть одновозрастные и разновозрастные, первичные (класс, студенческая группа) и общие, объединяющие несколько первичных коллективов (например, обще-школьный коллектив).

Детский коллектив – явление социально-педагогическое, возникающее, функционирующее и развивающееся в рамках того или иного воспитательного института, с одной стороны, под воздействием воспитателей – взрослых, а с другой – в силу тех внутренних процессов самоорганизации, саморегуляции и самоуправления, которые ему свойственны как социально-психологической общности [1].

Детский коллектив – одна из целей воспитательной работы с детьми, объект их воспитательных воздействий и инструмент организации и совершенствования воспитательного процесса, направленного на всестороннее развитие объединенных в коллектив детей.

Для детей коллектив выступает как среда их жизнедеятельности, необходимая для личностного самовыражения и самоутверждения, необходимая для самореализации личности.

Как социально-психологическая общность, функционирующая в рамках определенной организации, детский коллектив складывается и развивается, приобретает субъектные свойства в процессе совместной деятельности его членов (прежде всего познавательной и предметно-практической), межличностного общения и игры. Будучи включенными в структуру жизнедеятельности детской общности, они порождают те отношения, которые сплачивают детей в коллектив и превращают последний в субъект воспитания.

Любому детскому коллективу свойственна определенная система отношений, связывающая его членов через деловые контакты, возникающие при реализации ими функциональных ролей (деловые отношения), межличностное общение (избирательные отношения), эмоциональные переживания, объединяющие их как членов одной общности социалистического типа (коллективистические отношения).

Развиваясь, отношения детей в коллективе приводят к рождению и развитию такой интегративной характеристики, как поле коллектива, определяющей его нравственный облик, эмоциональное состояние и интеллектуальную атмосферу в нем.

Поле коллектива проявляется и отражается в общественном мнении, ценностных ориентациях, нравственных нормах, психологическом климате коллектива.

Влияние коллектива на личность ребенка зависит от характера и развитости поля коллектива, а также от положения ребенка в системе коллективных отношений. Влияние может быть как благоприятным, так и неблагоприятным для его личностного развития.

В своем развитии в качестве инструмента воспитания коллектив проходит три основные стадии. Первая стадия прежде всего связана с самим процессом коллективообразования: для педагогов коллектив выступает в качестве главной цели их воспитательной деятельности.

На второй стадии коллектив выступает в качестве инструмента массового воспитания, помогающий сформировать у всех членов данного коллектива социалистическую направленность как стержневое свойство личности.

На последней стадии детский коллектив становится инструментом для индивидуального развития каждого члена того или иного коллектива.

Становление и развитие детского коллектива, переход его от стадии к стадии, реализация им воспитательной функции – процесс не стихийный, а управляемый. Педагоги управляют им, задавая и совершенствуя организационную структуру коллектива, обогащая его жизнедеятельность и развивая детское самоуправление, корректируя межличностные отношения внутри коллектива за счет введения в его жизнь соответствующих ситуаций, побуждающих детей к самоорганизации и саморегуляции и включения коллектива детей в систему широких социальных отношений нашего социума.

Анализ онтогенеза конфликтного поведения показывает, что подростковый возраст является наиболее напряженным с точки зрения возникновения межличностных конфликтов. Повышенная конфликтность подростков во многом определяется особенностями и значением подросткового возраста в развитии личности.

Р. Бенедикт основную причину кризисности подросткового возраста видела в различиях норм поведения для взрослых и детей. Согласно ее точке зрения, причина конфликтов в подростковом возрасте – неразвитость детских форм поведения [2].

По мнению психологов психоаналитического направления, явления подростковой конфликтности неизбежны, поскольку попытки личности интегрировать новые сексуальные импульсы приводят к внутренним переворотам, личностным нарушениям и снижению социальной адаптации. Для уменьшения негативных последствий столкновения сексуальных импульсов с социальными табу, подросток «использует» механизмы психологической защиты (подавление, вытеснение, проекция, идентификация, рационализация и сублимация), искажающие восприятие ситуации, что может выступать как один из факторов возникновения межличностных конфликтов.

Кроме того, нужно отметить, что именно психоаналитическому направлению психология подросткового возраста обязана постановкой такой важной проблемы, как генезис общения. Психическое развитие, по мнению Г.С. Салливена, означает прохождение ребенком ряда стадий, определяемых развитием потребности в межличностных отношениях. Динамика поведения индивида определяется двумя тенденциями: избеганием ситуации одиночества и уклонением от вызывающих тревожность межличностных отношений. В связи с этим различные формы конфликтного поведения у подростков связаны с нарушениями постадийного развития потребности в межличностных отношениях. Основные причины этих нарушений Салливен видит в неблагоприятных социальных обстоятельствах, приводящих к нарушениям в личностной сфере.

Таким образом, в генезисе конфликтных форм поведения в подростковом возрасте в рамках психоаналитического направления подчеркивается особая роль сексуальной мотивации, защитных механизмов и особенностей развития потребности в межличностных отношениях [2].

К. Левин в трактовке феноменов подросткового возраста исходил из своей теории поля. Это обусловило выделение им в качестве основной характеристики этого возрастного периода своеобразный «когнитивный дисбаланс», вызываемый изменением групповой принадлежности в связи с переходом из сообщества детей в сообщество взрослых. Сообщество взрослых, по мнению К. Левина, выступает для подростка как незнакомая область жизненного пространства, область, когнитивно – неструктурированная, в которой подросток не может различать четкие, дифференцируемые области.

В связи с этим причину конфликтного поведения подростков он видел в отсутствии ясности: подросток не уверен в том, правильно ли он поступает, поскольку находится в незнакомом окружении. Эта неуверенность возрастает, если ребенка держали в неведении относительно взрослого мира [3].

Последний тезис относительно негативных последствий отсутствия у подростка представлений о нормах взрослой жизни имеет, с точки зрения изучения межличностных конфликтов подростков, весьма важное значение. Ссылаясь на него, мы позволим себе утверждать, что стремление обеспечить подросткам бесконфликтное существование, оградить их от возможных межличностных конфликтов в своей возрастной среде и на уровне «подросток – взрослый», психологически обосновательны и педагогически опасны. Проектируя бесконфликтную педагогическую среду, мы лишаем подростка возможности, говоря словами Е.А. Климова, «прощупать, прогнозировать, узнать и всесторонне понять разные варианты эмоционального и практического реагирования на ход событий... обрести ориентировку» [4, с. 52].

Л. Колберг, анализируя особенности социального поведения подростков, особую роль отводит генезису морального сознания, которое, по его мнению, является не столько результатом усвоения внешних правил поведения, сколько процессом преобразования и внутренней организации норм и правил, предъявляемых обществом [5].

Таким образом, основные причины нарушений в социальном поведении детей Колберг видит в несформированности морального сознания. И, тем не менее, роль конфликтов в подростковом возрасте достаточно велика. Как и в любом другом возрасте, конфликты подростков носят как позитивный, так и негативный варианты исхода.

Список использованной литературы:

1. Педагогические теории, системы, технологии. Под ред. Смирнова С.А. 4-е изд., испр. – М.: 2000. – 512 с.
2. Березин С.В., Лисецкий К.С. Личностно-развивающий потенциал подростковых конфликтов // «Вестник СамГУ», 1996, № 1. – 0.5 п.л.
3. Анцупов А.Я., Шитлов А.И. Конфликтология. – СПб.: Питер, 2008. – 490 с.
4. Климов Е.А. Об амбифлекторной природе психического. // Вестник моск. ун-та N1, 1992. с. 51-57.
5. Крайг Г. Психология развития / Перевод с англ. Е. Мальчиной; [под ред. А.А. Алексеева].

Д.Н. Исабаева¹, Г.С. Саудабаева²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ӘРТҮРЛІ ЖАСТАҒЫ ҰЖЫММЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Түйіндеме

Бұл мақалада әртүрлі жастағы ұжыммен жұмыс жасау барысында студенттердің әлеуметтік-психологиялық дағдыларын дамытудың мәселелері жанжақты қарастырылған. Авторлар аталған мақалада бала тұлғасының дамуына әсер ететін факторлар және ықпалдарды талдаған. Балалар ұжымының дамуы мен қалыптасуының мәні және де басқаруға лайық тәрбиелік функцияларды жүзеге асыратын әдістер ұсынылған. Балалардың өзін-өзі басқаруды дамытуға арналған тәсілдер және өмірлік жағдайларға бейімделудің қағидалары көрсетілген. Өзіндік басқару және өзіндік реттеуге ұласатын үрдістерді балалар ұжымында қолдану, әлеуметтік ортаға бейімделудің жағдацлары мен мүмкіндіктерін ұсыну.

Түйін сөздер: студенттер, дамыту, ұжым, әлеуметтік-психологиялық дағдылар, тұлға, бала, ұжымдық қарым-қатынастар.

D.N. Isabayeva¹, G.S. Saudabayev²

^{1,2}Kazakh National pedagogical university named after Abai

DEVELOPMENT SOCIALLY-PSYCHOLOGICAL SKILLS OF STUDENTS DURING THE WORK WITH UNEVEN-AGE COLLECTIVE

Annotation

In this article the problem of development of social and psychological skills of students is analyzed during the work with uneven-age collective. Authors in article have presented influence of collective on the identity of the child

depends on character and development of the field of collective and also on position of the child in the system of the collective relations. In article the essence formation and development of children's collective, his transition from a stage to a stage, realization of educational function by him – process not spontaneous, and operated is disclosed. Teachers operate him, setting and improving organizational structure of collective, enriching his activity and developing children's self-government, correcting the interpersonal relations in collective due to introduction to his life of the corresponding situations inducing children to self-organization and self-control and inclusions of group of children in the system of the wide social relations of our society.

Keywords: students, development, collective, social and psychological skills, personality, child, collective relation.

МРНТИ 15.41.59

Л.А. Лимашева¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
Алматы, Қазақстан

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕ АГРЕССИЯ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТУЫНДАУЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ МЕН ОНЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме

Мақалада қазіргі қоғамды мазалап отырған мәселе, жасөспірімдердің агрессиялық көрністердің туындауы жайлы мәселелері қарастырылады. Жасөспірімдік кезең бала ағзасының қайта құрылуымен байланысты. Жасөспірімдік кезең адам дамуының маңызды кезеңі болып саналады, осы кезеңде бала дамуында түрлі өзгерістер байқалады. Түрлі мінез өзгерістерінің нәтижесінде жасөспірімдер түрлі қателіктерге ұшырайды, бұл ретте білім беру, тәрбиелеу, отбасы, құрдастар мәселелерінің алатын орны зор. Мектеп қабырғасында жасалатын жұмыс жоспары және маманның атқаратын іс- әрекеті қарастырылады. Қазіргі заманда жасөспірімдерге олардың өмір сүретін микроортасы да әсер етеді. Жалпы жасөспірімдік кезеңде агрессивті мінез-құлықты алдын алу шаралары және жоспарлау жолдары қарастырылады. Мемлекетіміздің болашағы жастарға тікелей байланысты болғандықтан оларды тәрбиелеу, қателіктерді алдына алу мәселелері әрқашанда бірінші орында.

Түйінді сөздер: эмоционалды тұрақсыздық, психотерапия, локальді – ерке, қырсықтық, оң – мағыналы, мақұлдау-іскерлік, «қиын» бала, физикалық “Мен”.

Қоғам өмірінің барлық салалары көптеген жағымсыз өзгерістерге соның ішінде мінез-құлқында кездесетін агрессивті қиын жасөспірімдер мәселесі еліміздегі ерекше өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Қоғамымызда жыл өткен сайын қылмыс жасаушылардың жасы, «жасарып» нашакорлық, жезөкшелік, девиантты тәртіптегі балалар саны өсіп отыр. Сондықтан қазір жалпы білім беретін мектептерде «қиын» баланы қайта тәрбиелеу мәселесі аса өзекті педагогикалық-психологиялық әрі әлеуметтік проблемаға айналды. Соңғы жылдары көптеген психологиялық -педагогикалық, әлеуметтік зерттеулерде девиантты мінез-құлық жайлы немесе мінез-құлықтың ауытқушылығы жайлы мәселе көтерілді. Ғалымдар жасөспірімдер тұлғасын дамытуға нақты диагностика мен коррекция әдістерін анықтаған.

Мінез-құлқында қиындық және «қиын» балалар ұғымы 1920-1930 жылдары пайда бола бастады.

Шетелдік психолог К.Лоренц агрессивтілікті адамның туа біткен реакциясы, яғни агрессиясының көріну себебі биологиялық және әлеуметтік факторлар негізінде жатыр десе, Э.Фромм мен К.Хорни тұлғаның әлеуметтік ортаға қасарысу реакциясынан десе, Мориссон агрессияның көрінуін басшылық етуге қасарушылық деп тұжырымдайды.

Психотерапия саласында өзіндік төңкеріс жасаған клиентке бағытталған терапияның авторы К.Роджерс «жеке тұлға мен оның мінез-құлқы оны қоршаған органы қабылдауына байланысты дамып қалыптасады», -дейді.

С.Т. Холлдың пікірі бойынша, «бала толыққанды дамуы үшін», өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет. Бұны келтіріп отырған себебіміз, баланың «қиын» бала атауына өз халқына тән мәдениетпен, салт-дәстүрмен тәрбиеленбеуі де, ғылыми тілмен айтқанда, этнопсихологиялық ерекшеліктердің ескерілмеуі де өз әсерін тигізуде.

Нақты мәліметтер бойынша агрессивті мінез-құлықты зерттейтін пәндердің ішінде біріншісі әлеуметтану, екіншісі – психология, педагогика және психотерапия т.б.

Психология пәні бойынша жасөспірімдердің демонстративті мінез-құлқының ауытқушылығы деп жеке бөліп қарайды, яғни ол айналасындағы ауытқушылықты сыртқы құбылыс дей отырып нормалық деңгейден бөліп қарауға болмайды, бала іс әрекетінің мотивін толық талдау қажет.

Жасөспірімдік кезең бала ағзасының қайта құрылуымен байланысты. Яғни дене мүшелері дамып гормондар бөліп шығара бастайды. Бойы және салмағы ұлғаяды. Бойы мен салмақтың өсуі дене пропорциясының өзгеруімен қатар жүреді. Ең алдымен басы ұлғаяды, кейін аяқ жағы мен қолдары ұзарады. Осы кезеңде балалар өздерін қолайсыз сезінеді.

Қосалқы жыныстық белгілер пайда бола бастайды. Ұлдардың дауыстары өзгереді. Қарқынды дамумен қатар жүрек, өкпе, бас миының қан айналымы өзгерістерге ұшырайды. *Эмоционалды тұрақсыздық* жыныстық жетілу процесімен қатар жүретін сексуалды қозуды күшейтеді. Ұлдардың көбісі бұл қозудың қайнар көзін түсінеді. Осы кезеңде жыныстық теңдестірлу жоғарғы деңгейге жетеді. Ағзаның қайта құрылуының арқасында өзінің сыртқы пішініне қызығушылық пайда болады. Жаңа *физикалық “Мен”* қалыптасады.

Алғаш жасөспірім кезеңнің әлеуметтік қоғамда дамуына көңіл бөлген Я.А. Каменский болды. Адам табиғатын санамағанда, ол өсіп келе жатқан ұрпақтардың әрқайысын 6 жастан 4 бөлікке бөлді. Жас ерекшелік шекараларын 6 – 12 жас деп анықтап алды.

Жасөспірім кезең дегеніміз – бұл балалық кезбен есейген кез аралығында болатын биологиялық бастама мен арнайы мәдени аяқталу кезеңі деп көрсетіледі:

Антрополог Бенедигт, түрлі қоғамдағы бала тәрбиесін салыстырып «көптеген мәдениеттерде америкалық тәрбиелеу жүйесіндей балалар мен жасөспірімдер арасында арнайы белгілейтін контраст жоқ» деген қорытындыға келді. Ондай мәдениеттерде балалар кішкентай кезінен ересектермен қиындықтарға қосылып өздеріне үлкен міндеттілік пен жауапкершілік арқылы мәдениетті игереді. Ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынаста қарама-қайшылықтар туындамайды, мінез-құлықтарының бірі балалар үшін, бірі үлкендерге деп теңестірілмейді. Бұл кішкентай баланың кезкелген жұмысқа өздігінен дағдылана алуына көмектеседі. Осындай жағдайлардан кейін кішкентай бала ересектік кезеңге қиналмай еркін өтіп, бала ақырындап ересектердің мінез-құлық әрекеттерін меңгеріп, ересектік талаптарды оңай орындайды. Осындай дайындықтар алдын-ала жүргізілмесе, онда кішкентай балалар мен ересектер арасында сәйкестіктер болмай олардың бір-біріне бейімделуі өте қиын болады, нәтижесінде қиын жағдайлар жинақталады: бала кішкентай кезінде ересектікке қажет емес қасиеттерді игеріп алады және болашағына қажет емес дүниелерді үйренуі мүмкін. Сондықтан олар ересектік кезеңге жетуге мүлдем дайын болмайды.

Осы шарттардан келіп жасөспірімдерді тәрбиелеу мен дамытуда біраз қиындықтар туындайды.

Сонымен жасөспірім кезеңнің ерекшеліктері детерминистік, әлеуметтік жалғасулар арқылы, балалар мен ересектер қоғам көмегі арқылы дамитынын көрсетіп қорытындылауға болады.

Кенестік психологтар, зерттеулерінде жасөспірімдердің басқарушы іс – әрекетті жасөспірім қарым-қатынас деп көрсетеді. Себебі бала жасөспірім кезде қоғамдық қарым-қатынасқа көп жасаса, баланың дамуы тездетеді деп анықталған. Жоғары сынып оқушылары, 15-18 жас аралығындағы бозбала мен бойжеткендер деп аталады.

Организмнің дамуы өте тез жүреді де өсуі баяулайды. Жалпы өсу қыздарда 16-17 жаста, ал балаларда 22-25 жастарда біршама тоқталады. Жоғары класс 15-18 жас арасындағы бозбала мен бойжеткендер деп аталады. Организмнің дамуы өте тез жүреді, өсуі баяулайды. Жалпы өсу қыздарда 16-17 жаста, ал балаларға 22-25 жастарда біршама тоқталады. Жоғары класс ақыл парасаты арта түседі, ересек адамдарға тән жүйелі сөзге мән беріп, оның терең мағынасына түсінетін болады.

Оқу мен даму, мінез-құлық бітістерін қалыптастыра бермейді. Организмнің өсуіне, дамуына және соған лайық мінез-құлықтың қалыптасуына сондай-ақ, тұрмыс материалдық жағдай, отбасының өмір салты т.б. көп жағдайлар әсер етеді.

Жасөспірім кезең тұлғаның қалыптасуындағы ең маңызды сатысы болып табылады, әрі ол бір уақыттық акт емес, әлеуметтік пісіп жетілу сипатының әр түрлі дәрежесімен ерекшеленетін тұлғаның, тұлғалық дамудың күрделі процесі. Д.И. Фельдштейн [43] жасөспірім даму процесінің үш дәрежесін бөліп көрсетуге болады деген. Олар:

- «локальді – ерке, қырсықтық» (10-12) баланың дербестікке ұмтылуы, үлкендер тарапынан оның жекелеген тапсырманы шеше алу мүмкіндігі мен маңыздылығын мақұлдауды қажетсінуінен көрінеді. Бұл процесте олардың есейгендігін мойындауын қалау эмоцияналды түрде орын алады.

- «оң – мағыналы» (12-13) олардың бұл талабын қоғамда мақұлдауын қалау мұнда олар өз міндетін ұғынып қана қоймай, сонымен қатар отбасындағы қоғамдық құқықтарын ұғына бастайды,

ендігі жерде «мен қалаймын» деген ересектік дәрежеде емес «мен жасай аламын», «мен жасауым керек» деген дәрежедегі ұмтылыстары қалыптаса бастайды;

- «мақұлдау-іскерлік» (14 – 15) ересектер әлемінде әрекет етуге дайындығы, ересектік тұрғыдан қоғамда өзін-өзі көрсете білу мен мүмкіндіктерін қолдануға тырысуы.

Ғалымдар осы жас кезеңдегі психологиялық жағдайды екі түрлі «қауіпті» сәттермен байланыстырады: психогенетикалық жыныстық жетілуімен байланысты барлық жағдайлар және әлеуметтік кезең – балалық шақтың қызықтары аяқталып, ересектік кезеңге қадам басуы.

XX ғ жасөспірім кезеңі жан-жақты зерттеліп, түрлі тұрғыдан қарастырылған. Сонымен қоса, әлемде жасөспірім кезең туралы зерттелмеген ештеңе жоқ деп болжауға да болар еді. Бірақ бұл дүниенің құпиялығы, әрбір адам өзінің ішкі әлемін ашып, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға бейімделеді. Жасөспірімдер көптеген жағдайды өзінің қобалжу іс-әрекетінен өткізіп отырады. Осы қобалжулар үлкен таусылмас қайғыдай көрінеді. Құпиялық дегеніміз – өзі бұл баланың ішкі жан дүниесінде болып жататын құбылыс. Бұндай құбылысты тек өздері сияқтылар сезінеді.

Мектепте агрессивті жасөспірімдермен жүргізілетін жұмыстардың мазмұны.

Балалардың және жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы және тәрбиесіндегі ауытқулардың алдын алу жұмыстары төмендегі іс-шаралар жүзеге асырылса тиімді болар еді: оқу іс-әрекетінің сәттілігі; қарым-қатынас жүйесінің (құрдастарымен, ата-аналармен) жасөспірімдерді қанағаттандыратын эмоционалдық жағымдылығы; психологиялық жағынан қорғалғандығы.

Қазіргі заманда жасөспірімдерге олардың өмір сүретін микроортасы да әсер етеді. Оның өз ауласында, мектепке барар жолда, қоғамдық орындарда, мектепте тіпті үйінде де тәрбиеге жат, жағымсыз қылықтармен бетпе-бет келетін тұстары да болады.

Осы бағытта қиын жасөспірімдермен жұмыс істейтін әлеуметтік-психологтың мамандардың да жүйелі құрылған педагогикалық қызметтің тұрғысы болуы маңызды.

Жарыс кезіндегі спортшы қимылы мақсаттарды шешудің үзіліссіз шешімдер-күрделі реакциялар арасындағы спортшының тәсілдік ойлауының бірден-бір ерекшелігі. Тәсілдік ойлау барысында спортшы мақсаты мен шешу құралы арасында байланысты орнатуға тырысады. Бұл жерде оқиғалар барысын алдын-ала түсіне білуі жағдайлардың мүмкін болатын өзгерісін алдын-ала байқау ерекше орын алады. Қандай да бір шешім қабылдау кезінде спортшы қарсыласының әлсіз және күшті жақтарын тез анықтап, ескертуді, жарыс өтіп жатқан жағдайларды, сыртқы факторларды тез анықтауды үйрену тиіс. Адамның іс-әрекеті теориялық және практикалық формада жүзеге асырылады. Теориялық іс-әрекетінің мысалы ретінде ғылымның теориялық формула, ереже, сурет т.б. құбылыстардың жалпы заңдылықтарын белгілейді. Сондай-ақ практикалық іс-әрекеттің мысалы ретінде табиғаттағы заттар мен құбылыстарды бақылап, эксперимент жасау арқылы зерттейтін ғалымдардың жұмысын алуға болады. Бірақ қандай іс-әрекетте болса да теориялық және практикалық іс-әрекеттің компоненттері бар. Іс-әрекеттің құрылымындағы мақсат қоя білу, жоспарлауды, жұмыс әдістерін іріктеп алуды теориялық іс-әрекетке, ал қалғандарын практикалық іс-әрекетке жатқызуға болады [5, 142 б.]. Жарысқа психологиялық дайындық жүйесі спортшының жарысқа психологиялық дайындығын қалыптастыруды шешетін бірқатар міндеттерді біріктіреді. А.Ц. Пуни жасаған жарысқа психологиялық дайындықтың жобалық жоспарында осы жүйе берілген. Келтірілген жобалық жоспар жүргізілген жұмыс үшін тек жалпы басшылық болуы мүмкін. Спорттың әр түріне және әрбір спортшыға жеке қолданғанда оны нақтылау керектігі заңды құбылыс. Спортшының жарысқа дайындығы жүйесіне мынадай бөліктер кіреді:

- жарыстың шарттары туралы ақпараттар жинау;
- жарыс алдындағы спортшының жаттыққандық деңгейінің бағалануы мен өзін-өзі бағалау;
- жарысқа қатысудағы мақсаттары мен міндеттерінің қойылуы;
- жарыста өнер көрсету мотивтерін актуальдандыру;
- алдындағы ақыл-ой қызметін бағдарламалау;
- спортшының өз мүмкіндіктерін іске асыруға сенімділік сезімін қалыптастыру;
- оптимальды эмоциональды жағдайды қалыптастыру;

– максимальды еріктік күштерге дайындықты көбейту және оларды жарыс жағдайында ашып көрсету дағдысы;

– жарыс жағдайындағы психологиялық қалыпты өзіндік реттеу тәсілдерін меңгеру [6, 68 б.].

Спортшыны дайындау процесі көп қырлы. Шартты түрде оны үйрету және жаттығу кезеңі деп екіге бөледі, дегенмен, ол бірегей және үзіліссіз педагогикалық процесс. Өйткені, біз үйрете отырып, жаттықтырамыз, өздерінің мақсаты мен әдістері, тәсілдері жағынан ұқсас емес. Ал жаттығудеп-осы меңгерілген дағдылар, білімдер мен тәсілдерді пысықтап, жетілдіруге бағытталған дайындық кезеңін айтамыз. Жаттығудың негізгі міндеті-әдістерді жекелей және топтық тәсілдік қимылдарды жетілдіру, денешынықтыру дағдыларын, психологиялық процестерде дамыту, адамгершілік және ерік-жігерді тәрбиелеу болып табылады. Үйрету мен жаттықтыру процесінің тәрбиелік мәні де бар. Ол спортшылар бойында-талпынушылық, көшбасшылық, шешім қабылдағыштық, балылдық, жігерлік, достық, жолдастық, ұжымдық сезімдерді тәрбиелеуге қажетті мотивация қызығушылықтың идеалдық өмірлік көзқарастың пайда болуына жағдай жасайтындай құрылуы керек. Үйрету, жаттығу және тәрбиелеу процесінде спортшының өсуі, жетілуі іске асады. Спорттық жетілу-бұл психологиялық дағдылар мегн дене қабілеттерінің барынша дамуы және спортшы жеке басының жағымды қасиеттері арқылы спорттық шеберліктің жоғары деңгейін қамтамасз ететін педагогикалық процесс. Спорттық жетілу процесі кезінде мына төмендегідей психологиялық талаптарды сақтау міндетті: барлық ианымдық және басқа процестердің (сезіну, түйсіну, жады, ойлау т.б.) белсенділігін арттыру; назардың қажетті қасиеттерін (интенсивті, тұрақтылық және т.б.) күшейту, назарды бір нсанада екіншісіне тез аудару қабілетіне үйрету, оның тұрақтылығын арттыру әдістерін пайдалану; ерік-жігер күштеріне ынталандыру қабілетін дамыту; спортқа, оқу-жаттығу процесіне тұрақты қызығушылықты арттыру; жоғары адамгершілік, интеллектуалды және эстетикалық сезімдерді тәрбиелеу; спортшы жеке басының ерекшеліктеріне сәйкес келетін іс-әрекеттің ең тиімді жолдарын табуға көмектесетін (спорттық іс-әрекеттің түрлерін қалыптастыру; ағымдағы нәтижелердің есебі мен бақылау сынақтарын кеңінен қолдану [7, 3 б.]). Спортшыны жарысқа психологиялық дайындау жүйесі оның психикалық қалыптарының реттеу мен өзін-өзі реттеудің алуан түрлі тәсілдерін біріктіреді. Бұл тәсілдердің көп түрлілігін төмендегідей топтастыруға болады.

– мақсаты жүйкені шаршатпай, бұлшық еттер шырығуын әлсірететін жаттығулар жиынтығы;

– жарыс алдындағы қолайсыз қалыптарды, көңіл-күйді жоятын сергіту және де сергіту жаттығуларының ырғағын, ұзақтығын спортшы көңіл-күйіне қарай таңдалады;

– жаттықтырушы беделінің әсерлі күші. Спортшының әсіресе жас спортшының спорттық жарыстарға қатысу тәжірибесі болмағандықтан, бұл фактордың маңызы ерекше болады.

Еркін күрестен жасөспірімдер арасындағы жарыста 13-14 жасар жас бала, өте толқулы болады, ол алғаш қатысуы еді. Мұны байқаған жаттықтырушы оған көңілді нәрселер айтып, оны қинап тұрған ойлардан арылтып, қатты уайымдауға негіз жоқ екендігін, бәрі жақсы болатындығына сендіреді. Нәтижесінде бала өз мақсатына жете алады. И.Шультц, О.А.Черникова мен О.В.Дашкевичтер жасаған аутогендік жаттығуы-спортшының эмоционалды қалпын белсенді өзіндік реттеудің комплекстік әдісі. Оны жарыс алдындағы қолайсыз қалыпты тыныштандыруға дене шынығуын төмендету мен жоюда қолданады. Өзіндік реттеудің бірдей әдістері барлық уақытта бірдей нәтиже бермейтіндігін ескеру қажет [8, 56 б.]. Мұның себебі-спортшының жүйке жүйесінің ерекшеліктерінің әртүрлі болуында. Осыған орай, әрқайсысына тіркесу мен жеке дифференциалды жарыс алдындағы дайындықты өткізу спортшылардың төрт түрін бөліп көрсетуді ұсынады:

– спортшының жарыс алдындағы дайындығы күнделікті дайындықтан ерекшеленбейді (жүйке жүйелерінің біл қалыпты, қозғалысты);

– жарыс алдындағы жаттығу толық эмоционалды болуы керек (жүйке жүйесі инертті);

– жарыс алдындағы жаттығуда эмоционалды шырығуды төмендету керек (жүйке жүйесі қозғалысты);

Сонымен жарыс жағдайындағы спортшының психикалық қалпын реттеу спортшының жеке басындағы ерекшеліктеріне тікелей тәуелді болады.

Қорыта келе спортшыны дайындау үдерісін жетілдірудің психолого-педогогикалық бірқатар ұсыныстарын келтірейік:

1. Спортшыны үнемі өзін жетілдіруге тәрбиелеу. Мұнда өзін жетілдіру жұмыстарын қарастыру, өзін жетілдіру әрекеттерін дамыту, өз ісіне және нәтижесіне жауап беру айтылады.

2. Жаттығу кезінде психологиялық қиын тапсырмалары арқылы және жарыстың басты кезендерін моделдеу жолымен спортшыларда «жарыстық төзімділік қорын» қалыптастыру. Психологиялық құралдардың нақты мазмұны спорт түрлерінің спецификасына байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Малкин В.Р. *Повышение психологической надежности спортсмена.* -Екатеринбург, 2001. -196 с.
2. Адамбеков Қ.І. *Балалар мен жасөспірімдердің дене қасиеттерін тәрбиелеу және оның тиімділігін бағалау.* – Алматы, 1993. -123 б.
3. Ақпаев А.Т. *Спортшылар мен спарт командасының психологиялық дайындықтар негізі* – Алматы, 2003. -150 б.
4. Джамгаров Т.Т., Пуни А.Ц. *Психология физического воспитания и спорта. Учебное пособие для ин-тов физ. культ.* –М.: ФиС, 1979. -143 с.
5. *Педагогическая психология. Учебник для вузов. Изд. второе, доп., испр. и перераб.* -М.: Логос, 2000. -384 с.
6. *Психотехнологии в спорте / В. Р. Малкин, Л. Н. Рогалева.* – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2013. -96 с.
7. Адамбеков Қ.І., Ахинжанов К.Д., Солтекова С.А. *Спорттағы жаттығу және жарыс іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 2 (33), 2012. -190 б.*
8. *Методики психодиагностики в спорте / В. Л. Марищук, Ю. М. Блудов, В. А. Плахтиенко, Л. К. Серова.* – М., 1990. -180 с.

Кази О.Т.¹

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА СПОРТСМЕНОВ ПЕРЕД СОРЕВНОВАНИЕМ

Аннотация

В статье описываются основные положения современной психологической подготовки, необходимые для подготовки спортсмена к соревнованиям. А также ряд ключевых мероприятий в форме учебно-воспитательной работы, проводимой в психологической готовности спортсмена, а также формирование и совершенствование спортивных качеств физического лица. Перед соревнованием задача тренера заключается не только в том, чтобы поддерживать настроение, обеспечивающее эффективную работу спортсмена, но и быть готовым использовать быстро развивающееся психическое состояние спортсмена, которое может возникнуть в экстремальной ситуации и учитывать психологические методы контроля за поведением и поведением спортсмена во время соревнований.

Ключевые слова: спортсмены, психологическая подготовка, тренер, умение, мотивация, предварительная подготовка.

O.T. Kazi ¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University

PHSYCOLOGICAL FOUNDATION OF SPORTSMEN BEFORE THE COMPETATION

Summary

The article describes the main provisions of modern psychological training, necessary for the preparation of an athlete for competitions. As well as a number of key events in the form of teaching and educational work conducted in the psychological readiness of an athlete, as well as the formation and improvement of athletic qualities of an individual. Before the competition, the coach's task is not only to maintain the mood that ensures the effective work of the athlete, but also be ready to use the rapidly developing mental state of the athlete, which can occur in an extreme situation and take into account the psychological methods of controlling the behavior and behavior of the athlete during the competition.

Key words: athletes, psychological preparation, trainer, ability, motivation, preliminary preparation.

М.Қ. Сұлтанов ¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

АУЫР АТЛЕТИКАДАҒЫ ЖАТТЫҚТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕЛІ СПОРТШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Түйіндеме

Мақалада, ауыр атлетикадағы жаттықтыру кезіндегі жоғары дәрежелі спортшылардың психологиялық дайындығының мәні, мазмұны және құрылымы қарастырылады. Дайындық залында жүргізілетін жаттығулар өздерінің жылдық дайындығы барысында жаттығу жоспарын құрып, оны 52 аптаға жоспарлайды. Спортшының психологиялық дайындық бөлімі жаттығушыларды ұйымдастыру, тапсырмалардың, жаттығудың мазмұны, дене қыздыру жаттығуларын жасау және зілтеміршілерді күшті қажет ететін жаттығуларды орындауға дайындау, мүсінді қалыптастыру, координациялық қимылдарды дамыту және т.б. тұрады. Сонымен қатар, ауыр атлетикаға жаттықтыру кезіндегі жоғары дәрежелі спортшылардың психикалық дайындығы сараланады.

Кілт сөздер: Ауыр атлетика, жаттығу, психологиялық дайындық, жоғары дәрежелі спортшы.

Спортшының психологиялық дайындығына, спортшының жеке басының ерекшелігін ескере отырып, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық және психологиялық жұмыстың түрлері жатады. Бұл жұмыстар мақсаты спорттық жаттығу, жарыстарға қатысу кезінде спортшыға психологиялық тұрақтылықты қалыптастыру арқылы күш-жігерін толық пайдалануға мүмкіндік ашу болып табылады.

Спортшы психологиясы көптеген себептерге, атап айтқанда оның мінез-құлқы мен жұмыс көлеміне, тамақтану режиміне, ағзаның қалпына келтіру тәсілдеріне және спортшы ағзасының табиғатына байланысты. Жарыстардың алдында спортшы психологиясын қалпына түсіру шаралары жиі жүзеге асырылады. Жұмысқа кірісер алдында психикалық жағдайын диагностикалау шараларын жүргізу қажет. Егер атлет психикасы қозу, алағызу үстінде болса, ең алдымен оны қалыпқа түсіру қажет. Бұл мақсатта жаттығудың аутогендік әдістері: тыныштандыру, спортшы ойын алдағы жарыстардан басқа ойларға аудару, демалысты қалыпқа түсіру, бұлшық еттерді босаңсыту, өзін-өзі сендіру әдістері қолданылады [1, 95 б.].

Психиканы қалыпқа түсіретін жаттығулар арқылы алағызуды төмендету үшін жеңіл массаж, жылы ванна, душ қабылдауды алмастыра отырып спортшыға тыныштық жағдайын тудыру қажет. Спортшының көңіл-күйінің төмендеп кетуі, түңілу кезінде, психиканы қалыпқа түсіру әдістері көңіл-күйдің алағызуды жоғарылатуға бағытталған. Жоғары көрсеткішке жету үшін спортшыға жарыс кезінде өзін аса күшті қарсыластармен салыстыру ұсынылады. Жұлқа көтеру мен серпе көтеру әдістерін ойша сараптап, ойша қайталау да тиімді. Кей жағдайларда спортшыға ел алдындағы, команда алдындағы жауапкершілігін еске салудың да артықшылығы жоқ. Кейде жарыс алдында психологиялық әдістерге қосымша салқын душ немесе салқын компресс алудың да пайдасы мол.

Жарыс кезінде спортшы психикасы алдын-ала дене қыздырудың жиілігін арттыру арқылы бір қалыпқа түсіріледі [2, 103 б.]. Психиканы қалыпқа келтіруде жаттықтырушының рөлі үлкен. Ол өзі жаттықтыратын атлеттің психикасын жете білу арқылы оны қалыпқа түсіру әдістерін жетілдіріп отыруға міндетті. Атлеттің ойын жаттығулар кезіндегі оңды, сәтті шақтарға аударып отырып (мысалы, жаттығу тәсілдердің тиімділігін негіздеу арқылы) оның психикасын қалыпқа түсіруге болады. Егер спортшы шектен тыс толқып тұрса, жаттықтырушы оның көңілін орнықтырып, жарысқа қатысты ойларды ұмыттырып, ал қажет болса айтқан тәсілдерді қолданып отыруға міндетті.

Ауыр атлеттерді оқыту мен сайыстарға дайындауда олардың психикалық, ерік – жігер моральдық дайындықтар елеулі рөл атқарады. Бұл дайындық әсіресе, басқа спортшылардың дайындықтарына қарағанда жоғары дәрежелі спортшыларды дайындауда үлкен маңызды болып табылады. Ауыр атлеттердің жарысқа психикалық дайындығы мен үйренісуі неғұрлым күрделі процесс болып табылады. Бұл кейде қажеттілік болып табылғанымен, ауыр атлеттің жарыс алдын немесе жарыс кезеңіндегі ойының тұрақты болуымен сипатталады.

Заманауи спорт әлемінде спорттық жаттығуларды орындау кезінде нәтижелі көрсеткішке ие болуда спортшылардың физикалық дайындығымен қатар олардың психикалық дайындығы көп өзгеріс

әкеледі: психикалық және физикалық дайындығы жоғары атлеттердің өзі, егер қажетті психикалық функциялары мен психикалық тұлғалық қасиеттерін қоса алмаса жеңіске жете алмайды [3, 210 б.].

Ауыр атлеттің ерік-жігерін жаттықтыру барысында жаттықтырушы психикалық дайындығын жетілдіру үшін оған, алдағы жетістіктерге жетуге мүмкіндік беретін үлкен серпіліс беру керек. Ауыр атлеттердің көбі, жақсы жетілдірілген психикалық дайындық кез-келген жарыс барысында үлкен нәтиже береді деп есептейді. Бұл жерде спортшының психикалық дайындығы үлкен рөл атқарады, атлеттің жарыс алдындағы немесе жарыс барысындағы жеке басының жеңіске деген ұмтылысы оның психикалық өз-өзін реттеумен ұштасқан кезде жақсы нәтижеге жете алады.

Ауыр атлеттің психикалық дайындығы жалпы және арнайы болып, өзін жалпы дайындық кезіндегі кездесетін жеке кедергілерді жеңе алуында көрінеді. Жарыс кезінде атлеттің зілтемірді (серпе және жұлқа көтеру) көтеруі барысында, оның жарысқа дейінгі дайындығы барысындағы әдістеменде қолданылған психикалық дайындығы үлкен көмек болады. Ауыр атлеттің жеңіске деген ұмтылысы мен жеке қажеттілігін қанағаттандыру үдерістері бірігіп, жарыста ұтып шығуына мүмкіндік береді. Спортшылардың психикалық дайындығы осы көрсетілген техника барысында олардың қолданылуы конкурсқа туындауы мүмкін проблемаларды шешуге, олардың ерік-жігер қасиеттерін жақсартуға, осы дейін үйренгендерінің барлығын толық пайдалану үшін қажет. Сонымен қатар, атлеттердің функционалдық қабілетін, физикалық қасиеттерін де арттыру маңызды болып табылады. Жылдық циклы барысында атлеттер негізінен жарысқа қолайлы жағдайда ғана дайындалу керек. Сонымен қатар, осымен бірге негізгі жарыстың талаптары да аталуы қажет, егер алдын ала белгілі болған жағдайда, оған теңіз деңгейінен биіктігі, өткізілетін күні мен уақыты кіреді. Әрине, бұл ауыр атлеттер үшін жағдайды жеңілдетпейді, себебі, олардың жарыс шарттары тек қана зілтемірге байланысты болып келеді. Сондықтан, зілтеміршілер аталған талаптарға тез үйреніседі. Солай болғанмен де, негізгі жарыстың алдында дайындық міндетті түрде өткізілуі керек, мүмкіндігінше жарыс орны, уақыт айырмашылығы, табиғи және климаттық жағдайлар, теңіз деңгейінен биіктігі, бағдарламаның күні мен сағаты тәрізді жағдайлар ескерілуі қажет. Сонымен қатар, жарыстың барлық өткізілу көрінісімен дайындалған жөн: дайындықтан бастап, зілтемірдің дара көтерілуіне дейін. Зілтеміршілер осы ерекшеліктерді алдын ала зерттеп, соған төселуі қажет. Олар аталған жарыс кезінде сыртқы ұйымдастырылудың ешқандай элементін жіберіп алмауы қажет.

Жарысқа дайындалудың келесі бір маңызды шарты қарсыластарын алдын ала зерттеу болып табылады. Қарсыластарын жақсы білу ауыр атлетке онымен психологиялық түрде күресуге мүмкіндік береді. Кейбіреулері бұл фактіге аса мән бере бермейді. Бұлай тек қарсыластарынан өзінің нәтижесі жағынан әлдеқайда басым болып тұрған атлеттер жасауға мүмкіндігі бар. Дегенмен, оларға да осы қарсыластары туралы білу жарыста психологиялық түрде күресуге жағдай жасайды [4, 5 б.]. Атлетке қарсыласын алдын ала білу, дайындық кезеңі кезінде және жарыста тактикалық күрестің жүрісін бақылауға мүмкіндік береді сонымен қатар оның ең жоғарғы көрсеткіші қандай болатынын да болжауға болады. Сондықтан, басты жарысқа психологиялық дайындық кезінде тек жарыстың өзі ғана емес атлеттердің өзара психологиялық қарым-қатынастары мен өмір сүру деңгейін, дайындық методикасын түгел қамтитын документалды фильмдер қарауға болады. Осы жағдайда сонымен қатар, жетекші атлеттер мен олардың жаттықтырушыларымен жақсы әңгімелесу де жақсы нәтиже береді деп ойлаймыз. Әрине, жарысты бір деңгейде өтеді деп жоспарлау үнемі негізгі жарыс жағдайында мүмкін бола бермейді, бірақ сонда да мүмкіндігінше кейбір жағдайларда осыны орындауға тырысу қажет. Басқа елдер мен қалаларға барып жарыстарға қатысып жүрген атлеттер таныс емес жағдайларға бірден үйреніседі, әрі психологиялық тұрғыда да тезірек үйренісуге бейім болып келеді.

Атақты зілтеміршілердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, жарыс кезеңін айтарлықтай етіп жоспарлау олардың арнайы психологиялық дайындығын жетілдірудің маңызды құралы болып табылады. Алдын ала болжанған жағдайлармен дайындалумен қатар, атлет әр түрлі өзгерістерге, мүмкін болған қиындықтарға психикалық тұрғыда дайын болуы қажет. Мысалы, жарыс әр түрлі себептермен бір немесе екі сағатқа алға жылуы немесе тіпті басқа күнге ауыстырылуы мүмкін. Осы аталған мысалдар атлеттерді осындай мүмкін болатын қиыншылықтарға дайындауға кеңес береді, себебі олар осы жағдайларға сәйкес ашуланып немесе осы күтпеген жағдайлардың әсерінен шыға алмай қалуының алдын алады. Сондықтан оларды осындай жағдайлар бола қалған жағдайда, олар тіпті теріс жағдаларға әкелсе, жоғары дайындықпен және оң әсермен жауап қайтаруға үйрету қажет. Зілтеміршілерге жарыс кезінде қандай қиын жағдайлар орнамасын оларға тек оң әсермен қарауға тәрбиелеу керек. Жоғары спорттық шеберліктің негізіне жоғары санатты спортшының кез келген

келеңсіз жағдайларға оң баға беруі және оны жеңіп шығатынына сенімділігі жатады. Олар жарыс жағдайында кездесетін кез-келген қиыншылықтарды ұлғайтпай, қайта оны жеңіп шығуға өз-өзіне жағдай жасауы қажет. Өкінішке орай, біз бірнеше рет жарыс жағдайында пайда болған азғантай қиындықтардың өзі атлеттердің тарапынан теріс әсердің пайда болғанына куә болып келеміз.

Атлеттер үшін кез келген қиындықты ұлғайтып көрсету теріс құбылыстарға алып келетінін, соның ішінде тек өз күшіне сенбеушілік қана емес, сонымен қатар алға қойған мақсатына жетуге де кедергі келтіретінін білуі маңызды. Сондықтан жаттықтырушы баста болатын теріс әсердің психикалық пайда болу табиғатын, яғни нені ойласаң, сол болатынын асықпай түсіндіруі қажет. Баста не болса әсер мен көңіл-күй де соған байланысты болады. Көптеген атлеттерде өз елінде ғана жоғары жетістікке жетуге болады деген қате пікір қалыптасқан. Бірақ шын мәнінде, бұл пікірді олар өздеріне өздері дарытқан. Негізгісі бұл атлеттің дайындығы мен өзі көрсете алатын мүмкіндіктері. Мысалы, атлет өзін жарыс қайда өтпесін жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізуге болады деп өз-өзіне сенім білдіруі керек. Бұған көптеген жағдайларды мысалға келтіруге болады. Мысалы, жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізіп, әлемдік рекорд орнатқан көптеген Азия, әлем, Олимпиада ойындарының жеңімпаздары тек өз елдерінде ғана емес басқа елдерде, тіпті байқа құрлықтарды да өнер көрсетті. Осылайша қазақстандық зілтеміршілер Пекинде және Лондонда өткен Олимпиада ойындарында өте жоғары жетістіктерге қол жеткізген болатын. Ауыр атлеттердің жаттығуы кезінде «үйренгенде ауыр болса, жарысқанда жеңіл болады» деген принципті басшылыққа алған жөн. Мысалы арнайы дайындықтардың кезінде магнитофонға көрермендердің айқайын, қатты дыбыстағы әуенді, әр түрлі жарқырап тұратын жарықтарды қолдануға болады. Бұлардың барлығы атлет үшін ойын бір жерге шоғырландырып, өзінің дайындығын көрсетуге кедергі келтіретін фактор болып табылады. Бұл дайындықты одан әрі ауырлатады, бірақ жарыс кезінде кез-келген жағдай болғанда зілтеміршіге өзін барлық жағынан көрсетуіне көмегін тигізеді. Бұл алда болатын жарысты модельдеп қана қоймайды, сонымен қатар оны одан әрі дамыта түседі, атлеттің бойындағы маңызды болып табылатын психикалық тұрақтылық, салқынқандылық, мінез тұрақтылығы сияқты ерекшеліктерді одан әрі шыңдайды. Сондықтан дайындық кезіндегі осылай жағдайды біршама ауырлату алдағы жарыс кезінде барлық жағынан жоғары жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді, әрі тиімді тәсіл болып табылады. Зілтеміршінің психикалық тұрақтылығын шыңдау ауыр атлетикамен айналысудың алғашқы кезеңінде-ақ қолға алынуы керек.

Психикалық тұрақтылықтың жоғары деңгейінің көрінісі өз өзіне ие болу мен шыдамдылық болып табылады. Әсіресе осы қасиеттер жарыс кезеңінде өте маңызды болып саналады, себебі психикалық тұрақсыздық сыртқы ортамен байланысқа түскенде пайда болып жатады. Бірақ, атлеттің шеберлігі анағұрлым жоғары болған сайын, ол сыртқы теріс жағдайларға аса мән бере бермейді әрі сыртқы жағдайларға психикалық тұрғыдан шыдамды болып келеді [5, 25-27 бб.]. Сондықтан, жаттықтырушы атлеттерді жарыс жағдайындағы сыртқы ортаның теріс шарттарына оң көзқараспен қарауды үйретуі керек, сонда олардың бойында психикалық тұрақтылық пайда болады. Ол атлетке сыртқы ортада болып жатқан жағдайларды барлығына олардың солай ойлауы әсер ететінін, сондықтан олардың не естіп, нені көргендеріне олардың өздері ғана кінәлі екендігін түсіндіріп, бұның жоғарғы нәтижеге қол жеткізуіне кедергі келтіретінін түсіндіруі керек.

Атлеттер өздерін қинайтын жағымсыз жағдайларға байланысты факторларды ой елегінен өткізуі керек, сонда ғана олар жағымсыз факторларға бағынышты болмайды. Осындай жағдайларда атлеттер жарыс кезеңіндегі жағымсыз жайттарға алаңдамай, оларды күнделікте өмірде кездесетін қиындық ретінде қабылдай алады. Осы жағдайдың оңтайлы шешілуі үшін атлеттерді бұдан да қиын жағдайда алда болатын жарысқа дайындауға болады.

Жаттықтырушы өзінің атлеттерін қандай жағдай болмасын көңіл-күйді түсіруге болмайтынын үйретуі керек. Егер сары уайымға салынып кетер болса ешқандай жақсы нәрсені күтудің қажеті жоқ. Егер жабырқау болды дегеннің өзінде де, оған қарсы күштің өзі жаттығуда жатыр. Тек жаттығу ғана атлетті жабырқаулы көңіл-күйден шығарып, бұрынғы қалыпты күйіне әкеле алады. Әрине, жарыс барысында күтпеген жерден сәтсіз өнер көрсететін жағдайлар да кездеседі. Қатысушылар көп, ал бірінші орын жалғыз. Сондықтан атлеттер жағымсыз эмоцияларға көп берілмеуі қажет. Олар сәтсіздіктер ақыр аяғында жеңіске әкелетінін білуі қажет. Көп жағдайда сәтсіздіктердің себебі жаттықтырушыға да, атлетке де белгілі. Бұл себептің өзі психологиялық тұрақсыздық болып табылады. Атлет өзін жинақтап, әрі жағымды көңіл-күйді сақтауды өзінен бастауы керек, тіпті оның қарсыластары тарапынан ондай жағдайлар байқалмаса да. Олар жарысты абыроймен жалғастыру керек, себебі ашулану жағдайды ауырлатады, әрі ол қарсыласқа жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Қарсыластарды ұнатпау тек қана жағымсыз нәтижелерге алып келеді, себебі ол бас миындағы өте күшті козуды тудырады да, өз кезегінде ол жұлқа көтеру мен серпе көтеру кезіндегі орнатылған координацияларды, психикалық қалыпты бұзады.

Атлеттердің психикалық тұрақтылығы өте жылдам өзгеруі мүмкін, бір сағаттан бастап, тіпті бірнеше минуттың ішінде бұзылуы да мүмкін. Психикалық тұрақтылық басқа тәуелді болғандықтан қалыпты жағдайдан арнайы ұйымдастырылған әдіске дейін психикалық қалыпты бұзып, беріктілігін әлсіретуі де мүмкін, осының салдарынан спорттық нәтиже әлсірейді. Сондықтан атлеттер жарыста өздерінің қалыпты психикалық дайындығын бұзып алмауға дағдылануы керек. Мысалы, бір қарағанда түсініксіз көрінетін, яғни күшті атлеттің әлсіз атлеттен жеңіліп жататын жағдайларын кездестіруге болады. Бұны әлсіз атлеттің жарысқа психикалық тұрғыда жақсы дайындалып сайысқанымен түсіндіруге болады. Ал біршама күшті атлет өзінің оңай жеңіске жететініне өзін психикалық тұрғыда даярлап, нәтижесінде өзінің нәтижесін түсіріп алып жатады. Бұның себебі, өз қарсыласын жете бағаламау, нәтижесінде теріс көрсеткіштерге әкеліп соқтырады. Бірақ атлет сайыстар арасында жағдайды өзгертуге барынша тырысады, бірақ бұл көбіне мүмкін бола бермейді. Ауыр атлетикада спорттық күрестің бірнеше түрлерін кездестіруге болады. Осы сәтте атлеттің психикалық дайындығын еске алған жөн, оған қарсыласының өзі ескермеген әрекеттерінен қорықпауы қажет. Әлбетте, бұны алдын ала қарсыластың дайындықтарынан болжап білген жөн. Бірақ барлық жағдайды бірдей ойластырып қою тағы да мүмкін емес. Сондықтан да, ауыр атлеттердің дайындығында ең маңыздысы, жарыс кезінде кездесетін әр түрлі жағдайларға даярлығы олардың психикалық дайындығы болып табылады.

Қайраттылыққа тәрбиелеу спорттық дайындаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Қайраттылық қасиеттерге жататындар: табандылық, қайсарлық, мақсатына жету үшін өз дегенінен қайтпау, қиыншылықты жеңу кезіндегі ұстамдылық пен шыдамдылық, батылдық, шешімділік, тәртіптілік, ерік-жігердің мықтылығы және т.б. Ауыр атлетикада, дұрыс ұйымдастырылған спорттық дайындық және жарысқа қатысу қайраттылық қасиеттерді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Кез келген адам өзінің алдына қойған қандай да бір айқын мақсат қояды. Олардың қайсысына болсын жетуі түрлі қиындықтарды жеңіп шығуына байланысты. Жаттықтырушы мен спортшы алға қойған мақсаттарына жетудің нақты мерзімін белгілейді. Мысалы, классикалық жаттығулардың техникасын зерттеп үйренуге 6 ай бөледі [6, 127 б.].

Арнайы жаттығулармен айналысу процесінде батылдық, шешімділік тәрбиеленеді. Бұл жаттығулардың сипаты (мысалы, кедергілердің үстінен қарғу: барьер, қоршау, гимнастикалық «теке» немесе «ат»; мұнарадан суға секіру және т.б.) спортшылардың қайрат-жігерін шыңдауға жетелейді.

Спортшының жарыстарға қатысуы өте маңызды. Тек сонда ғана атлеттің техникалық және физикалық дайындығымен бірге психологиялық тұғырдағы жақсы мен жаман жақтары белгілі болып шығады. Көп жағдайда жаттықтырушы атлетті максимальды салмақты көтеріп, күшті қарсыласынды жеңуге мүмкіншілігің бар деп сендіреді. Жарыс кезінде атлеттің дұрыс ұйықтамағанын, басының ауырғанын, енжарлықты және т.б. сезінуін ойлауына болмайды. Бұл кездегі басты назар тек алда тұрған жаттығуларды ғана болуы керек. Спортшының моральдық ерік-жігері мен қайраттылық тәрбиесі көбіне көп жаттықтырушының беделіне, оның білімі мен біліктілігіне, талабына және т.б. байланысты. Жаттықтырушының жұмысында сендіру, түсіндіру, мадақтау, ескерту секілді әр түрлі психологиялық әдістер пайдаланылады. Жарыс алдында және оның өту барысында атлеттің толқу үстінде жүретіні шындық. Жаттықтырушы өзін-өзі жақсы ұстауы керек және осыған спортшыны да тарту керек, оны жеңіске жұмылдырумен бірге күдіктер мен толқуларды аулаққа ысырып тастағаны дұрыс.

Үлкен жарыстардың алдында спортшылардың орталық жүйке жүйесінің қозуы көрініп тұратыны белгілі. Жүйке энергиясын құр босқа шашпау үшін үлкен ұстамдылық пен психикалық тұрақтылық керек. Атлеттің ұйқысы, жақсы дем алуы оның қобалжымауына, тамаша нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Жарыс кезіндегі күн тәртібі ерекше болмауы тиіс, бірақ оны спортшы келесі сайысқа шығу туралы көп ойламайтындай етіп ұйымдастырған абзал. Жарыстан кейін күн тәртібін күрт өзгертуге болмайды және физикалық жүктемеден мүлдем бас тарту дұрыс емес – толық демалысқа екі күннің өзі жеткілікті. Бұл күндері таңғы дене шынықтыру жаттығуларымен шектелуге болады. Алғашқы екі аптада жүктемені азайтқан жақсы. Тек көмекші қосымшаларын ғана пайдаланып, классикалық жаттығуларды машықтандырудан алып тастау керек. Бұл кезеңде спорттың басқа түрлерімен айналысқан пайдалы. Бірақ зілтемірмен машықтануды ұмытпау керек.

Спортшының қайраттылық ерік-жігері оның тәртіптілігінен және өзін-өзі тәртіпке шақыра білуінен, машықтандыруда белгіленген талаптарды және жарыс ережелерін сақтауынан, жаттықтырушы нұсқауынан (спортпен айналысу, биік нәтижелерге жетуге ұмтылыс) айқын көрініп тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұстафин С.К. *Ауыр атлетика.* – Алматы: Баянжүрек, 2012. -260 б.
2. Сивохин И.П. *Управление подготовкой тяжелоатлетов высокой квалификации на основе комплексного контроля тренировочной деятельности: дисс. ... докт. пед. наук: 13.00.04.* – Алматы, 2009. -287 с.
3. Рудик П.А. *Психология. Учебник для учащихся техникумов физической культуры.* – М.: ФиС, 1976. – С. 210.
4. Платонов В.Н. *Подготовка квалифицированных спортсменов.* – М.: ФиС, 1986. – С.5.
5. Верхошанский Ю.В. *Принцип организации тренировки спортсменов высокого класса в годичном цикле // Теория и практика физической культуры. 1991. №2.* – С. 24-30.
6. Мұстафин С.К. *Особенности развития мышечной силы у тяжелоатлетов // Проблема реактивности и адаптации клеток, тканей и органов: матер. IV конф. морфологов Средней Азии и Казахстана.* – Караганда, 1988. – С. 127-128.

Султанов М.К.¹

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА ВЫСОКОКВАЛИФИЦИРОВАННЫХ СПОРТСМЕНОВ ВО ВРЕМЯ ТРЕНИРОВОК ПО ТЯЖЕЛОЙ АТЛЕТИКЕ

Резюме

В статье рассматривается сущность, содержание и структура психологической готовности спортсменов высокого класса во время тренировки по тяжелой атлетике. Упражнения в тренажерном зале к 52-недельному учебному плану во время их ежегодного обучения. Упражнения которые проходят в подготовительном зал, они планируют свой план обучения во время их ежегодного обучения и планировать его на 52 недели. Секция психологического тренинга спортсмена организована тренерами, заданиями, упражнениями, физически упражнениями и подготовкой упражнений по тяжелой атлетике для сильных спортсменов, формирования скульптур, разработки координационных движений и т.д. А также психологическая готовность высококвалифицированных спортсменов во время тяжелой атлетики.

Ключевые слова: Тяжелая атлетика, физические упражнения, психологическая подготовка, спортсмены высшей квалификаций.

Sultanov M.K.¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University

PSYCHOLOGICAL PREPERATION OF HIGH QUALIFIED SPORTSMEN DURING THE TRAININGS OF NEIGHTLIFTING

Summary

The article deals with the essence, content and structure of psychological readiness of high-class athletes during training in weightlifting. Exercises in the gym to the 52-week curriculum during their annual training. Exercises that take place in the preparatory hall, they plan their training plan during their annual training and plan it for 52 weeks. The psychological training section of the athlete is organized by trainers, tasks, exercises, physical exercises and preparation of weightlifting exercises for strong athletes, the formation of sculptures, the development of coordination movements, etc. And also the psychological readiness of highly qualified athletes during weightlifting.

Key words: Weightlifting, physical exercises, psychological preparation, sportsmen of the highest qualifications.

З.Қ. Орманова ¹, А.М. Ұйқасбай ²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Мақала оқыту мен тәрбиелеудегі оқушыларда кездесетін мәселелерді қарастырады. Сонымен қатар, шетел ғалымдарының оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде кездесетін қиындықтарды зерттеген тұжырымдамаларына тоқталған. Оқыту мен тәрбиелеудегі оқушылардың мәселелері қарастырылып, білім алуда үлгермеушіліктің себебі анықталып, оны түзету мақсатында орыс ғалымдарының қағидалары мен шарттары ұсынылды.

Осы қағидаларға сәйкес келесілерді қамтитын кешенді көмек жүйесі тұрғызылады: туындайтын мәселелерді бақылау және талдау, мектептегі қиындықтардың себептерін анықтау; мамандардың кеңес берулері; көмектің мақсаттары мен нақты міндеттерін айқын анықтау; кешенді көмек жұмысын ұйымдастырудың дара жоспарын жасау; оқытудың дара жоспарын жасау; оқытуды қалыптасқан функцияларға және қалыптаспаған функцияларды қатарынан «тартуға» сүйену; оқу материалын меңгерудің реттілігі; оқытудың жаңа кезеңіне алдыңғысын толық меңгергеннен кейін ғана өту; өткен материалды тұрақты түрде қайталау.

Түйін сөздер: Оқыту мен тәрбиелеу, психолог ғалымдар, психологиялық мәселелер, оқытудағы қиындықтар.

Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан өзгерістердің жылдамдығына ешкім таң қалмайтын болды. Күніне мың құбылған заманда әлеммен бірге адамда өзгеруде. Бұл өзгерістер біздің білім жүйемізге де ықпал етті. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағаннан бергі уақытта елімізде жан-жақты реформалау үрдісі аяқталған жоқ. Жеке тұлғаға бағдарланған сабақтар жүйесі, 12 жылдық білім мазмұнының негізгі өзегі- қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай –ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттік маңызды іс. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторы және оны жан-жақты жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәнімен оның проблемаларын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты білім берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жақты қалыптастыру.

Жеке тұлғаның қалыптасуы – үздіксіз күрделі процесс. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескеріп, балалар мен жастардың білімге, ғылымға ықыласын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу қажет. [1]

Осы мәселе бастауыш сынып жасында ерекше өткір бола түседі. Бұл бастауыш сынып оқушысының мектеп өмірінің атмосферасына енді ғана кіруімен байланысты, оқу қызметі оған оның дамуының алдыңғы кезеңдерінде қойылмаған талаптарды қояды. Сондықтан, қиындықтарға жолыға отырып, барлық бастауыш сынып оқушылары өздерінің тұлғалық және интеллектуалдық ерекшеліктеріне байланысты оларды жеңе бермейді. Бастауыш сыныптарда оқу кезіндегі қиындықтар баланың міндетті мектеп бағдарламасын меңгеруіне айтарлықтай кедергі келтіреді. Осы оқу кезеңінде балаларда алдағы жылдары білімдер жүйесінің іргетасы қалыптасады, сонымен қатар, әрі қарай оқу мен тәжірибелік қызметі мүмкін болмайтын ақыл-ой және тәжірибелік операциялар, әрекеттер мен дағдылар қалыптасады. Осы іргетастың болмауы, бастапқы білімдер мен қабілеттерді меңгермеу оқу бағдарламасын меңгеруде шектен тыс қиындықтарға әкеледі. Оқудағы қиындықтардың себептерін диагностикалау және балаға уақытылы түзету көмегін көрсету үлгермеушілікті жеңуге көмектеседі. «Қиындық» термині психологтардың еңбектерінде бірнеше рет қарастырылды. Н.А. Подымов, Е.А. Домырева адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында туындайтын, оның мақсаттарына жетуге кедергі келтіретін әр түрлі кедергілерді жеңуді зерттеді. М. Тышкова, Е.Е. Данилова, В.В. Ковалев, Д.Н. Исаев «қиын жағдайларды» қарастырды. Оқудағы қиындықтар мәселесі А.Ф. Ануфриевтің, С.Н. Костроминаның, Ю.З. Гильбухтың, Н.П. Локалованың

еңбектерінде зерттелді. Мектеп оқушыларының оқу қызметіндегі қиындықтардың себебін көптеген педагогтар мен психологтар қарастырған (Л.С. Славина, Н.Ф.Круглова, Н.П. Слободяник, А.Р. Лурья, Н.Я. Семаго, Л.В. Орлова, Н.Г. Лусканова, М.М. Безруких, В.В. Шмидт, Ю.К. Бабанский).

Оқудағы көптеген қиындықтар әрбір жағымсыз фактор алдымен сыртқы жағдайлардан туындайтын, сосын біртіндеп бір-бірін күшейтетін басқа да жағымсыз факторларды тудыратын «зиянды шеңберді» қалыптастырады. Сондықтан, психологқа көп жағдайда әрбір нақты оқушының үлгермеушілігінің бір емес, бірнеше себебін іздеу және оларды кешенді түрде жоюға ұмтылуы қажет болады. Осы жұмыста «қиындықтар» мен «үлгермеушілік» терминдері синонимдер ретінде қолданылатын болады.

Мектеп оқушысының оқу жұмысының қиындығы неге тәуелді? Бір жағынан, оқу материалының ерекшеліктеріне, басқа жағынан, оқушының өзінің мүмкіндіктеріне, оның есінің, зейінінің, ойлауының дара және жастық ерекшеліктеріне, сондай-ақ, мұғалімнің шеберлігіне тәуелді. [2]

Басты, маңыздыны бөліп көрсету қиындығы мектеп оқушысының оқу қызметінің негізгі түрлерінің бірінде – мәтіннен түсінігін айтуда айқын көрінеді. Кіші мектеп оқушыларындағы ауызша түсінік айту ерекшеліктерін зерттеген психолог А.И. Липкина қысқаша түсінік айту толығырақ түсінік айтуға қарағанда балалар үшін қиын екендігін байқады. Қысқаша айту – бұл негізгісін бөліп көрсеті, оны егжей-тегжейінен бөлу, бірақ, бұл балалардың қолынан келмейді.

Оқушылардың мектептегі үлгермеушіліктің себебіне айналуы мүмкін негізгі факторлары келесілер болып табылады:

1. Оқу қызметінің ерекшеліктері. Оқу қызметі баладан өз бетімен ойлануды, оқу міндеттерін анықтауды, оқу тапсырмаларын шешудің ұтымды тәсілдері мен әдістерін таңдауды, өзінің жұмысын бақылау мен бағалауды талап етеді. Көптеген жасөспірімдер оқу қызметінің жаңа формаларын орындауға дайын болмай шығады.

2. Ал, орта сыныптарда мұғалімдермен өзара қарым-қатынастар. Орта мектептегі педагогтың демократизмі көбінесе өзара қарым-қатынастардың либералды-салғырттық стилі ретінде қабылданады. Сонымен қатар, әр түрлі талаптар қоятын көптеген мұғалімдерге бірден бейімделу бірқатар қиындықтар тудырады.

3. Оқу бағдарламасын меңгеруді қиындататын жекелеген танымдық үдерістерді қалыптастырудағы кемшіліктер.

4. Эмоциялық бұзылыстар. Тіпті дені сау балалардың көңіл-күйлерінің, мінез-құлқының шекті тұрақсыздығы, өзін-өзі бағалаудың үнемі өзгеріп отыруы мен реакциялардың адекватсыздығы сипаттайды.

5. Білімдер мен оқу бағдарламаларынан артта қалу мәселелері. Жаңа материал оқушыға оқу барысында әрі қарай артта қалуына себеп бола отырып, түсіну үшін жетімсіз немесе түсініксіз болуы мүмкін.

6. Ата-аналардың мектептегі оқуға қатынасы мен оқушының отбасы ішіндегі жағдайы.

Оқытуда қиындықтары бар балаларға психологиялық көмектің ерекшеліктерін М.М. Безруких оқытуда қиындықтары бар балаларға көмектің негізгі қағидаларын бөліп көрсетті.

Бірінші қағида – мектепте мәселелері бар кез келген бала тиісті және уақытылы ұйымдастырылған түзету көмектесу жүйесінде толыққанды бастауыш білім алуға қабілетті.

Екінші қағида – кешенді қиындықтарды түзету – көп аспектілі міндет, сәйкесінше, оны сәтті түрде шешу үшін сыртқы да, ішкі де факторларды ескеру қажет.

Үшінші қағида – мектепте мәселелері бар балаларға көмек – бұл жазу мен оқуды үйретудегі қиындықтар емес, оларды тудыратын себептер түзетілетін көмек.

Төртінші қағида – танымдық функциялардың дамуындағы спецификалық емес (оқу үдерісін оңтайландыру, режимді қалыптандыру, отбасы мен мектептегі шиеленісті жағдайларды жою және т.б.) және спецификалық қалыптаспау немесе бұзылыстардың шараларын қамтитын, оқытудағы қиындықтары бар балаларға жүйелі көмек.

Бесінші қағида – оқытуда қиындықтары бар балаларға кешенді көмекті ұйымдастыру. Бұл педагогтың, психологтың, логопедтің және ата-аналардың жүйелі жұмысы мен жүйелі өзара әрекеттесуі. [3]

Осы қағидаларға сәйкес келесілерді қамтитын кешенді көмек жүйесі тұрғызылады: туындайтын мәселелерді бақылау және талдау, мектептегі қиындықтардың себептерін анықтау; мамандардың кеңес берулері; көмектің мақсаттары мен нақты міндеттерін айқын анықтау; кешенді көмек жұмысын ұйымдастырудың дара жоспарын жасау (жұмысқа қабілеттілік пен денсаулық жағдайының дара

ерекшеліктерін ескере отырып); оқытудың дара жоспарын жасау (мектептегі қиындықтар болжанын балалар үшін); оқытуды қалыптасқан функцияларға және қалыптаспаған функцияларды қатарынан «тартуға» сүйену (арнайы сабақтар жүйесінде); оқу материалын меңгерудің реттілігі (қадам бойынша); оқытудың жаңа кезеңіне алдыңғысын толық меңгергеннен кейін ғана өту (оқытудың дара қарқыны); өткен материалды тұрақты түрде қайталау; жұмыстың нәтижелері мен баланың функционалды жағдайын жылына екі рет тәуелсіз бағалау. Оқытудағы қиындықтар кезінде көмек көрсету тиімділігінің басты шарты түзету жұмысын бастаған жөн болатын санау нүктесін анықтау болып табылады. Ол үшін алдын ала дайындау элементтеріне қайта оралу, баланың толық меңгергендігін анықтау қажет. Егер жоқ болса, онда қиындық тудырғаннан бастау қажет. [4]

Мектептегі қиындықтарды тиімді түзету бірқатар шарттарды сақтай отырып қана мүмкін болады.

БІРІНШІ ШАРТ – қиындықтарды, олардың себептерін психофизиологиялық және психологиялық диагностикалаудың, олардың ерекшеліктерін бөліп көрсетудің заманауи әдістерінің болуы.

ЕКІНШІ ШАРТ – педагогтардың мектептегі қиындықтардың себептері мен механизмдерін білуі, осы себептерді бөліп көрсете алауы, көмек көрсетуді ұйымдастыру әдістемелері мен технологияларын меңгеру.

ҮШІНШІ ШАРТ – мамандардың – психологтың, логопедтің, дәрігердің қажетті кеңес беру көмегін алу және көмек берудің кешенді бағдарламасын жасаудың мүмкіндігі.

ТӨРТІНШІ ШАРТ – мектепте мәселелері бар балаға көмек беруді ұйымдастыру кезіндегі отбасының бірлескен жұмысы мен жұмыстың бірыңғай тактикасы.

БЕСІНШІ ШАРТ – оқушыларға кешенді жүйелі көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін мамандардың, ғимараттардың, материалдық құралдардың және т.б. болуы.

Психологтың баланың өзін-өзі дамуына көмегі диагностикаладан басталады. Оның мақсаты – мектеп оқушыларының оқуындағы негізгі қиындықтарын анықтау. Мектеп оқушыларының үлгермеушілігін психологиялық диагностикалаудың неғұрлым тиімді әдістері тестілеу, сауалнама алу, мектеп құжаттамасын талдау, бақылау болып табылады. Диагностикалаудың оқытудың үдерісінде жүзеге асырылуы және жүйелі түрде жүргізілуі тиістігін ескер қажет. Тек осы жағдайда нашар үлгеретін балалармен жұмыстың жағымды нәтижелерін қадағалауға болады. Оқуда қиындықтары бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық зерттеуді қарапайым ортақ сызба бойынша жүзеге асырған орынды: оқудағы қиындықтарды анықтау, осы қиындықтарды тудырған себептерді анықтау [5].

Сонымен, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде кездесетін психологиялық педагогикалық мәселелерді анықтап, шешімін табу, психологиялық диагностикалық, профилактикалық, коррекциялық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Боденко Б.Н. Выявление некоторых причин трудностей в обучении. // Научно-практические проблемы школьной психологической службы. – М., 1987.
3. Степанова О.А. Профилактика школьных трудностей.
4. Ануфриев А.Ф., Костромина С.Н. Как преодолеть трудности в обучении детей. М., 1998.
5. Божович Л.И. Мотивы учения у детей младшего школьного возраста // Очерки психологии детей / Под ред. А.Н. Леонтьева, Л.И. Божович. М., 1950.

З.Қ. Орманова ¹, А.М. Уйкасбай ²

^{1,2} Казахский Национальный Педагогический Университет им.Абая

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ОБУЧЕНИИ И ВОСПИТАНИИ УЧЕНИКОВ

Аннотация

Статья рассматривает некоторые проблемы в обучении и воспитании школьников. Также рассматривает концепции иностранных ученых о трудностях в обучении и воспитании школьников. Рассматривая эти проблемы, русские ученые исследуют принципы и условия отставания школьников в обучении и воспитании и пути их разрешения. По такому принципу разрабатывается системный подход: контроль и анализ проблемных вопросов, определение причин возникновения трудностей; совет профессионалов, определение цели и задач

системного подхода, составление индивидуального плана организационной работы, опираться на сформированные и несформированные функции; порядок управления учебным материалом; переход на новую ступень обучения; постоянное повторение изученных тем.

Ключевые слова: обучение и воспитание, ученые психологи, психологические проблемы, трудностях в обучении и воспитании школьников.

Z.K. Ormanova ¹, A.M. Uikasbay ²

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University named after Abay

PSYCHOLOGICAL TASKS IN EDUCATION

Summary

This article touches upon tasks in upbringing young generation. They consider difficulties in education of foreign scientists' conclusions. They identified the reasons of backward students and offer the following system: to observe and discuss. These tasks to find reasons of difficulties in schools; specialists' advise, aims and objectives of helping, to make plans to teach, to master learning material, repeat learned material regularly, to begin new themes after learning previous material.

Keywords: Pedagogical and psychological, education and upbringing, foreign scientists, psychological tasks in education.

МРНТИ 5.21.51

Г.Т. Топанова ¹, А.Ж. Аплашова ²

^{1,2} Павлодарский государственный педагогический институт

РОЛЬ АВТОБИОГРАФИЧЕСКИХ ВОСПОМИНАНИЙ В ПРОЯВЛЕНИИ ЖИЗНЕСТОЙКОСТИ ЛИЧНОСТИ

Аннотация

Рассматриваются достоинства автобиографического метода, позволяющего обобщить результаты исследования на больших выборках испытуемых. Роль воспоминаний в конструировании идентичности личности рассматривается в том, какие воспоминания включаются в автобиографию, какие из них значимые и осмысленные в событийной структуре жизни. Идентичность рассматривается как результат истории, т.е. результат самосохранения и развития субъекта во времени. Описывается исследование уровня жизнестойкости, как фактора влияющего на успешность преодоления процессов идентификации личности.

Ключевые слова: идентичность, автобиография, жизнестойкость, кластерный анализ, события.

Мы исходим из представления о том, что идентичность – это психологический феномен, обладающий природой смысла, и его объективизация возможна в системе личностных конструктов. Вопрос о системообразующей роли смыслов в идентичности личности в совокупности с ценностными ориентациями ставили такие ученые-психологи, как Э.Эриксон, А. Маслоу, Дж. Марсиа, А. Ватерман, Г. Брейкуэлл, Ю. Хабермас, Л. Шнейдер, В.В.

Ф.Е. Василюк, вслед за Э. Эриксоном вводит представление о специфической внутренней деятельности переживания кризиса, направленное на устранение возникающего рассогласования между смысловой сферой и субъективной действительностью, что, по сути, является условием сохранения целостности личности и идентичности [1].

Выборка представленного исследования, определялась его задачами, а ее репрезентативность – целевой установкой исследовательской программы. Всего было исследовано 516 человек. Предварительно было проведено пилотажное исследование, в котором участвовали 318 преподавателей школ и лицеев и старшеклассников. На основном этапе использованы данные обследования студентов, всего: 61 человек мужского пола (48 студентов факультета физического воспитания и спорта, 11 студентов факультета иностранных языков, 2 студентов факультета педагогики и психологии) и 137 женского пола (24 студента факультета физического воспитания и спорта, 26 студентов факультета дошкольного воспитания и обучения, 29 студентов факультета методики начального обучения, 26 студентов факультета иностранного языка, 32 студента факультета педагогики и психологии иностранного языка). Средний возраст испытуемых студентов – 20±3 года.

Биография, так или иначе, кладётся в основу психологического исследования личности. На биографической основе возможна психоконсультационная работа, направленная на совершенствование личности через оптимизацию субъективной картины жизненного пути и самой жизнедеятельности в социальном пространстве и времени.

Идентичность рассматривается как результат истории, т.е. результат самосохранения и развития субъекта в условиях, которые случайным образом связаны с основанием его сиюминутного стремления. Именно поэтому по отношению к истории, дающей субъекту его идентичность, он является не ее действующим субъектом, а всего лишь «референциальным» субъектом рассказывания этой истории.

В исследовании автобиографии личности использовался вариант методики разработанный А.А. Кроник и дополненный Н.А. Логиновой [2]. Согласно получаемым количественным показателям, возможно охарактеризовать следующие параметры: продуктивность воспроизведения образов жизненного пути, оценку событий самими испытуемыми (значимость для него тех или иных жизненных событий, желательность-нежелательность, степень их влияния, среднее время антиципации и ретроспекции). Во многих событийных исследованиях учету количества событий уделяется особое внимание. Как в первоначальных работах, так и в последующих идея взаимосвязи количества событий недавнего прошлого и последующего физического или психического состояния оставалась центральной. При изучении жизненного пути в целом учет количества событий приобретает иное значение. Определенная проективность методики предполагает рядоположность интерпретации количества указываемых испытуемыми событий, связывающая этот количественный параметр с психологическими характеристиками, выражающими продуктивную активность испытуемого. При этом учитывается богатство образов, легкость их актуализации, психическое состояние, а также условия обследования, социальные, культурные различия.

Для исследования жизнестойкости использовался адаптированный на русский язык, опросник *Hardiness Survey*, разработанный американским психологом Сальваторе Мадди [3]. Опросник состоит из 45 утверждений, ответы на которые подвергаются обработке. Термин *hardiness*, который Д.А. Леонтьев предложил обозначать на русском языке как *жизнестойкость*, характеризует меру способности личности выдерживать стрессовую ситуацию, сохраняя внутреннюю сбалансированность и не снижая успешность деятельности [4]. Мадди выделяет три составляющие способствующие успешному совладанию со стрессом и снижению (или даже предупреждению) внутреннего напряжения в структуре жизнестойкости: 1. Вовлеченность. 2. Принятие риска. 3. Контроль.

Позитивное самоощущение представляет собой целевое состояние Я, к которому стремятся опрашиваемые в ходе своего индивидуального развития.

Статистическая обработка данных проводилась в пакете программ STATISTICA 8.0. Выбор модели анализа данных и статистических методов, обусловлен целями исследования и статистическими характеристиками шкал. Кластерный анализ испытуемых проводился по методу К-средних для шкал по тесту Мадди позволил выявить два типа испытуемых. Выявленные данные выглядят согласно рисунку 1. Статистическая значимость кластеров по шкалам жизнестойкости отражена в таблице 1.

В Кластер 1 входят 96 человека, у которых значения по всем шкалам Мадди ниже. В Кластер 2 входят 102 человека, у которых значения по всем шкалам Мадди выше. В таблице 1, показана статистическая значимость данной интерпретации кластеров по шкалам Мадди с помощью посредством рангового дисперсионного анализа Краскела-Уоллиса.




Рисунок - 1. Кластерный анализ испытуемых по методу К-средних для шкал по тесту Мадди

Статистическая значимость кластеров по шкалам Мадди с помощью посредством рангового дисперсионного анализа Краскела-Уоллиса

Шкалы по тесту Мадди	Средние значения в Кластерах по шкалам Мадди		Н-критерий Краскела-Уоллиса	Достигнутый уровень значимости
	Кластер 1	Кластер 2		
Вовлеченность	29,6	41,6	42,90	p =0,00001
Контроль	25,8	33,1	18,9	p =0,0001
Принятие риска	12,8	19,4	25,40	p =0,00001

На Рис.2 показаны взаимосвязи кластеров признаков принадлежности биографических данных с шкалами жизнестойкости (методика Мадди).




Рисунок – 2. Кластерный анализ взаимосвязи признаков принадлежности биографических данных с кластерами по шкалам Мадди

Дендограмма на этих рисунках отражает взаимосвязи по ряду шкал и позволяет нам рассмотреть две модели идентичности личности студентов.

Кластер 1 Автобиографии. Наиболее благоприятное сочетание личностно-ситуационных параметров. Для данной группы характерным является высокий вес событий, касающихся принятия новых традиционных в обществе социальных ролей, влекущих за собой изменения социальной среды (школа – учащийся, высшее учебное заведение – студент). Это указывает на стремление адаптироваться к жизни адекватным образом. Высокая, продуктивность воспроизведения образов прошлого и будущего, в сочетании с широким кругом значимых переживаний.

Кластер 2 Автобиографии. Наименее благоприятное сочетание личностно-ситуационных параметров. Испытуемые данной группы указали наименьшее количество наиболее важных событий жизни; соответственно наименьшим был и их вес, что свидетельствует о наибольшем сужении круга значимых переживаний по сравнению с другими группами, затруднениями в актуализации образов прошлого и будущего. События, относящиеся ко многим видам (родительская семья, перемена места жительства, межличностные отношения, материальное положение, учеба и повышение квалификации), либо отсутствуют вообще, либо их вес (значимость) достоверно меньше, чем в первой группе. Достоверно меньшим весом ($p < 0,01$) обладают события типа изменения социальной среды. Следовательно, возможен вывод она и менее эффективной социальной адаптации студентов группы по сравнению с предыдущими. Событий, оказавших значительное влияние, указано достоверно меньше, чем студентами первой группы в целом ($p < 0,05$), что связано с малым количеством названных событий; достоверно меньшее количество событий, оказавших малое влияние, согласуется с упрощенными представлениями о себе и других и может быть объяснено более общей особенностью упрощенного, «черно-белого» восприятия действительности.

Большинство студентов, рассказывающих свои «жизненные истории», анализировали свое прошлое (и пытались так же предугадывать будущее) с точки зрения конкретного, настоящего момента своего личностного развития, обычно стремясь дать идеализированную и согласованную картину жизни как целого. К тому же в исследовании учитывалось, что сама форма биографического повествования – литературная, по сути, и подталкивала студентов к использованию популярных биографических канонов, расхожих «сценариев», персональных мифов, (например, «история успеха», «рассказ о поиске личностной идентичности», «жизнь прирожденного неудачника») [5].

Представленный нами анализ автобиографий позволяет подтвердить тезис нарративных стратегий в жизнеописании студентов, в которых передается стремление создать целостность своим переживаниям через их осмысление. О наличии сценарности жизни, как форме формирования идентичности, неоднократно упоминали экспериментальные исследования. Этот вывод хорошо согласуется с классическими психоаналитическими концепциями Я воображаемого и Супер Эго З.Фрейда, Ж Лакана, со взглядами на роль персонального мифа Э.И. Мещеряковой, представлениями Я-идеала в структуре личности, Дж. Келли.

Результаты данного исследования подтверждают существование взаимосвязи жизнестойкости с особенностями структурирования жизненных событий. Качественный характер изложения жизненных событий позволил выявить те формы взаимодействия студентов, которые являются для них актуальными и значимыми. В том, какие воспоминания включаются в автобиографию как в историю собственной жизни, мы определяли, как проявляется смысловая система личности, выраженная осмысленностью и целостностью изложения событий жизни. Отношение испытуемых к тем или иным событиям их жизни оценивалось как положительное или отрицательное, оценки событий собственной жизни студенты проводили сами.

Возрастной период испытуемых находится в границах юношества с переходом в молодость. Главной компонентой в формировании Я в юношестве являются идеальные представления о себе, эта тенденция выражается в системе личностных конструкторов испытуемых, в частности в автостереотипных представлениях и оценках. Кризис переходного возраста позади, поэтому ответы на вопрос «Кто Я?» имеют сформированный и структурированный характер, ответы студентов носят социально желаемый характер. Результаты исследования подтверждают тезис эпигенетической концепции Э.Эриксона, где речь идет об активном формировании идентичности к 18 годам, с превалированием идеальных представлений о своем Я) [6].

В целом, психодиагностика с использованием биографического метода, указывает на наличие таких угроз для внутренней валидности, как субъективные смещения и изменения во времени, рассказывающих субъектов.

Непропорциональное количество эпизодов в повествованиях студентов – кандидатов на то, что Д. Пиллемер определил как символические сообщения, события-источники, якорные события и другие Я-определяющие воспоминания, являются проявлением особенностей молодого возраста, истории об обретении совершеннолетия, полного приключений перехода от детства к взрослости [7]. Наличие четкой фабулы является проявлением целостности повествования, её отсутствие – говорит об обратном.

Список использованных источников:

1. Василюк, Ф.Е. Психология переживания. Анализ преодоления критических ситуаций. / Ф.Е. Василюк. М.: МГУ, 1984. – 200 с.
2. Логинова, Н.А. Психобиографический метод исследования и коррекции личности. Издатель: Алматы: «Казак университеті». 2001. – с. 176
3. Леонтьев Д.А., Рассказова Е.И. Тест жизнестойкости. Методическое руководство по новой методике психологической диагностики личности с широкой областью применения. Предназначается для профессиональных психологов-исследователей и практиков. – М.: Смысл, 2006.
4. Леонтьев Д. А. Новые ориентиры понимания личности в психологии: от необходимого к возможному // Вопросы психологии, 2011, № 1. – С. 16.
5. Логинова, Н.А. Психобиографический метод исследования и коррекции личности. Издатель: Алматы: «Казак университеті». 2001. – с. 176
6. Эриксон, Э. Идентичность: юность и кризис. – М.: Прогресс, 1996. – 344 с.
7. Pillemer D.B. Momentous events, vivid memories. Cambridge, MA, 1998.

Г.Т. Топанова¹, А.Ж. Аплашова²

^{1,2} Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

ТҮЛҒАНЫҢ ӨМІРГЕ ТӨЗІМДІЛІГІНДЕ КӨРІНЕТІН АВТОБИОГРАФИЯЛЫҚ ЕСКЕ ТҮСІРУЛЕРДІҢ РӨЛІ

Түйіндеме

Зерттелінушілердің үлкен іріктемелерінің зерттеу нәтижелерін жалпылауға мүмкіндік беретін автобиографиялық әдістің құнды жақтары қарастырылған. Тұлға сәйкестігін құрастырудағы еске түсірудің рөлі автобиографияға қандай еске түсірулер қосылатынында, қайсылары өмірдің оқиғалы жүйесінде маңызды және саны екендіктері қарастырылады. Сәйкестілік тарих нәтижесі, яғни субъектінің уақыт ішіндегі өзін-өзі сақтау және даму нәтижесі ретінде қарастырылады. Өмірге төзімділік, тұлғаны сәйкестендіру процестерін жеңіп шығудың жетістіктеріне әсер ететін фактор ретінде зерттеулер сипатталған.

Түйін сөздер: сәйкестілік, автобиография, өмірге төзімділік, кластерлік талдау, оқиғалар

Gulmirar Topanova¹, Arna Aplashova²

^{1,2} Pavlodar State Pedagogical Institute

THE ROLE OF AUTOBIOGRAPHIC MEMORIES IN THE MANIFESTATION OF THE LIVING STABILITY OF THE PERSON

Abstract

The advantages of an autobiographical method that allows us to generalize the results of a study of large groups are considered. The role of memories in building a person's personality is examined in what memories are included in the autobiography, which of them is significant and significant in the structure of life events. Identity is seen as the result of history, that is, the result of the self-preservation and development of the subject in time. The study of the level of viability as a factor influencing the success of overcoming identification processes is described.

Key words: identity, autobiography, vitality, cluster analysis, events.

УДК 159. 95:34

З.К. Орманова¹ Қ.М. Керімбаева²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН СИПАТТАУДЫҢ МӘНІ

Аңдатпа

Бұл мақалада девианттық мінез-құлық проблемалары, жасөспірімдерді оқытуда ауытқудың алдын-алу және алдын-алу мәселелері қарастырылады, сонымен қатар жасөспірімдер ұрпағының «девианттық мінез құлығы» және девианттық мінез құлықтың пайда болу себептеріне анықтау ұғымы ұсынылған. Сондай-ақ әр түрлі авторлардың ауытқу тұжырымдамаларының психологиялық, биологиялық көзқарастары ұсынылған. «Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы» тұжырымдамасының мәнін заманауи талдау жүргізіледі, девианттық мінез-құлықтың белгілері мен ерекшеліктері бөлініп, оны басқа құбылыстардан ажырата білуге, дамудың дәрежесін және дәрежесін анықтауға көмектеседі. Байланысты тұжырымдамалар мен терминдерді түсіндіру қарастырылады.

Түйін сөздер: девиантты мінез-құлық, қылық, жасөспірімдер, психологиялық проблемалар, нормалар, ауытқулар, жағымды және жағымсыз девиация, деликвенттік.

Балалардың мінез-құлық ауытқуларын сипаттауда қазіргі заманғы педагогикалық-психологиялық әдебиетте «девианттық мінез-құлық» термині қолданылады (*латын тілінен аударғанда «deviation» - ауытқушылық*). Девианттық мінез-құлық – қалыптан ауытқушылық және ол адамның қоғам мен әлеуметтік топта қабылданған өзін-өзі ұстау нормалары мен ережелеріне сай келмейтін іс-әрекеттері

мен қылықтары. Девианттық мінез құлықтың мәнін түсінуде негізгі екі ұғымды қарастырамыз- «қалып (норма)» және «қылық».. Норма-идея, идеалдар сияқты бағыттап қана қоймай, белгілі бір ереже-міндеттерді жүктейді. [1,482 б]

Нормалардың реттеуші ықпалы-олардың мінез-құлықтың түрлерін, шарттарын, шекарасын ғана анықтап қана қоймай, сонымен бірге, қарым-қатынас шарттарын, мақсаттары мен құралдарын жасайтындығында.

Әдетте, қабылданған нормаларды бұзу-қоғамның әлеуметтік топтары мен институционалдық формалары тұрғысынан осы ауытқуларды жою бағытындағы нақты және айқын жағымсыз реакциясын іске қосады. Сондықтан да нормалар қоғамның тұрақтылығы мен тәртібін қамтамасыз ететін, девиацияға қарсы күрестің бірден-бір әлеуетті құралы болып табылады.

Психологияда «қылық»- адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы және сол тұрғыда оның өзге адамдарға, өзіне, қоғамға және қоршаған табиғатқа деген қарым-қатынасын айқындауы деп қарастырылады. Қылықтың адамгершілік көзқарас тұрғысынан бағаланатын жағымды және этикалық, моральдық нормаларды бұзумен сипатталатын жағымсыз (аморальды) жақтары бар. Заң тұрғысынан алып қарағанда, норма ережелерін бұзушылық –бұл мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпті бұзу, азаматтардың құқығы мен жеке меншігіне қол сұғушылық болып есептеледі.

Отбасы тәрбиесіне қатысты тәлім – тәрбиелік идеялар қазақтың халық педагогикасында Қорқыт ата кітабында, Әбу насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Ахмет Иассауи еңбектерінде, қазақ ақын-жыраулары Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы т.б. мұраларынан да елеулі орын алған.

Мінез-құлықтағы қиындық және қиын балалар ұғымы 1920-1930 жылдары пайда бола бастады. Ұғым бастапқыда ғылымда емес, күнделікті өмірде қолданып жүрді. Біраз уақытқа ұмытылып, XX ғасырдың 50-60 жылдарында қайтадан қолданысқа енді. Алғашқылардың бірі болып бұл салада зерттеу жүргізгендердің бірі – П.П. Бельский. Проблеманы алғаш болып көтерген белгілі Ресей педагогы П.П. Блонский. Ғалым қиын балалардың жеке басылық ерекшеліктерінің өмір жағдайларымен, тәрбиемен өзара әрекеттестігін есепке алып, кешенді түрде зерттеулер жүргізіп, оны тәжірибеде қолдану жолдарын анықтады.

Ал, А.С. Макаренконың бұл мәселеге арналған еңбектері педагогика ғылымының алтын қорына енді.

Баланың отбасынан қашықтап, оның ықпалынан сырт қалуының психикалық әсерін Т.В. Лодкина, А.В. Захаров, В.С. Мухина, З. Матвейчик, Е.О. Смирновалар атап көрсеткен.

Белгілі психолог ғалым Б.Г. Ананьев тұлғаның мінез-құлқының деңгейіне және күрделілігіне қарамастан, оларда:

- Адамдар туралы ақпарат пен тұлғаралық қарым-қатынас арасында;
- Адамның қарым-қатынас процесіндегі қылықтарын өздігінен реттеуі мен коммуникация арасындағы;
- Тұлғаның өзіндік ішкі әлемін өзгертуі сияқты қарым-қатынастар түрлері болатындығын дәлелдейді.

Бұларда балалар мінез құлқындағы ауытқушылықтарды бағалау мен сипаттауда және олардың себептері мен жою шарттарын анықтауда есте ұстау қажет.

Девиантты мінез-құлықты кең және тар мағыналарында қарастырады. Кең мағынадағы девианттық мінез-құлық деп-қоғамдағы қабылданған нормалар мен әлеуметтік стереотиптерге сай келмейтін кез-келген іс қимылды айтамыз. Бұл жағдайдағы девиацияны жағымды және жағымсыз деп екі түрге бөлуге болады.

Жағымды девиантты мінез-құлық – бұл көпшілік әдеттен тыс, таңғаларлық деп қабылдаса, кейбіреулер теріс деп қарамайтын құбылыстар болуы мүмкін. Бұлар-ерлік, өзін-өзі құрбандыққа шалу, біреуге шектен тыс берілу, біреуді шамадан тыс аяу т.б. көріністер болуы мүмкін.

Жағымсыз (негатив) девиация, керісінше, көп адамдарды мақұлдамау, жек көру сезімдерін туғызатын мінез-құлық ауытқушылықтары. Мысалы, терроризм, вандализм, ұрлық, сатқындық, жануарға қатыгездік жасау т.б.

Тар мағынасындағы девианттық мінез-құлық дегеніміз жалпы қабылданған нормалардан тыс, жағымсыз, еш адам жақтамайтын ауытқулар.

Сонымен, девианттық мінез-құлық –кез келген қоғамдағы қабылданған әлеуметтік мінез-құлық нормаларына қарама-қайшы келетін қылықтар жүйесі. Бүгінгі таңда девиантты мінез-құлқы бар балалардың және нашакорлық пен ішімдікке тәуелді балалар санының өсуі өзекті проблемаға ай-

налып отыр. Девианттық мінез-құлық – бұл балалар мен жасөспірімдердің әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды үнемі жасауы, оқудан, жұмыстан қасақана жалтаруы, отбасынан немесе балаларды оқыту тәрбиелеу ұйымдарынан үнемі кетіп қалуы, олардың қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын қоғамдық қылмыс белгілері мен қоғамға қауіпті әрекеттер жасауы. Олардың түрлеріне қылмыскерлік, ішкілікке салыну, нашақорлық, жезөкшелік, құмар ойындарына қызығушылық, психопатиялық бұзылу және т.б. жағымсыз қылықтарды жатқызуға болады.

Девиантты мінез-құлық үлкен екі категорияға бөлінеді. Біріншіден, ашық немес жабық психопатологиясы бар, психикалық саулық нормасынан ауытқитын іс-әрекет. Екіншіден, құқықтық әлеуметтік және мәдени нормаларды бұзатын әлеуметтік емес іс-әрекет. Егер бұл әрекет еленбейтін болса, оларды құқық бұзушылық деп, ал егер назар аударатындай және оларды жазаланатын болса – қылмыс деп атайды. Жастар арасында соңғы жылдары тәртіп бұзушылық, нашақорлық, ұрлық жасаушылық, ішімдікке салынушылық, жезөкшелік кең орын алуда. Жасөспірімдердің жан дүниесі нәзік, сезімтал. Үлкендердің айтқанын, іс-әрекеттерін, ақпарат құралдарын (теледидар, түрлі түсті бейресми журналдар, т.б.) көргендерін тез қабылдайды. Міне, сондықтанда алған ақпарат пен телехабарда беріліп тұратын қылмыс хроникасы жағымсыз мәліметтер жастарды қатыгездік пен жүгенсіздікке ұрындыруда.

Қоғамның басқа топтарына карағанда девианттық мінез-құлық жасөспірімдерде көбірек байқалады. Оның объективті себебі, жасөспірімдерде құқықтық әлеуметтену процесі және деликвенттік мінез-құлық бір мезгілде жүреді. Девианттық мінез-құлыққа психологиялық, құқық, мәдениет немесе мораль нормалары сияқты жалпы қабылданған немесе оған негізделген нормалардан ауытқыған қылықтар жүйесін жатқызамыз.

Неліктен жасөспірім шақ қауіп тудыратын шақтар?

Біріншіден, психогармоналды процестерден басталып, Мен концепциясының бетбұрысымен аяқталатын өтпелі кезеңдегі ішкі қиыншылықтар әсер етеді. Екіншіден, жасөспірімнің әлеуметтік жағдайының тұрақсыз болуы. Үшіншіден, әлеуметтік бақылаудың механизмдерінің қайта құрылуына байланысты туындаған қарама-қайшылықтар: бақылаудың балалық формалары, сыртқы нормалар мен үлкендерге бағынушылықты ұстану ықпал ете алмайды, ал ересектік әдістері қалыптасып үлгермеген.

Жүргізілген зерттеулер бойынша жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықпен (әділетсіздік, қылмысты топтарға тәуелділік, заңсыз істерді жасау, есірткіні қолдану, ішімдік, басқыншылық мінез-құлық, суицидті мінез-құлық) және басқа психикалық күйзелістермен байланысты. Бұл байланыс немен түсіндіріледі.

Ғылыми әдебиеттерде осыған байланысты 4 басты гипотеза бар:

1. Девиантты мінез-құлық өзін-өзі сыйлаудың төмендеуіне септігін тигізеді. Себебі, соған қатысты индивид еріксіз өзінің әрекеттеріне қарсы қоғамның ойларын бөледі, сонымен қоса өзін де.

2. Өзін құрметтеудің төмен болуы қалыпты емес мінез-құлықтардың өсуіне әсер етеді: әлеуметтік ұйымдарды шетке ысырып, әлеуметтік емес ұйымдардың әрекеттеріне қатысу арқылы жасөспірім өзінің психологиялық деңгейін құрдастары арасында жоғарлатқысы, мектепте немесе үйде болмаған өзіндік қабылдау әдістерін тапқысы келеді.

3. Кейбір топтар бойынша, әсіресе, төменгі бастамалы өзін құрметтеу девиантты мінез-құлықтың жоғарлануына, өзін сыйлау деңгейінің өсуіне әсер етеді.

4. Деликвенттіліктен басқа да мінез-құлықтар, жас келген сайын өзгеретін әсерін береді. [2, 116]

Статистикалық зерттеулерге карағанда жасы толмаған құқық бұзушылардың 44 пайызы сәтсіз отбасында тәрбиеленгендер. Ғалым А.Е. Личко отбасының сәтті дәрежесін талдай келіп, жиі кездесетін төрт жағдайды бөліп көрсетеді:

1. Отбасындағы қамқорлықты күшейту (гиперопека) баланың ішкі өмірінің көріністерінен (оның ойлануына, сезіміне, мінез-құлқына) отбасындағы қаталдыққа дейін әр түрлі дәрежеде қатысу тілегінің болуы;

2. Немқұрайлық (гипоопека), балалардың жиі, шамадан тыс бақылаусыз қалуы. [3, 37-38 б]

Ресейлік ғалым Я. Гишинский девиацияның шығу көзі деп-қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті атайды. Девиация сондай-ақ экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, мәдени және т.б. факторларға байланысты келеді. [4, 288 б]

Бұл проблема, әсіресе, өтпелі кезеңдерде күшейе түседі, себебі, бұл кезде қоғам өмірінің барлық салалары түбегейлі өзгерістерге түсіп, бұрынғы мінез-құлық ережелері қайта қаралады.

Жасөспірімдердің қылмыс жасауының себептерін анықтаған кезде олардың сана-сезімінің қалыптасуына әсер ететін екі бағыттағы факторларды байқаймыз, яғни, объективтік және субъективтік факторлар. Объективті себептерге тұрмыстық жағдайлардағы қайшылықтар және қылмыстық мінез-құлық жатады. Объективті немесе сыртқы себептер жас адамның девианттық мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етеді. Төмендегі сандар жиынтығынан девианттық іс-әрекеттердің бір қырынан динамикасын көруге болады:

3. Бейнесіне жасалуы, барлық уақытта баланың ниетіне ықылас білдіру және оның қарапайым жетістігін шамадан тыс марапаттау;

4. Отбасында «күл қызының» пайда болуы-бұл ата-ананың өзіне көп көңіл бөліп, ал балаларына аз көңіл бөлуі.

Деликвенттік жасөспірімнің психологиялық құқықтық нысанасында қызуқандылық міндетті түрде болады. [5, 91-93 б]

Зерттеулерге сүйенсек, қызуқанды мінез-құлық отбасы қатынастарында қалыптасады. Осы жағдайлармен қатар қызуқандылықтың дамуына алып келетін мына жағдайларды көрсетуге болады:

- жиі болатын ата-аналар арасындағы ұрыс-жан-жалдар;
- ата-аналардың бірін-бірі және балаларын сыйламауы;
- балаларға қарау мен бақылаудың болмауы;
- жасөспірімдердің пікірін елемей;
- ата-аналардың тиісті жылаулықты бере алмауы;
- балалардың ар-намысына тию;
- тәрбие жүйесінің сапасыздығы.

Қорыта келгенде, болашағынды болжау үшін ұрпағынның денсаулығы мен тәрбиесіне көңіл бөлу керек екендігін естен шығармай, әрбір отбасы бала дүниеге келгеннен кейін емес, баланы дүниеге әкеле алдында тәрбиеге мән берсе дұрыс болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 482 б. ISBN 9965-808-85-6*

2. *А. Айтбаева. Әлеуметтік педагогика негіздері: Оқу құралы. Алматы, 2011ж. 116*

3. *М. Құдиярова. «Жасөспірімдердің мінез-құлық ауытқышылық себептері»: Оқулық. Алматы, 2006 ж. 37-38 б.*

4. *Змановская Е.В. Девиантология (Девиантты мінез-құлық психологиясы): Оқу құралы.. М: Баспасы: «Академия» орталығы, 2003. 288 б.*

5. *Савина, Н.Н., Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қорғаныш факторлары және қауіп факторлары, Вестник. Томск мемлекеттік университеті. пед.инст. 2009 ж. 4 (82). 91-93 б.*

З.К. Орманова¹, К.М. Керимбаева²

*^{1,2}Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан*

СУТЬ ОПИСАНИЯ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы девиантного поведения, профилактика и предотвращение девиации в воспитании подростков, а также дано определение понятия «девиантное поведение» и причины проявления девиантного поведения у подрастающего поколения. А также представлены психологические, биологические подходы девиационных концепции различных авторов. В работе проводится современный анализ сущности понятия «девиантное поведение подростков», выделяются признаки и специфические особенности отклоняющегося поведения, помогающие отличить его от других явлений, установить наличие и степень развития. Рассматривается трактовка смежных понятий и терминов.

Ключевые слова: девиантное поведение, поведение, подростки, психологические проблемы, нормы, отклонения, положительное и отрицательное отклонение, деликвентность.

THE ESSENCE OF DESCRIBING ADOLESCENTS' DEVIANT BEHAVIOR

Summary

This paper discusses the problem of deviant behavior, prevention, and prevention of deviation in the education of adolescents, also the definition is given the term “deviant behavior” and cause manifestations of deviant behavior among the younger generation. Also represented the social, psychological and biological approaches compass deviation concepts of different authors. In the work the modern analysis of essence of concept deviate behavior of teenagers is carried out, specific features of the deviating behavior are allocated, helping to distinguish it from other phenomena, to define presence and development degree, the treatment of adjacent concepts and terms is considered.

Key words: deviant behavior, adverb, subconscious, psychological problems, norms, admissibility, positive and negative response, delilence.

МРНТИ 15.01.79

Г.А. Момбиева¹

¹ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме

Мақалада болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудың психологиялық мәселелері қарастырылады, яғни жоғары оқу орындарында студенттерге кәсіби бағытта білім берудің өзіндік ерекшеліктері, жеке тұлғаны психологиялық тұрғыда жан-жақты дамыту және оның болашақ маман ретінде кәсібилігін жетілдіруге дайындау, жеке адамның жалпы бағыттылығы мен мотивациялық жүйесі, кәсіби жетілуде мамандыққа қызығушылық пен қанағаттану дәрежесі, мамандық шарттары мен мазмұны туралы түсінік деңгейі, маманның рөлдік қызметі, кәсіби іс-әрекеттің құндылық құрылымы туралы ғалымдардың зерттеулері мен тұжырымдарына талдау жасала отырып, зерттеу іс-әрекетіне оң көзқарастың болуы болашақ маманның тиімді кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыратындығы туралы ой қозғалады.

Түйін сөздер: кәсіп, кәсіби іс-әрекет, қызығушылық, мотив, кәсіби бағыттылық, кәсіби жетілу, мәдени-құндылық, шығармашылық, құзыреттілік.

Бүгінгі жоғары білім берудің көп деңгейлі құрылымы, жоғары оқу орнының халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы және оларды қоғамның талаптарына сай басқару мәселелері білім беру саласына жаңа тәсілдерді енгізуді талап етуде. Білім саласына ендірілетін жаңалықтың қайсыбірі болмасын арнайы даярлықты талап етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби даярлығына, шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына және олардың жаңа педагогикалық технологияларға терең түсіністікпен бейімделуіне жағдай жасау қажет. Білім берудің мазмұнын модернизациялау, педагог мамандарды даярлаудың мазмұны мен құрылымын саралап, қайта ой елегінен өткізу оқытудың ғылымилық дәрежесін жоғарылатуды, болашақ мамандардың жан-жақты дамуына жағдай жасауды көздейді.

Жеке тұлғаны психологиялық тұрғыда жан-жақты дамыту және оның болашақ маман ретінде кәсібилігін жетілдіруге дайындау – елімізде жүріп жатқан реформаның негізгі бір бөлігі. Кәсіби іс-әрекет адамның өмірлік іс-әрекетінің маңызды жағы болып табылады, себебі ол арқылы тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы іске асып, өз мүмкіншіліктерінің толығымен жұмсалуды қамтамасыз етіледі. Тұлғаның ішкі позициясының дамуы көп жағдайда тұлғаның кәсіби маман ретінде дамуымен анықталады деуге болады.

Адамның өз өмірінде кәсіби іс-әрекет кезеңдеріне көп уақыт бөлінеді. «Кәсіп» – деген сөз «profirert» деген латын сөзінен шыққан. «Кәсіп» бұл – арнайы әрекеттерге үйрену. «Мамандық

– қоғамға қажетті, адамның рухани және физикалық күш салып жұмыс істеу саласы. Адам бұл процесс арқылы тіршілік етуге және өзін дамытуға мүмкіншілік алады. Кәсіп – бұл бірнеше және өзара жақын мамандықтардың тобы. Мысалы, педагог кәсібіне – «әдебиет оқытушысы» және тіл оқытушысы мамандықтарын жатқызуға болады [1].

Қазіргі уақытта кәсіптің бірнеше мың түрлері бар. Әр түрлі кәсіптің түрлері адамдардан әр түрлі психологиялық ерекшеліктерді талап етеді (оның зейінінің динамикасы, қабілеттерінің ерекшеліктері, іс-әрекетке қызығушылығы, ойлау ерекшеліктері). Е.А.Климовтың зерттеулерінде кәсіптің ерекшеліктері адамның қоршаған ортаға, басқа адамдарға, техникаға қатынас жасау ерекшеліктерінен байқалады. Автордың ұсынған кәсіптерді талдау әдісі, оларды еңбек пәніне, әрекеттер сипаттамасына, еңбек құралдары мен жағдайларына байланысты жіктеуге мүмкіншілік береді [2].

Д.Сьюпер кәсіби қалыптасудың бес кезеңін қарастырды: пайда болу, зерттеу, консолидация, сақталу және құлдырау. Осы бағыттағы тиімді жұмысты қамтамасыз етудің бірінші шарты ретінде бүкіл кәсіби дайындықтың жүйесін асыру барысындағы зерттеушілік білімдердің тиімді қалыптасу процесінің үздіксіздігі мен тұтастығын ерекше айтамыз. Оған аудиториялық сабақ пен студенттің оқу-зерттеу жұмысы мен ғылыми-зерттеу жұмысы, аталған біліктерді саналы және шығармашылық меңгерудегі түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдаланумен байланысты тәжірибе жатады.

Зерттеу біліктерін қалыптастырудың маңызды шарты ретінде зерттеу іс-әрекетінің мотивациясы болып табылады: қызығушылықтарын қалыптастыру, зерттеу жұмысы қажеттілігін, кәсіби өсу үшін зерттеу біліктер жүйесін меңгерудің маңыздылығын негіздеу.

Адамның кәсіби іс-әрекетінің өзгешелігі оның мотивациялық аумағына үлкен әсерін тигізеді. К.А. Абульханова қазіргі замандағы адамның өміріндегі еңбектің рөлінің күрделілігі мен көпмәнділігін көрсетті. Кәсіби жетілуді біз таңдап алынған мамандыққа байланысты іс-әрекетке деген жағымды қатынасты анықтайтын ішкі талпыныстар мен түрткілер жүйесі ретінде түсінеміз. Мұндай жүйеге жеке адамның жалпы бағыттылығын және жеке адамның мотивациялық жүйесін қалыптастыратын құрамдас бөліктерінің барлығын (қажеттілік, мотив, бағдар, құндылық бағдары, қызығулар, дүниетаным, идеал, сенім-наным) жатқызуға болады. Осыған байланысты адамның еңбек әрекетінің ерекшеліктерін анықтайтын мотивтер жиынтығын зерттеу өте маңызды орында [3].

В.И. Журавлева кәсіби жетілудің келесі бөліктерін бөліп шығарды: мамандыққа қызығушылық пен қанағаттану дәрежесі, мамандық шарттары мен мазмұны туралы түсінік деңгейі, маманның рөлдік қызметі, кәсіби іс-әрекеттің құндылық құрылымы. Сонымен қатар, кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың бірнеше жолын көрсетеді:

- 1) арнайы пәндерді оқыту арқылы;
- 2) шеберлікті игеру тәжірибесі;
- 3) мамандық туралы арнайы курстар арқылы [4].

А.А. Бодалевтің пікірінше, «жоғары оқу орнындағы оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі кәсіби бағыттылық, кәсіби жарамдылық, кәсіби іріктеу мәселелері психолог және педагогтар арқылы шешілуге тиісті кезек күттірмес мәселелердің бірі». Кәсіби бағыттылықты таңдап алынған мамандыққа байланысты іс-әрекетке деген жағымды қатынасты анықтайтын ішкі талпыныстар мен түрткілер жүйесі ретінде түсінеміз [5].

Кәсіби іс-әрекеттің мотивациясына И.Г. Кокурина «Еңбек мотивациясы – бұл еңбектің негізгі ынталарына маңызды орын беру процесі, осының негізінде тұлғаның еңбек іс-әрекетіне жағымсыз жақтары сипатталатын маңызды мотивтердің құрылымдық деңгейі пайда болуы мүмкін» деп анықтама береді. Ал зерттеуші М.И.Бобнева «Тұлғаның белгілі әлеуметтік дәрежесі, іс-әрекеттің нақты түрін туғызатын қажеттілігі мотивациялық жүйе арқылы ғана жүзеге асады» деп көрсетті. Сондықтан, қызметкер белгілі бір әрекеттерді жасамас бұрын, өздерінің мінез-құлықтарының мотивтерін толық талдауға салады, яғни мақсатты әрекетті орындауға әкелетін процестің негізгі бөлімдерін анықтайды.

Кәсіби іс-әрекеттің мотивтерінің құрылымына мінездеме беру үшін Б.И.Додонов ұсыныстарын қолдануға болады. Олар мыналар:

1. Іс-әрекеттің жүру барысынан рахат алу, қанағаттану;
2. Іс-әрекеттен тікелей өнім не қорытынды алу (жасайтын өнім, білім, тәжірибе жинақтайды);
3. Іс-әрекет үшін марапатталу (жалақы, қызметінің жоғарылауы, табысқа жетеді);
4. Іс-әрекеттен ауытқу және оны дұрыс орындамау жағдайында болатын іс-шаралардан аулақ болу, жауапқа тартылуды болдырмау.

Қ.Мұздыбаев қызметкерлердің өз жұмысына жауапкершілікпен қарау мотиві, көбінесе, олардың айналасындағы жолдас-жораларын сатып кетпеу, өндірістік жоспарды бұзбау және анағұрлым ақша көлемін көбейту мақсатында жүзеге асатындығын айтқан. Бұл жерде адамдардың өз міндетін жауапкершілікпен атқаруға деген ынтасы басымырақ байқалады. Еңбекке жауапкершілікпен қарауға мынадай мотивтер де өз септігін тигізеді:

- өз жұмысының жемісін жеуден рахат алу;
- өз қасиет-қадірін жүзеге асырып, көрсетіп, мамандық беделін көтеру;
- көпшілік алдында ұятқа ұшырайтын жағдайларды болдырмау.

Бұдан да басқа адамның жұмысқа берілуі мен ынтасының жоғарылауы жеке өміріндегі мәселелерді ұмыту мақсатында да болуы мүмкін. Қ.Мұздыбаев, сонымен бірге, қызметкерлердің жұмысына жауапкершілікпен қарау мәселесін анықтау үшін олардың жоспарларын, ынталарын зерттеу арқылы анықтауға болатындығын дәлелдеген. Мұнда материалдық жағдай алдыңғы орында тұрды: өмір сүру жағдайын жақсарту, ақшалай сый, құнды сыйлықтар, демалуға жолдамалар сияқты, төменгі дәрежедегі ынта бір жұмыскерді сыйлықтар немесе бір нақты дәреже беретін себептерімен туындататын мақтаулар ұйымдастыру (баспасөзде, радиода). Ал жұмыскерге ең жоғары жаза ретінде ұжыммен бірге отырып жасаған істер тиімді болып табылады [6].

Жоғарғы мектеп кәсіптік іс-әрекетке психологиялық даярлығын қалыптастырады. Ең алдымен, адамда қоғамның алға тартқан міндеттерін табысты түрде шешуге мүмкіндік беретін психологиялық іс-әрекеттердің нақты формаларын қалыптастырады. Жоғары оқу орындарында маманды даярлау процесін зерттей отырып, кәсіптік оқудың бұл формасының негізгі міндеті – маманның іс-әрекетінің небір түрлері мен типтерін психологиялық изоморфты әрекет өрісінде жинақтайтын кәсіптік сананың мақсатты түрде қалыптасуына мүмкіндік береді деген ой түйеміз.

Психологиялық жоғары оқу орындарында студенттерге заман талабына сай психологиялық білім берудің мазмұны мен формасы, жалпы психологиялық дайындықтың үздіксіздігі мен сабақтастығын білдіретін өмір талабы, болашақ мамандарға кәсіби білім беріп, олардың мамандығын шыңдауды қамтамасыз ету, кәсіптік пәндерді оқыту мен меңгеру практикасы, педагогикалық жоғары оқу орындарында психологиялық тренингтер арқылы даярлықпен бірге эксперименттік зерттеулермен тығыз ұштастырыла отырып жүргізіледі. Мысалы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде дайындалатын 5В050300-Психология мамандығында оқитын болашақ психолог мамандарды кәсіби бағытта дайындау барысында жүргізілетін тұлғалық даму тренингтері, коммуникативті-құзыреттілік тренингтері, әлеуметтік-психологиялық тренингтер студенттердің қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, кәсіби шеберліктерін де шыңдай түсері анық.

Кез-келген тұлға өзін кәсіби маман ретінде бірден қабылдай алмайды, ол осы уақытқа дейінгі білім дәрежесі, мамандық туралы қандай да бір көзқарастың негізінде таңдау жасайды. Олай болса, маман иесінің өзі таңдаған кәсіби жетілуі бірнеше факторларға байланысты шешіледі.

Кәсіби жетілу құрылымы – тұлғаның өз мамандығына қанағаттануынан, кәсіби бағыттылығынан, өз мамандығына байланысты іс-әрекетке деген жағымды қатынасынан, өзіндік кәсіби жетілуге деген ішкі талпыныстар мен түрткілер жүйесінен тұрады.

Кейбір зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда, кәсіби жетілу құрылымына қажеттілік, мотив, бағдар, құндылық бағдары, қызығулар, дүниетаным, идеал, сенім-нанымды жатқызуға болады.

К.К. Платонов жетілуге құмарту мен қалау, қызығу, бейімділік, идеал, дүниетаным, сенімдерді жатқызады. Ғалымның тұжырымы қажеттіліктер, қызығулар, мұраттар жеке адам бағыттылығының түрлі жақтары бола отырып, оның іс-әрекетінің мотивациясы ретінде қалыптасады деп көрсетеді [7].

Кәсіби бағыттылық пен кәсіби жетілу ғылыми тұрғыдан өткен ғасырдың ортасынан басталады. Кәсіби бағыттылық теориясының негізін қалаушы Ф.Парсонс, былай дейді: «Теорияның негізінде үш факторды бөлу жатады: мамандыққа үміткердің психологиялық жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерделеу; мамандыққа қойылатын талаптарды зерделеу; кәсіптің талаптарына адамның ерекшеліктерінің сәйкес келуіне негізделетін алғашқы екі факторларды салыстыру».

Кәсіби бағдарлаудың «тәрбиелік» деп аталатын концепциясын директивті қалыпқа жатқызуға болады. Ол бихевиористік, адамның мінез-құлықтың сыртқы әсер жиынтығына белгілі мөлшерде шарттануы ұстанымына негізделеді. Аталған ұстаным өкілдерінің ойынша, кәсіби оқытудың тиімді әдістерін дұрыс таңдай отырып, кез-келген адамды әртүрлі мамандыққа үйретуге болады.

Жасөспірімдік даму концепциясы теориялар тобының үлкені болып табылады. Адамның кәсіби өмірбаяны бірқатар сыртқы факторлардың әсерінен қалыптасады, олардың ішіндегі субъективті

факторға ерекше мән беріледі. Д.Сьюпердің көзқарасы бойынша, кәсіби қалыптасу процесінің өзіндік ерекшелігі бар және ол оның қалыптасуы шарттарының қайталанбастығынан көрінеді. Д.Сьюпер тұлғаның өзін кәсіби жұмысшы ретінде өзіндік түсіну процесіне ерекше мән береді. Бұл процесс кәсіби әлем мен адамның өзі туралы елестету және де осы екі образдың арасындағы сәйкестік тепе-теңдігінен тұрады. Кәсіби өзіндік анықтау – тұлғаның жұмыс туралы жан-жақты ойлануы арқылы іске асады, бұл жердегі жан-жақты ойлану тұлғаның қоғамдағы атқаратын рөлімен және де ол нақтылы кім болғысы келетіні туралы объективті қарама-қайшылықтарға байланысты болуы мүмкін.

Д.Сьюпердің еңбектеріне ұқсас шетелдік концепцияларға Анна Анастаси және Леон Тейлордың психологиялық концепциялары жатады. Аталған авторлар мамандық таңдау субъекті тұлғаға ерекше мән береді. Бұл теориялар негізінде тұлғаны зерделеу, оның бағдары, себебі, құрылым ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар ұсынған кәсіби кеңес берудің негізінде тұлғаның өзіндік түсінуі жатыр. Адамның өзіндік түсінуі болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына мүмкіндік береді. Бірақ аталған авторлар концепция негізі болып табылатын өзіндік түсіну механизмін түсіндірмейді.

Болашақ маманды дайындаудағы жүйелілік-құндылықтық көзқарасы жүйе ретінде түсіндіріледі, ол жаңа ғасырдың мәдени және гуманистік құндылықтарын есепке алу негізінде құрылады. Сонымен, қазіргі білім беру парадигмасын әлеуметтік-тұлғалық, тұлғаға-бағдарлаушылық, гуманистік білім беру деп анықтайды. Жоғары оқу орындарында білім беруде әдетте парадигманың келесі өзгермелі түрлері айтылады: мәдени-құндылықтық парадигмасы, академиялық парадигмасы, кәсіби парадигмасы, технократиялық парадигмасы, гуманистік парадигмасы. Жетекші білім берушілік парадигмасының әсерімен университеттік білім берудің басқа моделдері қалыптасады: а) дәстүрлі немесе классикалық; б) рационалистік.

Мәдени-құндылықтық парадигмасына сәйкес кәсіби мәдениетті қалыптастырудың басты мақсаты жоғары білім берудің құндылығы ретінде студенттердің әлеуметтік маңызы бар қасиеттерін дамыту болып табылады. Кәсіби білім берудің әлеуметтік-тұлғалық аспектісін іске асырудың негізгі тәсілі ретінде білім берудің проблемалық, сараптамалық, рефлексивтілік, диалогтік оқытудың және тәрбиелеудің, ұжымдық мәдени-шығармашылық іс-әрекеті технологияларын пайдалану деп түсінеміз.

Шығармашылықтың объектісі ретінде маманның бейнелері мен мақсаттары, символдары мен ұғымдары, қылықтары мен қатынастары, құндылықтары мен сенімдері қарастырылады. Болашақ маман шығармашылық ізденіс барысында өзі үшін маңызды жаңалықтар ашады, адамтану мен құрметтеу аумағындағы коммуникативтік мәдениет көрсеткіші ретіндегі гуманистік құндылықтарымен танысады.

Болашақ маманды дайындау жүйесіндегі жүйелілік-құндылықтық көзқарасы маман біліктілігінің жоғары көрінісі және кәсіби құзырлығы болып табылады.

Сонымен қажетті білімдер жүйесі және қалыптасқан зерттеу біліктерімен бірге зерттеу іс-әрекетіне оң көзқарастың болуы болашақ маманның тиімді кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастырады. Жоғары оқу орындарындағы кәсіби мамандарды оқыту процесінде кәсіби іс-әрекетке психологиялық тұрғыдан дайындайтын кәсіптік пәндерінің мазмұнында психологиялық тренинг жұмыстары, субъекті-субъектілік әрекеттестікті қалыптастыратын қарым-қатынас мәселелерімен толықтырылса, ғылыми тірек ретіндегі біртұтас жеке тұлғалық принциптерге сәйкес құрылымдық жүйесі жасалынса, болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттері анықталынса, онда студенттердің кәсіби білімдер жүйесіндегі пәндерді оқып меңгерулері нәтижелі болады, сонымен бірге, келешектегі іс-әрекеттерінде де айтарлықтай табысқа жетулері мүмкін. Мұндай мақсатқа жету үшін болашақ маман арнаулы білімдерді меңгерумен бірге заман талабына сай әдістемелерді де кең түрде қолдана білулері қажет деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кондаков И.М. *Методологические основы зарубежных теорий профессионального развития.* / Кондаков И.М., Сухарев А.В. // *Вопросы психологии.* – 1989. – №5. – С. 8-15.
2. Климов Е.А. *Психология профессионального самоопределения [текст] / Е.А. Климов.* – М.: Академия, 2004. – 304 с.
3. Абульханова К.А. *Психология и сознание личности: Избранные психологические труды.* – Москва., МПСИ, 1999.
4. Журавлева В.И. *Вопросы жизненного самоопределения выпускников средней школы.* – Ростов-на-Дону: Феникс, 1972.

5. Бодалев, А.А. *Личность и общение [Текст] / А.А. Бодалев.* – М.: Педагогика, 2003. – 272 с.
6. Муздыбаев К. *Психология ответственности.* Л., 1984
7. Платонов К. К. *Система психологии и теория отражения.* — М.: Наука, 1982.

Г.А. Момбиева¹

¹ *Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье поднимается идея о необходимости формирования положительного отношения к будущей профессиональной деятельности, рассматриваются психологические проблемы подготовки будущих специалистов к профессиональной деятельности, в частности, особенности обучения студентов в ходе профессиональной подготовки в высших учебных заведениях, психологические аспекты всестороннего развития личности будущего специалиста, мотивационная система и направленность человека, степень удовлетворенности и интерес к профессии квалификационные требования и представление о профессиональной деятельности, ролевая значимость профессионала, а также взгляды ученых о структуре ценностей в профессиональной деятельности и анализ ведущих подходов.

Ключевые слова: профессия, профессиональная деятельность, интерес, мотив, профессиональной направленности, профессиональной зрелости, творчество, компетентность.

G.A. Mombieva¹

¹ *Kazakh National pedagogical University named Abai
Almaty, Kazakhstan*

PSYCHOLOGICAL PROBLEMS OF TRAINING OF FUTURE SPECIALISTS FOR PROFESSIONAL ACTIVITY

Abstract

This article examines the psychological problems of future professionals' training for professional work, it includes: student's specialties of professional education in Higher Educational Institutions; personality's psychological development and its preparation for professional development as a future professional; the general orientation and system of personal motivation; the degree of interest and satisfaction with the profession; the degree of understanding conditions and content of the profession; the role of a specialist; the value of professional activity, the analyze of research and findings of scientists about the structure of the brain, where considered the fact of positive attitude towards research activities on the readiness of the future expert in effective professional activity.

Keywords: professional, professional activity, interest, motivation, professional orientation, professional development, cultural value, creativity, competence.

Р. Б. Абдрахманова¹, А.Э. Абдрахманов²

¹ *Казахский национальный университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

² *Казахская академия труда и социальных отношений
Алматы, Казахстан*

ӘСКЕРДЕГІ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТҰРҒЫСЫНДА ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ КОМПОНЕНТТЕРІ

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының концепциясына және ел Президентінің «Қазақстан-2050 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауына негізделген әскердегі жастарды тәрбиелеу концепциясында офицерлер, педагогтар алдында әскери қызметкерді оған тән ұлттық сана-сезіммен және дүниетаныммен өзінің ортасының, өзінің халқының өкілі ретінде тәрбиелеу міндеті қойылған мәселелерге талдау жасалады.

Түйін сөздер: рухани-адамгершілік, армия жастары, компоненттері, тұжырымдамасы, әлеуметтенуі, өзі-өзі анықтауы.

Қазақстан Республикасында жоғары мектептің дамуының заманауи кезеңінде жастардың рухани-адамгершілік дамуы жоғары білім беруді жаңғыртудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Бозбалалар мен қыздарды рухани әрі адамгершілік дамыту саласындағы үкіметтің қойған тапсырмаларын іске асыру, адамның табиғатын толықтай ашу үшін жағдайларды қалыптастыруды білдіретін қоғамды дамытуға инновациялық көзқарастарды қалыптастыру қажет. Бұл қоғамда қабылданған рухани-адамгершілік құндылықтардың негізінде білім беретін, елдің оқу мекемелерінде өзін-өзі анықтау мен әлеуметтендіру үшін жағдайлар жасауға бағытталған ҚР «Білім туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының концепциясында көрсетілген. [1,6 б]

Жастар саясатын қалыптастыра отырып, мемлекет жастардың болашақта әлеуетті маңызға ие халықтың қоғамдық белсенді таптарының бірі болып табылатындығын ескереді. Соңғысы жастардың мемлекеттік құрылымда алатын рөлі мен орнын дұрыс бағаламауға жол бермеуді болжайды.

Мемлекеттік жастар саясаты дәстүрлі әлеуметтік саясатқа қарағанда компенсациялық механизмдерді әзірлеуде ғана көрінбейді.

Ол жастардың еңбек және шығармашылық әлеуетін көрсететін белсенді инновациялық және өнімділік аспектілерді қамтиды. Бұл мемлекеттік жастар саясатын қоғамның стратегиялық ресурстарын дамытудың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық түрлендірулердің күрделілігі жастардың әлеуметтену үдерістеріне және жас буынның өміріне ықпал етті. Жаңа тарихи жағдайларда түбегейлі өзге негізде қарастырылуы тиіс дәстүрлі жастар мәселелерін шешудің мазмұны мен тәсілдері өзгерді.

Әлеуметтік бағдарланған экономикасы бар демократиялық қоғамды тұрғызу жастардың адамгершілік және рухани дамуына, қазақстандық жастарда отансүйгіштік, кәсіпқойлылық, жауапкершілік секілді қасиеттерді қалыптастыруға, жастардың өткен буындардың әлеуметтік-мәдени тәжірибені, әлемдік өркениет жетістіктерін игеруіне байланысты мүмкін емес.

Концепцияның маңызды бағыты Отанының мемлекеттік мүдделеріне сәйкес келетін, азамат, жауынгер тұлғасының қасиеттерін дамыту, жеке құрамда Отанын қорғауға моральды әрі психологиялық дайындықты, бейбітшілік және әскери уақыт жағдайларында конституциялық адалдық пен әскери борышты, тәртіптілікті, ҚР Қарулы күштеріне жату үшін жауапкершілік пен мақтанышты қалыптастыру болып табылады. Негізгі міндеттері болып табылатындар: жауынгерлердің моральды-психологиялық жағдайының жоғары деңгейін қалыптастыру және қолдау; философиялық-дүниетанымдық дайындау, соғыстың сипатын, мақсаттарын және міндеттерін түсіну, Отан, конституциялық борыш, ар-намыс, абырой секілді түсініктерге құндылықты қарым-қатынасын, сана-сезімін қалыптастыру, жауынгерлерді Отанының, халқының, Қарулы күштердің мәдени құндылықтарына, тарихына және дәстүрлеріне қамту, оларды зерттеу мен көбейтуде қажеттіліктерді қалыптастыру; әрбір әскери қызметкердің моральды-психологиялық әлеуетін анықтау және дамыту,

әскери қызметке қабілеттерді іске асыру, сүйіспеншілік, батылдық, табандылық, жеңіс үшін өзін құрбан етуге дайындық секілді қасиеттерге дағдыландыру; жалпы адамзаттық гуманистік мораль нормаларын (өзара көмектесу, мейірімділік, адамның жасампаздық мүмкіндіктеріне сенім, бірге қызметтестеріге шыдамдылық), жауынгерлердің қатынас жасау мәдениетін, әр түрлі ұлттардың және діни сенімдердің жауынгерлеріне құрметті қалыптастыру; ішкі еркіндік пен әскердегі берік әскери тәртіптің қажеттілігін түсінуді, мінез-құлықты өз бетімен объективті бағалау мен өз бетімен реттеуді, өз қадірін сезінуді, қоршаған орта адамдарын құрметтеуді және өзін-өзі құрметтеуді дамыту; салауатты өмір салтына, физикалық тұрғыдан жетілдіруге қажеттілікті дамыту, үлкен физикалық әрі психологиялық жүктемелерді көтеруге дайын болу қабілеттерін дамыту. Осы тұжырымдардан көріп отырғанымыздай, әскери қызметкерлердің рухани-адамгершілік қалыптасуына ерекше көңіл бөлінеді [2, 126].

Руханилықтың тілде, адамгершілікте, идеологияда, саясатта, дінде көрінетіні белгілі. Адамгершілік «руханилық» түсінігінің құраушысы ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін нормаларды, қағидаларды, заңдарды қоса алғанда, сонымен қатар, жалпы бағдарлар мен болашақ әрекеттер бағдарламалырының түріндегі идеалдарды қамтитын, адамдардың көзқарастарын сипаттайтын, жақсылық пен жамандық позицияларынан барлығын бағалауды қамтитын дүниетаным жүйесін білдіреді.

In the article of analytical analysis The development of spiritual freedom, raising the awareness of every Kazakhstani through a sense of high responsibility, a deep sense of reality. Progressive development at any stage begins with a qualitative change in consciousness. A person who understands this pattern of evolutionary development will deeply feel, clearly know that in society, as in nature, everything is interconnected. Such knowledge is well thought out, formulated and its usefulness is unlimited: a person armed with it will never be mistaken, will take the path of progressive development; will be far from evil, ready to give his kindness to everyone around him.

Key words: public consciousness, freedom of spirit, modernization of consciousness, pure intention, reason, cognitive activity, national consciousness, national values, awareness, responsibility, psychotechnics, a man of a new era.

МРНТИ 15.41.21.

Б.А. Әрінова¹, А.Тукаева²

^{1, 2} әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан Республикасы

ЖОҒАРЫ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ.

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдардан бергі уақыттағы жоғары білім беру жүйесінде кәсіби мамандарды дайындау және қазіргі жастардың тәрбиесі туралы айтылады. Авторлар еліміздің ең таңдаулы оқу орны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болашақ педагогтерді әлемдік стандартқа сәйкес кәсіби дайындауға бағытталған мамандықтардың бірі- «Педагогика және Психология» мамандығы бойынша талдау жасайды.

Түйін сөздер: жоғары оқу орны, әлемдік стандарт, педагог-психолог, мамандық, кәсіби мамандарды дайындау.

Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарымызға тікелей байланысты – деп елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтып өткендей еліміздің болашағы – жастар. Жастарымыз таусылмас күш пен сарқылмас қайраттың нышаны. Қоғамымыздағы жастардың білім және

тәрбие мәселесі қоғам үшін әрқашан өзекті мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының қазіргі даму жағдайында жоғары білім беру мәселесіне үлкен жауапкершілік артылады. Еліміздің жарқын болашағы бәсекелестік таныта алатын мамандарды дайындауға байланысты болғандықтан бүгінгі таңда жоғары білім беру мәселесі өзекті деп танылады. Қазіргі студент жастарымыз еліміздің ертеңі екендіктерін, болашақтың ірге тасын қалаушылардың бірі екендіктерін сезінулері қажет. Осы мәселеге орай біздің еліміздің әрбір Жоғарғы Оқу Орындары болашағы зор, патриот, алдарына үлкен мақсат қоя білетін жастарымызды тәрбиелеп және білікті мамандар даярлап шығаруда. Еліміздің әрбір Жоғарғы Оқу Орындарында оқитын студент жастарымыз “Ел ертеңі жастар” яғни мына біздер екендігімізді ұғынулары қажет. Бұл үшін ең алдымен тәрбиелеуге, сапалы білім беруге көп көңіл бөлуіміз қажет.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, әлемдік интеграцияда өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Сол себепті біздің елімізде жоғары білімді кәсіби маман дайындау мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылатын күрделі үдеріс ретінде қарастырылады.

Елбасы Н.Назарбаев «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді. Сол білімді әжетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімен бағаланады» деп жастарға үлкен сенім артып отыр. [1]

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің басқа мемлекеттермен экономикалық, саяси, мәдени байланыс жасауы артты. Жоғары білім беруді басқарудағы бұрынғы жүйе өзгеріп, болашақ кәсіби мамандарды дайындауда жаңа бағыт, жаңа көзқарас пайда болды. Жоғары оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу үдерісі кредиттік жүйеге сәйкес жаңа технологияға негізделген инновациялық жаңашылдыққа ауысты. Еліміздің барлық жоғары оқу орындарында қазіргі заманға қажетті мамандарды дайындау қолға алынды. Жоғарғы оқу орындарын ашу, жаңаша білім беру, шетелге жіберіп оқыту сияқты жоспарлар жүзеге асты. Соның бірі 1994 жылы құрылған «Болашақ» бағдарламасы қазақ жастарына шет елде мемлекет есебінен білім алуға жол ашты. «Болашақ» бағдарламасы қолға алынған 20 жылдың ішінде еліміздің 10 мыңнан астам азаматы шетелде сапалы білім алып мемлекетіміздің өркендеуіне үлес қосуда.

Қазақстандағы жоғары оқу орындары әлемдік стандарттар деңгейінде білім беруді мақсат тұтады. Біздің елімізде әлемдік стандартқа сай келетін университеттердің бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

80 жылдан астам тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бәсекеге қабілетті мамандар даярлап жатқан оқу орындарының бірі және еліміздің қоғамдық өмірі, білімі мен ғылымының қалыптасып дамуының куәгері десек те болады. Қазіргі таңда әлемнің қаншама елдеріне танымал болған бұл университеттің әрбір кірпіші оның белгілі ғалымдары, оқытушылары мен студент жастарының еңбегінің арқасында қаланған. 1933 жылдың 20 қазанында ССР Одағының Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстан үшін мамандар даярлау және Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы» № 2293 Қаулысы қабылданды. 1934 жылдың 15 қаңтары – университеттің нақты құрылған күні болып белгіленді. Дәл осы күні ҚазМУ-дың алғашқы студенттері қабылданып, 19 қаңтар күні Верный ерлер гимназиясының ескі ғимаратында биология және физика-математика факультеттерінің 54 студенті оқуға кірісті. Біздің университетіміздің тарихы осылай басталады. [2]

Ал қазір әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті әлемдік деңгейде беделді университеттердің бірі болып саналады. Біздің университетімізде 16 факультет, спорт кешені, стадион, әр факультеттің жеке жатақханасы тамақтану комбинаты және студенттердің, магистранттардың, докторанттардың жан-жақты білім алуға жағдай жасалған «Керемет» атты орталық бар. ҚазҰУ-да білім алуға барлық мүмкіндіктер жасалған. Университеттің өзінің арнайы қалашығы бар. Ол қалашық түгелдей «Student KazNU» деген тегін интернетпен қамтылған. Университетімізде жаңа формациядағы университетті құру мақсатында ұлы ойшыл әл-Фарабидің ізгілікті қала туралы ілімі негізі болып табылатын «Al-Farabi university – smart city» жобасы іске асуда. Парасатты университеттер – интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың кепілі, нәтижесінде Smart – Қазақстанды құрайтын біздің мемлекетіміздің Smart – қалаларының негізі болып табылады.

Ерекше атап айтар мамандықтар ретінде біздің университетімізде соңғы жылдары ашылған «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» және «Педагогика және Психология» мамандығын атап айтуға болады. Бұл мамандықтар Философия және саясаттану факультетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында дайындалады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика кафедрасы 1940 жылы 12 қаңтарда құрылған. Бүгінде ол педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы болып өзгертіліп, педагогикалық бейіндегі мамандарды даярлайтын философия және саясаттану факультетінің

ежелгі кафедраларының бірі. Оның қалыптасу мен дамуы ұзақ мерзімді (кезеңді) қамтиды: тарихи-филологиялық факультеттің құрамында ашылып, университеттің педагогикалық мамандықтарын жаппай қамтамасыз етуден бастап, «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» және білім беру қызметінің «бакалавриат, магистратура, PhD докторантура» үш сатылы жүйесіне өту кезеңіне дейін жұмыс істеп келе жатыр. Кафедраның қалыптасуы университеттің, Қазақстанның педагогика-психологиялық ойларының дамуымен, педагогикалық мәдениет пен жалпы білім берумен қатар бірге келеді.

Кафедраға әр жылдары педагогика ғылымының ғұлама ғалымдары мен ұлы тұлғалар К.Ш. Қокымбаев, Т.Т.Тәжібаев, Ә.І. Сембаев, Қ.Б. Бержанов, Х.Қ. Арғынов, Б.Ж. Садықов, Г.К. Ахметова, З. А. Исаева, А.К. Мынбаева басшылық жасады. Сонымен қатар кафедрада педагогика ғылымдарының докторлары, профессор Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Р. Баширова, А.Т. Табылдиев, Н.А. Асанов және т.б. жұмыс істеді. Бүгінде кафедраны педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Ә. Болатбаева басқарады. Кафедрада көптеген білікті мамандар, елімізге танымал ғалымдар қызмет етеді. Атап айтқанда, педагогика ғылымы саласында өзіндік орны бар, елімізде ғана емес, ТМД және шет елдеріне де аттары таныс А.Қ. Құсайынов, Ш.Т. Таубаева, А.Қ. Мынбаева, А.Ә. Болатбаева, З.Б. Мадалиева, А.Б. Мұқашева, Н.С. Әлқожаева, С.М. Пузикова, Е.С. Оңалбеков, К.Ж. Жолтаева, Б.А. Әрінова, Г.А. Мамырбекова, Г.А. Қасен, Р.С. Қасымова, Қ.Ш. Молдасан, Н. Анарбек, Ұ.Б. Төлешова, Ә.М. Құдайбергенова, З.М. Садвақасова, М.Д. Шағырбаева, Ә.Б. Отарбаева, А.С. Мағауова, Э.К. Калымбетова сынды профессорлар мен доценттер кафедрамыздың құрметті оқытушылары.

Кафедра Қазақстан, Еуропа және ТМД мемлекеттерінің университеттері, жоғары оқу орындары және орталықтарымен белсенді қызмет етеді. Кафедрада негізгі педагогикалық білім беру міндеттері төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

Жалпы мәдени және қоғамдық-гуманитарлық (университеттің барлық мамандықтарына арналған жалпы білімдендіру пәні бойынша «Педагогика» блогы). Кәсіби деңгейде: болашақ оқытушыларды даярлау («Педагогика мектебі», «Этнопедагогика» блогындағы бакалавр мамандықтарына арналған кәсіби пәндер)

Ғылыми-педагогикалық деңгейде: магистратураға ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау (барлық магистратура мамандықтарына арналған «Педагогика»)

Арнайы психологиялық-педагогикалық: оқу жоспарына сәйкес «5B010300 – Педагогика және психология» бакалавры, «6M010300 – Педагогика және психология» магистратура, «6D010300 – Педагогика и психология» PhD бағдарламасы;

Арнайы әлеуметтік педагогикалық: «5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» бакалавры, «6M012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» магистратурада, программа PhD «6D012300 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» PhD бағдарламасы.

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура және докторантураны (PhD) бітірушілерге «Мектеп әлеуметтік педагогы, өзін-өзі тану мұғалімі» біліктілігі беріледі. Олар:

- мемлекеттік құрылымдарда (ҚР БҒМ балалар құқығын қорғау Комитеті, балалардың құқығын қорғау бойынша облыстық департаменттер);

- әлеуметтік бағыттағы мекемелерде (әлеуметтік қамтамасыздандыру, жұмыссыздарға, жағдайы төмендерге, еңбекке жарамсыздарға қолдау көрсету мен көмектесу ұйымдары);

- білім беру мекемелерінде (мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында (мектептерде, балалар үйінде, интернаттарда, арнайы білім беру мекемелерінде);

- қоғамдық ортада өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен дамыту мәселелерімен айналысатын мекемелерде (түзету және оңалту мекемелерінде, арнайы мектептер, колонияларда) жұмыс істей алады.

Кафедрада «Жас ғалымдар мектебі»; «Логос» СҒБ; «Үміт сәулесі» еріктілер қозғалысы; «Шабыт» театры; «Эмпатия»; «Гармония» сияқты студенттік үйірмелер, клубтар және орталықтар жұмыс жасайды.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда білім кеңістіне жол ашық, білім жолын қуған жастарға көптеген мүмкіндіктер бар. Ендеше, еліміздің болашағына қызмет ету үшін білім негіздерін меңгеріп, өз мамандығымыз бойынша жұмыс жасауға ұмтылуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елбасының Жастарға арнап айтқан өнегелі 1000 сөзі
2. <http://www.kaznu.kz/kz/17421/nodeblock>

Б.А. Аринова¹, А.Тукаева²

^{1,2} КазНУ им. аль-Фараби Алматы, Казахстан

ВЫСОКОКАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ – ГАРАНТИЯ БУДУЩЕГО.

Резюме

В статье рассматривается профессиональное образование в системе высшего учебного заведения. Там мы делимся информацией о Казахском национальном университете имени аль-Фараби. Образование – самое мощное оружие, которое Вы можете использовать, чтобы изменить мир.

Ключевые слова: образование на университетском уровне, международный стандарт, профессия, педагог-психолог, подготовка профессиональных кадров.

B. A. Arinova¹, A.V. Tukayeva²

^{1,2} *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

HIGH-QUALITY EDUCATION – A FUTURE GUARANTEE

Summary

This article observes the professional education at higher educational institution system. There we share information about Al-Farabi Kazakh National University. Education is the most powerful weapon which you can use to change the world.

Key words: education at university level, worldwide standard, educational psychologist.

МРНТИ 15.21.45

Г.О. Тажина¹, Л.Н. Едыгенова²

¹*Университет Международного Бизнеса
Алматы, Казахстан*

²*Общественный фонд «Образовательный Центр «Билим – Центральная Азия»
Алматы, Казахстана»*

ВЛИЯНИЕ ОБУЧАЮЩИХ ПРОГРАММ ПО ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОРИЕНТАЦИИ НА ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ ВЫБОРЫ СТАРШЕКЛАССНИКОВ

Аннотация

Система образования Казахстана переживает период глубокой и поэтапной стратегической модернизации, где существенная работа осуществляется в средней школе. Так, в Национальном плане модернизации образования в РК на 2011-2020 годы основное внимание уделяется развитию навыков и готовности учеников средней школы к определению их будущих профессий и выбору собственного профессионального пути. Инновационные образовательные проекты играют важную роль в реализации этих планов. В данной статье рассматриваются результаты серии исследований в рамках проекта «Будущее – мой выбор», осуществленный образовательным центром «Билим – Центральная Азия» при поддержке компании «Шеврон Мунайгаз Инк» в школах города Алматы в 2015-2017 годах.

Ключевые слова: профессиональное самоопределение, профессиональное консультирование, профориентация, старшеклассник.

В казахстанских школах и вузах отсутствуют программы по профессиональной ориентации школьников, необходимые для информирования о мире профессий, и недостаточно развиты услуги психологического сопровождения и консультирования в выборе профессии. Эти проблемы влияют на более поздние этапы профессионального пути и могут привести к неудовлетворенности выбранной профессией или разочарованиям в специализации профессионального обучения в высшем учебном заведении [1, 52].

Многие исследователи соглашаются в том, что профессиональное самоопределение старшеклассника – это один из первых этапов самоопределения личности в целом [2, 167]. В этой связи, Ломакина и Логашенко утверждают, что проблема профессионального самоопределения – это педагогическая задача старшей школы [3, 108]. В период обучения в старшей школе личность оказывается на этапе принятия решения по выбору профессии, которому предшествует более широкая социальная ориентация: установка на вуз или специальное профессиональное образование.

В профессиональной ориентации старшеклассников, профессиональном консультировании, важная роль принадлежит психолого-педагогическим тренингам. Как показано в формирующем эксперименте Дорн, подобные тренинги ориентируют старшеклассников на цивилизованный рынок, здоровую конкурентную борьбу и саморазвитие творческих сил [4, 32]. Однако, школа недостаточно уделяет внимания этим вопросам, что компенсируется стихийной инициативой самих учащихся. Как утверждает автор, в выборе планов профессиональной деятельности преобладает ориентация на престиж профессии и, в меньшей степени, на личностные ресурсы, недостаточно развит поисковый опыт по изучению мира профессий.

Другим ресурсом в профессиональной ориентации является принцип личностно-ориентированного обучения Роджерса [5, 225]. Действительно, в современном нестабильном, постоянно меняющемся мире, необходима фасилитация обучения, ориентированного на активность ученика, добывающего знания в сотрудничестве со сверстниками и учителем: «...безопасность зиждется не на самом знании, а на умении его добыть». Из наставника, доминирующего в общении с учащимися, учитель должен превратиться в фасилитатора, помогающего ученику и поддерживающего процесс познания и приобретения умений и творческого опыта на основе развития устойчивых мотивов учения, поощрения инициативы, выдвижения собственных идей в контексте формулирования целей обучения.

Придерживаясь этого принципа, Кузнецов провел эксперимент, в ходе которого осуществлялась психолого-педагогическая поддержка самоопределения учащихся старших классов [6, 120]. Результаты показывают положительное влияние фасилитации на формирование ценностной структуры личности школьников, укрепление их активной позиции по отношению к окружающему миру и к своему будущему.

Эти и другие исследования приходят к выводу и показывают необходимость разработки специальных программ по профессиональному самоопределению в общеобразовательных учреждениях и в дополнительном образовании.

Проблема профессионального самоопределения старшеклассников является одной из задач модернизации образования не только в Казахстане, но и в соседних странах с общим культурно-историческим прошлым. Так, российские исследователи так же признают, что модернизация образования это сложный многоступенчатый процесс формирования способности постоянно и успешно адаптироваться к меняющимся условиям и задачам, усиления роли профессионального консультирования в выборе профессий [7, 1171; 8, 518].

С целью изучения проблем профессиональной готовности и самоопределения учащихся старших классов было проведено исследование, состоящее из нескольких этапов.

На первом диагностическом этапе, исследование проводилось в девяти средних школах из всех районов Алматы в ноябре 2015 года. В социологическом опросе участвовали старшеклассники из 9 и 10 классов. Общее количество участников опроса составляло 553, в т.ч. 358 учащихся – 9-классники (192 мальчика и 166 девочек) и 277 учащихся были 10-классниками (129 мальчиков и 148 девочек). Для эмпирического исследования профессиональных выборов старшеклассников была разработана и апробирована анкета «Выбор профессии» на основе опросника «Мотивы выбора профессии» [9, 66]; и 2) Опросник профессиональных выборов [10, 112]. Проведен количественный и качественный анализ результатов.

Второй этап включал обучение и тренинги старшеклассников по вопросам профессиональной ориентации и выбора профессий весной 2016 году. В обучающих программах и тренингах участвовали 66 учеников 10-х классов, в том числе 27 мальчиков и 39 девочек, отобранных для обучения на основе результатов 1-го диагностического этапа. Возраст учащихся составлял от 15 до 17 лет.

В рамках 2-го этапа проекта были проведены следующие обучающие мероприятия:

- Индивидуальные и групповые тренинговые сессии с целью повышения осведомленности в выборе профессии подростками. Согласно результатам социологического опроса, подростки, по пять из каждой экспериментальной школы, были отобраны для предоставления им индивидуальных и групповых коучинговых занятий. В рамках коучинговой программы были проведены тренинги «Мастер общения» и индивидуальные коучинговые сессии.

• Интерактивные лекции, в общей сложности 35 академических часов, были направлены на повышение уровня информированности учащихся о различных профессиях. Лекции были разделены на две части: 1) техническое и профессиональное образование для учащихся 9-х классов 2) о высшем образовании, для учащихся 10-х классов. Темы лекций включали проблемы профессиональной карьеры в области социальных и гуманитарных наук, права, информационных технологий, экономики, банковского дела, управления, строительства, архитектуры, бизнеса, предпринимательства, искусства и медицины.

• Учащиеся 9-х классов посетили две профессиональные ассоциации в Алматы: Ассоциацию индустрии красоты Казахстана и Ассоциацию поваров Казахстана. Кроме того, эта группа подростков посетила городские больницы, чтобы понимать и осознавать работу в медицинских профессиях. Последний визит в клиники был организован специально для учащихся 9-х классов, т.к. по результатам опроса, подавляющее большинство именно этих студентов предпочли карьеру в медицинских профессиях.

• Групповые тренинги по развитию мягких навыков были направлены на формирование индивидуальных знаний, умений и навыков для успешной профессиональной и учебной деятельности, и охватывали следующие темы: составление сопроводительного (мотивационного) письма к CV; составление приложений и написание эссе для поступления в университеты; собеседование; и обращение за рекомендательным письмом.

Для определения уровня воздействия консультационных и тренинговых мероприятий на профессиональные выборы и профессиональное самоопределение старшеклассников был проведен после-тренинговый опрос участников в мае 2016 года. Данное исследование старшеклассников города Алматы показало следующее:

1. Подавляющее большинство старшеклассников не были уверены в выборе и не выбрали профессии до обучающих мероприятий по профессиональной ориентации.

2. Количество старшеклассников, сделавших выбор профессии, значительно увеличилось, в 2-3,3 раза, после внедрения специальной обучающей программы Образовательным центром BILIM. В то время как 15-17% всех учащихся средних школ предпочитали экономическую и управленческую группы профессий; 20% учеников 9-х классов предпочитают различные творческие профессии, а 34% учеников 10-х классов выбрали медицинские профессии.

3. Обучающая программа по профориентации способствовала тому, что на 33-40% увеличилось число старшеклассников, которые целенаправленно изучают рейтинг и актуальность предпочитаемых и выбираемых профессий через различные источники информации.

4. Подавляющее большинство подростков заинтересованы в занятиях по профессиональному консультированию и профориентации, которые могут быть по их мнению обязательными или элективными, и проводиться в индивидуальном или онлайн-формате. 10-классники продемонстрировали желание узнать больше о своих психологических особенностях в профессиональных выборах и предпочтениях в специальных структурированных тренингах.

5. Независимо от типов обучающих программ по профессиональному выбору и профориентации, все они оказывают положительное влияние на определенность в выборе профессии старшеклассников.

6. В средних школах не обеспечивается профессиональная ориентация и консультирование по профессиональным выборам школьников, не уделяется достаточного внимания информированию и развитию профессионально важных качеств и навыков учащихся.

Исследование было продолжено в связи с общенациональной значимостью результатов с точки зрения модернизации системы образования в целом, и вопросов профессиональной ориентации старшеклассников в средней школе, в частности. Поэтому, с целью дальнейшего изучения влияния профессионального консультирования, информированности о мире профессий, развития жизненных навыков старшеклассников на их выбор профессий, в рамках проекта «Будущее – мой выбор» был проведен 3-й этап исследований.

Гипотеза исследования заключалась в следующем: на профессиональные выборы учащихся старших классов значительно влияют специальная подготовка, обучение и информирование о профессиях.

После мероприятий специального обучения и тренингов по профессиональной ориентации и профессиональным выборам был проведен опрос учащихся старших классов в стенах Казахской Академии Транспорта и Коммуникаций (КазАТиК). В этом исследовании участвовали 45 старшеклассников, учащихся 9-х и 10-х классов средних школ №56 и №120 г.Алматы, в мае 2017 г., в том числе 37 человек 9-классников и 8 человек 10-классников.

Анкета состояла из 9 вопросов с двумя вариантами ответов «да» и «нет»:

1. Был ли визит в КазАТиК познавательным и полезным?
2. Планируете ли Вы получить высшее образование?
3. Планируете ли Вы искать работу сразу после окончания школы?
4. Планируете ли Вы после окончания школы пройти краткосрочные профессиональные курсы и затем искать работу?
5. Учитываете ли Вы профессиональные и/или семейные традиции в выборе карьеры?
6. Есть ли у Вас желание получить более детальную информацию/индивидуальные консультации о специальностях в области транспорта, логистики и коммуникаций?
7. Пользуетесь ли Вы интернетом в поисках информации по интересующим Вас специальностям?
8. Будет ли Вам полезен практический курс по составлению резюме для приёма на работу?
9. Будет ли Вам полезен практический курс по успешному прохождению собеседования для приёма на работу?

Результаты опроса в процентном выражении приведены ниже. Как видно из рисунка 1, подавляющее большинство 9-классников и абсолютно все 10-классники ответили «да» на 1-й вопрос: «Был ли визит в КазАТиК познавательным и полезным?»; на 2-й вопрос: «Планируете ли Вы получить высшее образование?»; на 7-й вопрос: «Пользуетесь ли Вы интернетом в поисках информации по интересующим Вас специальностям?»; на 9-й вопрос: «Будет ли Вам полезен практический курс по успешному прохождению собеседования для приёма на работу?»

Так же большинство старшеклассников выбрали утвердительный ответ на 8-й вопрос «Будет ли Вам полезен практический курс по составлению резюме для приёма на работу?».

Очевидно, что подавляющее большинство старшеклассников собираются получать высшее профессиональное образование, им интересно посетить один из вузов г. Алматы. Исходя из полученных знаний и навыков с тренингов, эта группа старшеклассников уже осознанно используют интернет ресурсы для поиска информации по предпочитаемым профессиям и специальностям. Здесь уместно привести результаты 2-го этапа исследований, где участвовали другие старшеклассники, и когда после обучения 78-86% участников собирались провести предварительный анализ о рейтинге профессий. Через год, другая группа школьников уже использует такой подход рейтинга профессий и специальностей. Так же, в данном исследовании, как показано на рисунке 1, подростки осознают необходимость получения практических навыков собеседований и составления резюме для приема на работу.




Рисунок 1. Вопросы, на которые получено большинство утвердительных ответов, %.

Преимущественно ответы «нет» получены на следующие вопросы: «Планируете ли Вы искать работу сразу после окончания школы?», «Планируете ли Вы после окончания школы пройти краткосрочные профессиональные курсы и затем искать работу?», «Есть ли у Вас желание получить более детальную информацию/индивидуальные консультации о специальностях в области транспорта, логистики и коммуникаций?» (табл.1). Т.е., эти ответы согласуются с группой утвердительных ответов об интересе к высшему образованию, рассмотренных выше. Подавляющее большинство старшеклассников не планируют работать «сразу после окончания средней школы».

Вопрос, по которому ответы 9-и и 10-классников расходятся: «Учитываете ли Вы профессиональные и/или семейные традиции в выборе карьеры?». Интересно, что большинство 9-классников не учитывают эти традиции, а большинство 10-классников учитывают профессиональные и/или семейные традиции в выборе карьеры. Эти данные косвенно подтверждают результаты 2-го этапа исследований с другими участниками: хотя большинство учеников осознают необходимость учебы, все же решающее влияние на выбор профессии подростками, оказывают родители. В среднем 47,5% старшеклассников учитывают советы родителей и после обучающих курсов, тренингов и информирования в области профессионального самоопределения. Специальные программы обучения ОЦ Билим, пробудили интерес к выбранной профессии у 14-15% испытуемых.

Таблица 1

Вопросы, на которые получено большинство отрицательных ответов, %

Вопросы анкеты	9-е классы		10-е классы	
	да	нет	да	нет
3. Планируете ли Вы искать работу сразу после окончания школы?	24,3	75,7	12,5	87,5
4. Планируете ли Вы после окончания школы пройти краткосрочные профессиональные курсы и затем искать работу?	32,4	67,6	25	75
5. Учитываете ли Вы профессиональные и/или семейные традиции в выборе карьеры?	18,9	81,1	62,5	37,5
6. Есть ли у Вас желание получить более детальную информацию/индивидуальные консультации о специальностях в области транспорта, логистики и коммуникаций?	24,3	75,7	12,5	87,5

Таким образом, образовательные проекты по профессиональному ориентированию играют важную роль в выборах профессионального пути старшеклассников. Все виды обучающих программ по профессиональному выбору и профориентации оказывают положительное влияние на определенность в выборе профессии старшеклассников.

По результатам проведенного обучения: абсолютное большинство старшеклассников собираются получать высшее образование по выбранным специальностям; подавляющее большинство подростков заинтересованы в занятиях по развитию мягких навыков интервьюирования и составления резюме при приеме на работу.

Приведенные анализ и результаты исследований необходимы при составлении программ профориентационной работы со старшеклассниками. Мы рекомендуем внедрить образовательную программу профессиональной ориентации в казахстанских школах как обязательную или элективную дисциплину в формате в аудиторных, онлайн или смешанных занятий.

Список использованной литературы:

- 1 Поваренков Ю.П. Индивидуально-психологическое содержание профессионально важных качеств субъекта труда // Вестник ЯрГУ им. П.Г. Демидова, 2006.- №1.- С. 50-54.
- 2 Tazhina, G. Professional Proclivities and Profession Appeal Factors of Kazakhstani Students of Different Majors.// C-crcs Book, 2015 – IV(24). – С.161-171.
- 3 Ломакина Л., Логашенко О. Профессиональное самоопределение современного подростка как проблема образования // Проблемы образования в XXI веке, 2007. – 2(2). – С.101-110.
- 4 Дорн М.В. Использование психолого-педагогических тренингов в профконсультационной работе с учащимися // Современные исследования социальных проблем, 2010. – №1 (01). – С.32-34
- 5 Rogers K., Freiberg J. Свобода учиться. The freedom to learn. – М: Смысл, 2002. – 527 с.
- 6 Кузнецов Д.В. Психолого-педагогическая фасилитация как необходимое условие успешного самоопределения старшеклассников // Образование и наука, 2015. – № 9 (128). – С.120-133.

7 Килина И. А. Задачи модернизации профориентации обучающихся Кемеровской области и пути решения // Научно-методический электронный журнал «Концепт», 2015. – Т. 13. – С.1171–1175.

8 Богуславский, М. В. Стратегии модернизации российского образования XX века: теоретико-методологические подходы к исследованию // Проблемы современного образования, 2013. – № 4. – С 518.

9 Чернявская А.П. Психологическое консультирование по профессиональной ориентации. – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2001. – 96 с.

10 Сунцова Я. С. Диагностика профессионального самоопределения: уч.-метод. пособие. -- Ижевск: Удмуртский университет, 2011. – 142 с.

Г.О. Тажина¹, Л.Н. Едыгенова²

¹Халықаралық Бизнес Университеті

²Қоғамдық қор «Білім беру Орталығы «Білім – Орталық Азия»

КӘСІБИ БАҒДАРЛЫҚ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ТАҢДАУЫНА ЫҚПАЛЫ

Түйіндеме

Қазақстандағы білім беру жүйесінде терең және кезеңді стратегиялық жаңғырту кезеңі басталды, онда орта мектептерде айтарлықтай жұмыс жүргізілуде. Осылайша, Қазақстан Республикасында білім беруді жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған Ұлттық жоспарында орта мектептің оқушыларының болашақ мамандықтарын анықтауға және өздерінің кәсіби жолдарын таңдауға, дағдылары мен дайындығын дамытуға басты назар бөлінуде. Инновациялық білім беру жобалары осы жоспарларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада «Болашақ менің таңдауым» жобасының шеңберінде 2015-2017 жылдары «Шеврон Мұнайгаз Инк» компаниясының қолдауымен «Білім-Орталық Азия» білім орталығының Алматы қаласының мектептерінде жүргізілген бірқатар зерттеулердің нәтижелері қарастырылады

Түйін сөздер: кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби кеңес беру, кәсіптік бағдарлау, жоғары сынып оқушысы.

G.O. Tazhina¹, L.N. Yedygenova²

¹University of International Business

²Educational Center Bilim Central Asia

INFLUENCE OF PROFESSIONAL ORIENTATION TRAINING PROGRAMS ON PROFESSIONAL CHOICES OF HIGH SCHOOL STUDENTS

Summary

The education system in Kazakhstan is experiencing a period of deep and phased strategic modernization, where significant work is carried out in high schools. Thus, the National Plan for Modernizing Education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 focuses on developing the skills and readiness of high school students to determine their future professions and choose their own professional path. Innovative educational projects play an important role in the implementation of these plans. This article examines the results of a series of studies within the framework of the project “The Future Is My Choice”, implemented by the Bilim-Central Asia Education Center with the support of Chevron Munaigas Inc. in Almaty high schools in 2015-2017.

Keywords: professional self-determination, professional counseling, vocational guidance, high school student.

Г.Қ. Атанбаева¹, А.М. Бабашев²

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

САБАҚТЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ПӘН АРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Аңдатпа

Бұл мақалада студенттер мен мектеп оқушыларының дәріс кезінде танымдық деңгейін көтеру мәселелері және сабақтың барысындағы биология пәні мен жаратылыстану ғылымдары арасындағы пән аралық байланыстар жүйесі қарастырылады.

Кілт сөздер: дифференциация, интеграция, лимфоцит, соматотропин, биосенсорлар, пәнаралық байланыс.

Зерттеуді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Биология және биотехнология факультеті, биофизика және биомедицина кафедрасында зертханалық сабақтар мен үлкен практикумдар кезінде орындалды.

Қазіргі кезеңде жаратылыстану ғылымдары саласында екі бағыт дамып келеді. Ол дифференциация (ғылымдардың бөлінуі, ажырауы) және интеграция (жеке ғылымдардың бірігуі). Енді осы үрдіске нақтылай дәлел келтіретін болсақ дифференциацияға түсуінің басты себебі, әрбір жеке ғылымдардағы прогресс, әдістерінің жетілуі, жаңаруы, ақпараттардың кеңеюі, жетілуі, практика жүзінде кең қолдану аясының дамуы. Бұл әрбір ғылымның жеке-жеке тараулары немесе арнаулы жақтары, соның нәтижесінде ғылымда мамандандырушылық пайда болады. Ал интеграция жайлы айтар болсақ жеке-жеке ғылым салалары бірігіп нәтижесінде ірі-ірі, маңызды, жинақталған теориялар пайда болып, әрбір ғылым салаларының негізінде бірнеше жетістіктерді қорытындылап, жеке фактілерді жинақтап бір жүйеге келтіреді. Сонда да болса осы екі процесс дифференциация және интеграция бір-бірімен тығыз байланысады, бір-біріне себепші деп айтуға болады [1].

Табиғаттағы үрдіс уақытқа байланысты белгілі заңдылыққа бағынып жүреді, басқаша айтар болсақ табиғатта барлығы өзгереді. Химия да, биология да материяның қозғалыс формасын зерттейді. Бірақ химия заттың, дененің ішкі қозғалысын, оның сапалық өзгерістерін туындататын жағын зерттесе, биология материяның қозғалысының биологиялық формасын зерттейді. Бірақ биологияда физиканың, химияның заңдылықтарына бағынады. Сондықтан үшеуіне тән жалпы заңдылықтар бар. Осыған байланысты осы үш ғылым (физика, химия, биология) жаратылыстану ғылымы саласында жемісті қызмет жасап келеді.

Қазіргі таңда химияның, биологияның дамуына үлкен қарқынмен әсерін тигізіп келеді. Бірінші кезеңде бейорганикалық химия бұрынғы деңгейдегі табиғи химиялық қосылыстар жайлы сипатталынған мәліметтер, биорганикалық химияда тек құрылысын, құрылымын зерттеп қана қоймайды. Тірі жасушалар мен ұлпалардағы заттардың бір деңгейден екінші деңгейге өзгерістік динамикасын, олардың нақты ағзалардағы тіршілік қызметін, аралық байланыстарын түсіндіруде басты рөл атқарады. Сондықтанда бұл ғылыми пән биология ғылымының химиялық негізі болып саналады.

Тағы да бір, біздің көз алдымызда жаңадан дамытып отырған ғылым саласы гендік инженерия осыдан 40 жыл бұрын, осындай терминде болмаған еді. Ал қазіргі таңда көптеген елдерде гендік инженерияның практика жүзінде қолданылып, өндіріске өте бағалы өнімдер өндіруде, мысалы, Германияда, яғни өнімді өндіру коммерциялық жарнамаға айналып отыр. Осының басты күнәгері физика-химиялық биология.

Иммунологияның саласында иммунохимияның қалыптасуы соңғы жылдарға дейін иммундық жүйе құпия «ашылмаған қара жәшік» болып келді. Ал, қазірде иммундық рецепторлардың лимфоцит жасуша мембранасының беткейінде қалай жұмыс атқаратындығы бәрімізге аян болды. 1965 жылғы Киевте өткен Менделеев съезінде Ю.А. Овчинников ең алғаш рет жүйке жүйесінің қызметіне пептидтердің рөлі жайлы өзінің болжамын айтқан болатын. Нуклеин қышқылына қарағанда (тұқым қуалаушылық ақпаратты тасымалдаушы ретінде саналатын деп есептеген) пептидтер оперативті ақпаратты тасымалдаушы бас миының маңызды қызметін атқарушы екендігі анықталды [2].

Қазіргі таңда биологиялық мембрана саласында да айтарлықтай қозғалыс дамып келеді. Биологиялық мембрананың энергетикалық процесстері маңызы орасан зор, әсіресе тірі ағзадағы рөлі

жайлы мәліметтер анықталып, мембранология саласындағы жетістіктер биоэнергетика саласында да үлкен табыстарға әкелуде. Жасушада жүретін энергетикалық үрдістің механизмдері күн сайын жаңалықтарды ашып жатыр.

Мысал ретінде бактериалды родопсин жайлы белгілі болғаны, бұл белоктың көмегімен бактерия жарық энергиясын пайдаланады екен. Шындығында адам және жануарлар көзі арқылы жарықты қабылдағышта осындай үрдіс жүреді екен.

Сондықтанда биология саласында осындай нақты ғылымдарға химия, физика, кристаллография жетістіктерін пайдалану арқылы жаңа ғылым салалары биофизика, биоорганика, молекулалық биология, молекулалық биофизика т.б. қалыптасып келеді. Мектеп оқушыларына жоғарғы оқу орындарының студенттеріне биология пәндерінен, иммунология, цитология, гистология, физиология, экология, генетика т.б. дәріс беру барысында әрбір мұғалім әрбір тақырыптан дәріс оқу барысында бір пән ішіндегі, әртүрлі пәндер астарындағы тиісті байланыстарды ескере отырып, түсіндіретін болса, шәкірттердің білім сапасының деңгейін кеңейтуге үлкен әсерін тигізеді.

Жоғарыда жазылған фактілердің дәлелі ретінде мақаламызда практика жүзінде пәнаралық байланысты қолданып дәріс беру әдістерін жануарлар физиологиясы негіздері және биотехнология пәнінің арасындағы байланыстарды көрсету арқылы баяндадық.

Студенттерге дәріс беру барысында жалпы білім беру пәнінің арасындағы пән аралық байланысты ашып көрсете отырып, оқыту барысында шәкірттердің еске сақтау қабілеттілігін, танымдық қабілеттілігін дамытуда маңызы зор. Әсіресе жаратылыстану пәндері арасында (физика, химия, биохимия, физиология, генетика, биофизика т.б.). Инновациялық оқыту технологиясының заманауи талабының бірі пәндер арасындағы интеграциялық байланыстарын анықтап, дәлелдеп көрсетіп дәріс оқу, студенттер үшін әрбір тиімді әдіс деп айтылып келеді. Оған дәлел, жаратылыстану пәніндегі оның ішінде биологиялық пәндердің оқу құралы, оқулық болып қалыптасуының басты бір себебі ол жеке ғылым болып қалыптасуына басқа пәндердің оның ішінде физика, химия, математика, ал биологиялық пәндердің көбісі (клеткалық биология, цитология, микробиология, генетика, эволюция ілімі) басты орын алады. Сөзіміз дәлелді болу үшін “5B070100” биотехнология мамандығында дәріс алушы 2 курс студенттеріне оқылатын “Жануарлар физиологиясы негізі” пәнімен, сол курста оқылатын “Биотехнология” пәнінің арасындағы байланыстарға тоқталып өткен жөн.

Сонымен биотехнология дегеніміз не? Жануарлар физиологиясымен қандай байланысы бар деген сұраққа жауап беруден бастайық.

Биотехнология – қолданбалы ғылым болып қалыптасқанына 100 жылдан астам уақыт болды деп айтуға болады.

Биотехнология – өнеркәсіп өнімдерін ағзалардан, биологиялық жүйелерден немесе биологиялық процесстерді пайдалану арқылы алу жолдары.

Биотехнология тек микроағзалар ғана пайдаланылып қоймайды, өндіріске кез-келген өнімдерді де пайдаланады, себебі, оның негізі биологиялық процесстер арқылы іске асырылады. Сонымен қатар биологияның жеке-жеке салалары гендік инженерия, ауылшаруашылық өсімдіктермен жануарларды клондау, экология (әсіресе тұнба суларды тазалау, қатты – қатты өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу, табиғаттың ластануын биосенсорлар арқылы анықтау т.б.). Соңғы кездері адамның қажеттілігіне тірі ағзаларды пайдалану, оның денсаулығын сауықтыру, емдеуге де көптеген септігін тигізеді.

Ал енді “Жануарлар физиологиясы негізі” атты пәнінен қандай байланысы бар деген мәселеге тоқталайық.

Адам және жануарлар физиологиясы “Қан және оның құрамы, қызметі” жайлы дәріс оқығанда, оның құрамындағы лейкоцит жасушасы жайлы әңгіме болғанда, міндетті түрде ағзаның иммундық жүйесі, оның өзгерісі, қандай патологиялық процесстер туындайтындығын айта отырып, антидене, антиген деген ұғымдардың мәнін ашып, оның иммундық жүйедегі қызметін түсіндіреміз. Осылар яғни, белоктар, антидене түзуші молекулалар екендігіне тоқталамыз. Оларды өндіруші ерекше лимфоциттер немесе В – жасуша 1970 жылдары бір типтегі антидене алуды жолға қою арқылы жануарлардың қанынан алған болатын. 1984 жылы Мильер және Келер (Кембриджден) бір типтес моно жасуша алудың әдісін тауып, сол үшін Нобель сыйлығын алған болатын. Бұл жасуша спецификалық белгілі бір антигенге қарсы қолданылады. Сонымен қатар осы жасуша арқылы ананың бала көтерер мерзімін анықтауға болады. Мысалы ХГЧ (адамның созылмалы гонодотропы) арқылы тесттілеу арқылы ананың зәрінен анықталған. Қазіргі кезде әрбір ана, үй жағдайында да осы тест арқылы өзінің екіқабаттық күйін анықтайды [3].

Тағы да бір айта кетерлік мәселе мүшелерді қайта отырғызу кезінде ұлпалардағы иммундық жүйе басқа мүшедегі жүйедегі антиденелерді қабылдамай операция сәтсіз аяқталады. Осыған орай арнаулы антидене Т-жасуша арқылы орналастырылған мүшедегі антигендерді жою арқылы процессті дұрыс жолға қояды. Яғни моноклонды антидене тек Т-клетканы ғана жойып иммундық жүйенің басқа жағына әсерін тигізбейді.

“Жануарлар физиологиясы негіздері” пәнінен “қозғыш ұлпалар” жайлы әңгіме болғанда, осы ұлпалардың оның тілінде жүйке, бұлшықет, безді ұлпалардың ағзадағы басты қызметін айта отырып, олардың ағзадағы мүшелер мен мүшелер жүйесін реттеу механизмдеріне әсіресе, жүйке және бұлшықет ұлпаларының талшықтары бойынша импульстерді қабылдап, нысанаға электрлік потенциал бойынша таралатындығын немесе жүрек бұлшықетінің оның ішінде миокардтың жиырылуымен созылуы қандай күштердің әсерінен туындайтындығын түсіндіргенде арнаулы электрондық құралдар арқылы өлшеп анықтауды биотехнологияда биосенсорларды ойлап тауып, практика жүзінде, медицинада оның ішінде жүйке жүйесіндегі, бұлшықеттегі, яғни, қозу және тежелу процесіндегі өзгерістерді тіркеу арқылы патологиялық процесстерді анықтайды.

Немесе соңғы кездегі пайдаланылып жүрген әдіс қанның құрамындағы қанттың мөлшерін диабет ауруымен ауратын адамдарда тиімді қолдануда.

Ғалымдардың айтуы бойынша биосенсорларды пайдалану қате диагноз қоюды азайтады, кететін шығынды азайтады және биосенсорларды пайдалану кең таралған және өзге қолайлы әдісті тұжырымдайды. Жақын болашақта биосенсорлар ауылшаруашылығында, мал шаруашылығында, әсіресе адамды әртүрлі зиянды факторлардан қорғауда (жүйкені тежейтін газдардан, токсиндерден, жарылғыш заттардан) пайдаланылады деген болжам бар.

Тағы да бір айта кетерлік жайт “Жануарлар физиологиясы” пәнінен ішкі секреция бездерінен дәріс оқу барысында бездердің гипо, гипер функциялық қасиеттерін әңгіме ету барысында айтылады, әсіресе ұйқы безі, гипофиз, жыныс бездеріне байланысты. Атап айтар болсақ, қазіргі таңдағы әлемге танымал ауру қант диабеті.

Ұйқы безі жайлы дәріс оқу барысында адам бойындағы гормон инсулиннің адам ағзасы үшін маңызы жеке мәселеге міндетті түрде тоқталып гипо және гипер функциясына назар аударып осындай жағдайда туындайтын ауытқулар қандай процеске әкеледі деген сұраққа жауап береміз. Әсіресе инсулин гармоны Лангерганс аралшығынан аз бөлінсе адам сусамыр немесе қант диабеті ауруына шалдығады. Қазіргі таңда жер шарындағы халықтардың 3% осы ауруға шалдыққан деген мәлімет бар. Оны емдеу әдісін 1921 жылы Канадалық ғалымдар Бантинг пен Бест ашқан болатын.

Алғашқы кезде инсулинді сиыр мен шошқа қанынан бөліп алған болатын. Бірақ құрамындағы аминқышқылдарындағы айырмашылығы және кейбір қоспалардың болуы, ауру адам ағзасында аллергия ауруын туғызған. Кейінен гендік инженерия әдісін қолданып, яғни инсулин гені бақаның жасушасына енгізіліп жаңа дәрісін ойлап тапты (1982).

Гипофиз безінен өнделіп шығатын гормон соматотропин жайлы айтылғанда да оның аз немесе көп бөлінуінен болатын ауруларды да түсіндіріп, оның емдеу жолдары түсіндіріледі. Әсіресе еркек сиырдың (бұқа) гипофизнен алынған соматотропин жануарлардың жасушаларының болуын күшейтіп сиырдың сүтінің өнімін 25%, етінің салмағын 10-15% ға аттырады.

Көптеген адамдардың арасында мынандай жорамалдар бар. Адамның ақылы соншалықты дамыған, соған орай кез-келген организмді өзгерту арқылы өзінің қажетіне пайдалануы керек. Қазіргі таңда жануарларды модификациялау әдісі коммерцияға айналып табыс көзі ретінде пайдалануда. Немесе адам геннің лабораториялық жануарлардың геніне енгізіп аурудың молекулалық механизмін зерттеу болашақта немен бітетіні белгісіз. Сонда да болса гендік инженерия әдісімен алынған модификациялық жануарлар, әсіресе ауылшаруашылығына, фармакологияда, денсаулық сақтау саласында біздің заманымыздағы шындық. Ал трансгендік жануарлардың күйі дүние жүзінде жоғарғы сапада деп айтуға болады.

Қорыта келе, дәріс оқу барысында екі пәннің арасында пәнаралық байланыстарын түсіндіре отырып студенттер үшін ең маңызды пайдалы жақтарын айтумен бірге, оның зиянды әсерлеріне де көңіл аударған жөн. Әсіресе физикалық және әлеуметтік, моральдық, тәрбиелік мәселелеріне де көңіл аударып пәніміздің білімділік, дамытушылық және тәрбиелік принциптеріне басты назар аудару керек.

Сонымен,соңғы кездердегі білім, ғылым саласындағы интеграциялау принципін сақтайтын болсақ, студенттерге оқу барысында әрбір мұғалім өзі оқыған пәндердіңарасындағы пәнаралық байланыстарды, оның ішіндегі аралық байланыстырын арттырып, басқада пәндермен қандай да байланыста болатындығын көрсеткен жөн.

Дидактикалық білім және тәрбие беру принципіне сүйенетін болсақ пәнаралық байланыстар бірнеше қызмет атқарады. Бірінші: методологиялық қызмет; екінші; студенттердің ойлау қабілеттілігін, танымдылығын қалыптастырады; үшінші; тәрбиелік қызмет; төртінші; конструктивтік қызмет. Осы принциптеріне сүйене отырып, мұғалім оқу материалының мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, ұйымдастыру формаларын арттыруға көмектеседі [4].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Эмануэль Н.М. «О кинетическом подходе в изучении явления и природы» // Серия Биология 1982, №5, С. 18.
2. Овчинников Ю.А. «Сегодня и завтра физико-химической биологии» // Серия Биология 5/1982, №5, С. 3-6.
3. Торманов Н., Аблайханова Н.Т. «Биологиядан білім беру концепциясы және оқытудың инновациялық әдістемелері» // Алматы, «Қазақ Университеті», 2016 – 281б.
4. Торманов Н. Аблайханова Н.Т. Уршеева Б.И. «Биологияны оқыту әдістемесінен тестік тапсырмалар жинағы», Алматы, «Қазақ Университеті», 2015 – 213б.

Г.Қ. Атанбаева¹, А.М. Бабашев²

¹ *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы., Казахстан,*

² *Казахский Национальный педагогический университет имени Абая Алматы, Казахстан*

ЗНАЧЕНИЕ МЕЖПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЕЙ В КАЧЕСТВЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА

Резюме

В этой статье рассматривается вопрос о том, как поднять уровень познания во время лекций у студентов вузов и учащихся школ, пользуясь и объясняя непосредственную связь между предметами биологии и другими сферами естественных наук.

Ключевые слова: дифференциация, интеграция, лимфоцит, соматотропин, биосенсоры, межпредметные связи.

G.K. Atanbaeva¹, A.M. Babashev²

¹ *Kazakh National University of a name al-Farabi,*

² *Kazakh National University named after Abai Almaty*

IMPORTANCE OF BETWEEN CONNECTIONS FOR TEACHER OF DISSEPLINES

Abstract

This article tells about how raise the level of knowledge of the university and school students during lectures, using and explaining the direct link between the subjects of biology and other fields of science.

Keywords: differentiation, integration, limphocit, somatotropin, biosensors, interdisciplinary communication.

Б.Кертаев¹

¹Шет тілдер және іскелік карьера университеті

АДАСТЫРУШЫ ДІНДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАНИПУЛЯЦИЯСЫНА ҰШЫРАҒАН ТҮЛҒАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Аталған мақалада адастырушы діндердің психологиялық манипуляциясына ұшырағандарды оңалтудың жолдары қарастырылған. Автор бұл мақалада фобия феноменін адамда паника приступы ретінде қарастырған және де физиологиялық та психологиялық та сипат алуы мүмкін. Паникалық реакция басқаларынан басымдылыққа шыққан кезде адам өзін өз ортасынан ажыратылған және қалыптан шығарылғандай сезінеді. Кейде адам қысқа әрі тез тыныстаулар арқылы өкпені оттегіге толтырып гипервентиляция жағдайына түседі. Сыртқы сұхбаттастықта яғни жақын адамдармен пікір алмасуда өзінің қорқыныштарын жеңгендігін салмақты дауыспен өз-өзіне сенімді түрде айтып, талқылау да нәтиже береді. Десенсибилизация – фобиядан зардап шегушінің өз тәжірибиесі арқылы қорқыныш кезінде болатын жүріс тұрысындағы рефлексстік өзгерістік форманы жоюға ұмтылуы.

Түйін сөздер: адастырушы діндер, психологиялық манипуляция, тұлға, стресс, фобия, үрей, оңалту жолдары

Қоғамда секта әсеріне тап болып, сектант атанғандар туралы оларға терең психологиялық зорлық, немесе гипноз әсер етті деген пікір ұстанады. Бұл ақиқат алайда, психологиялық манипуляция, гипноз алдында адамның әлсіздік танытуын гипноздың не манипуляцияның күштілігінен емес адам табиғатынан іздеу керек секілді. Тұлғалық «Мен» қалыпты тенденцияларға ие, және оларды қанағаттандыру үшін тұлғаны кейбір әрекеттерге итермелейді. Егер тұлғаның осы «Мендік» талаптары табиғи түрде қанағаттандырылмаса, тұлға санасы манипуляциялық әрекеттердің алдында әлсіздік танытады. Тұлға «Менінің» тенденцияларын төмендегідей тізуге болады:

- 1) Топтасуға ұмтылу;
- 2) Үстемділікке ұмтылу;
- 3) Белгісіздіктің, құпиялылықтың қызықтыруы;
- 4) Өмірдегі қиындық кездері;
- 5) Қайраткерлікке еліктеу;
- 6) Экзистенциальды аспект или немесе «рухани жұтандық».

1950 жылы психолог Леон Фестингер адамның мінез-құлығының оның сезімдері, ойларына тікелей бағыныштылығын анықтау арқылы мынадай формула шығарды: «егер адамның мінез-құлығы өзгертсе оның ойы мен сезімі де бірдей өзгереді». Яғни осы формула арқылы қайтабағдарлау әдісі туралы мынадай ой шығаруға болады: секта адамға керекті идеяны енгізу үшін арнайы әдістер жиынын қолданады, егер осы әдістерді толықтай, бірақ игі мақсат үшін қолданса, адамға ескі зиянды идеяларды өшіру негізінде жаңа пайдалы идеялар енгізуге болады [1].

Сонымен, психологиялық бақылауды қалай орнатуға болатын болса, оны жоюдың сондай мүмкіндігі бар. Алайда бұл процесс ұзақ уақыт пен төзімділікті қажет етеді. Секта мүшесін сана бақылауынан босату ісімен тәжірибелі психолог кеңесші айналсыатын болса мүмкіндіктер мол. Алайда тәжірибе көрсеткендей бұл саладағы ең жақсы кеңесші деструктивті сектасының мүшесі болған адам. Бұл мақсатта іс бастаудың ең алғашқы қадамы секта мүшесімен сенімділік пен достық қатынас орнату болып табылады. Бұл үшін вербальді емес тілде тым қатты сөйлемей, жай жұмсақ ырғақтағы дауыспен сөйлесу керек. Бұл жерде нейролингвистикалық бағдарлау әдістері көмектеседі.

Психологиялық бақылаудан құтқарудың нейропсихологтар мен психотерапевттер дайындаған түрлі әдістері бар. Төменде олардың үш түрі беріліп талданады.

Қайтабағдарлау, «Депрограммирование» бұл тұлғаға емес мәселелер мазмұнына бағытталған, қалыпты ойлауға үгіттейтін кейде өз үгіттемелерін күшпен таңуды да қолданатын әдіс. Депрограммирование термині үгіттемелерді еркін қабылдау процессін де білдіреді, бірақ негізінен өз әсерін жүргізетін адамды ұрлап, мәжбүрлеу арқылы да үгіттеулер жүргізілетіндіктен бұл термин еріксіз үгіттеу дегенді білдіреді. Бұл процесс секта мүшесін бір минутта жалғыз қалдырмайтын, оқшаулау жерде күзетшілер көмегімен ұстаудан басталады. Қайтабағдарлау адепт секта әсерінен арылғандық белгі танытпайынша мерзім жағынан күндерден басталып, айларға созылуы мүмкін.

Бұл әдіс секта мүшелеріне көмектескенімен психикаларында мәңгілік қорқыныштар қалдыруы мүмкін. Бұл ең алдымен адепті сектадан күштеп алып қашу кезінде өзі танымайтын адамдардың қараңғы бөлмеде ұстауы, қайтабағдарлаушы адепт туралы мағлұматтар жинамай бар болғаны компьютер бағдарламасын орнатушы ретінде әрекет етуі салдарынан.

Осылайша қайта бағдарлаудың өз кемшіліктері де бар. Бұл әдіс АҚШ-та 1970-1980 жылдары қолданыста болды, 1990-жылдардан бастап бұл әдісті «кеңес беру» әдісі ығыстырады. Қазіргі кезде АҚШ-та 18-ге толмаған тұлғаны қайтабағдарлауға тиым салынған. Өйткені сәтсіз аяқталған қайта бағдарлау, адептке психологиялық зәбір көрсетуімен қатар, оны культтен шығаруға жәрдемдесудің орнына керісінше культ доктринасына бағынышты етуі мүмкін [2].

Кеңес беру, құқықтық жағынан рұқсат етілген әдіс. Мұнда адепт туыстары кеңес берушіге алдын ала мәліметтер беріп отырады. Бұл жерде күш емес, маман біліктілігі мен тұлға еркіндігі қамтылады.

Процесс ең алдымен кеңесші мен адепттің туысқандарының бірлікте қызмет атқаруымен басталады. Мысалға, қарапайым отбасылық дос ретінде келген, кеңесші адептті үйде тосады. Содан кейін адепттен достық қалыптағы сұхбаттастық кезінде аз дегенде үш күн мерзімге культпен араласпай, үйде қалуы сұралады. Осы мерзімде оған культ туралы видео-аудио жазбалар, өзге де культті басқа жағына сипаттайтын құжаттар мен материалдар көрсетіледі. Адепттің бұл кезде еркіндігі сақталады. Ол өз қалауымен үзілістер жасауы, жалғыз қалуы, сұрақтар қойуы немесе мүлдем кетіп қалуларына жол беріледі.

Алайда бұл әдіс те кемшіліктерге толы, көп жағдайларда кеңес беруші психолог маман емес бұрынғы экс-культист болуы мүмкін. Оның біліктілігінің кемшілігі, сондай-ақ қайта бағдарлаудағыдай назар тұлғаның ішкі жанына емес мәселелер жиынынына яғни, культ туралы мағлұматтарға аударылу себепті болуы да мүмкін.

Тағы бір әдіс өзара стратегиялық қатынас әдісі немесе бизнестегі секілді сенімділік орнату арқылы әрекет ету. Бұл әдіс негізінен мақсатты сұхбаттастық негізінде жүзеге асады. Ол мынадай төрт мақсаттардан тұрады:

Бірінші мақсат, сенімділік орнату, осы негізінде адептпен қатынастар құрылады.

Екінші мақсат, мағлұматтар жинау, бұл кезде адепттің сектаға дейінгі «мені», яғни жан дүниесі мен эмоциялық көңіл-күйі туралы және қазіргі кездегі «мені» туралы және секта туралы барынша мол ақпараттар жиналады.

Үшінші мақсат, ақпараттар беру арқылы өз сектасы мен өзінің қазіргі күйіне күмәнділік орнату, яғни адептке тұспалды түрде кейбір мәліметтер беріп өзі және секта туралы ой сараптауға мүмкіндік беру.

Төртінші мақсат, санадағы өзгерушілік яғни арылу процесінің басталғандығын байқау үшін адептпен қатынасқа түсу.

Адептке көмектесуші адам мыналарды үйренуі керек:

- алдына шынайы мақсаттар қоя білу;
- қосымша сұрақтар мен қызығушылықтарды ажырата білу;
- секта сенімдерін, құндылықтарын, пайымдарын дұрыс бағалай білу;
- нәтижелі сөйлей білу мен тыңдай білуге үйрену;
- адептте пайда болған тәуелсіз мінез-құлықты байқай білу, және қадағалау;
- өз ісіне күмәнсіз сену.

Бұл қатынасты (стратегиялық немесе мақсатты қатынас) қатынасты кез-келген білімді азамат жүргізе алатындықтан оның психолог маман және экс-культистпен кеңесіп отыруы керек, негізінен шет елдік тәжірибелер бұл іспен мамандардың шұғылданғанын мақұлдауда.

Жоғарыда көрсетілген сана бақылауынан босатуға көмектесетін үш әдістің соңғысын пайдаланып, адептке психологиялық бақылауды орнатуда қолданған тәсілдерді мақсатты қолдану арқылы сана бақылауынан босатуға болатындығын шет елдік тәжірибелер көрсетіп отыр. Ол үшін екінші бөлімде берілген әдістерді қарастырайық. Сектаға тартушы өте білімді, қарапайым, адам ойындағысын дәл табатын ерекше ілтипатты адам деп бейнеледік. Сектадан шығарушы адам да адептті бастапқыда еліктірген дәл осындай білімді бірақ, қарапайым, оның көңіліндегісін сезе алатын мейірімді (асқан мейірбандық күдік тудыруы да мүмкін) болуы керек. Ол үшін де біз жоғары да көрсетілген үш әдістің (қайтабағдарлаушы, кеңес беруші, мақсатты сұхбаттасушы) ішінен үшіншісін таңдаймыз. Мақсатты сұхбаттасушы отбасы досы ретінде немесе көшеде кездейсоқ таныстық арқылы аралсып, адепттің балалық шағынан осы күнге дейінгі өмірі яғни, өмірлік принциптері, қызығушылықтары, мақсаттары, достары, қорқынышы, сектаға дейінгі жанын қинаған мәселелері

туралы толық ақпараттар жинау негізінде адептпен достық қатынас құрады. Алғашында ол секта туралы жасанды қызығушылық оятуы керек.

Екінші сатыда біз достық қатынасқа түскен сектантпен арбалушы ролін қайталаймыз. Бұл жерде секта үй не парк болып алмастырылады. Яғни адепттің жаңа досы оны үйде, паркте жиі кездесулерге шақырып сөйлесіп, пікір алмасып тұрады. Одан соң секта әдісі бойынша уақыт бақылауы пайдаланылады, мысалға адептпен жаңа достың кездесулері белгілі уақыттарға белгіленеді.

Ақпараттық бақылау әдісін де нәтижелі қолдануға болады, мысалға кезінде секта бақылаулар арқылы не мүлдем тиым салған ақпараттарды біртіндеп жеткізу арқылы. Ең бір тиімді әдіс адептке деструктивті секталар қандай, олар қоданатын әдістер, құрылымдық сипаттары туралы тұспалды түрде бірқалыпты және ешбір екпінсіз жеткізу керек. Бірақ бұл жерде өте сақтықпен қимылдау керек, өйткені өз сектасы не көсемі туралы жағымсыз ақпараттар қабылау кезінде адепт ой тежеу әдісін автоматты түрде қолдануы мүмкін (екінші бөлімде бұл әдіс туралы айтылған) де онымен қатынас біржола үзілуге әкеледі. Өз тобын секта ретінде есептемейтін адепт, жаңа досымен бірге өзге секталар туралы қызу талқылаулар жасауы мүмкін, кейін жалғыздықта қалған кезінде алынған ақпараттар өз сектасы туралы ой сараптауға көмектеседі. Өйткені мидың сараптау функциясы әлі де жоғалған жоқ, тек ақпаратсыздық арқасында тежелді. Осы себептен де адептке көмек ең қарапайым сұхбаттасудан, яғни ақпарат берудің ең күмәнсіз әдісін пайдаланып, миға, санаға екпін тастаудан басталады.

Секталар қолданатын тілдік манипуляция орнына, өткен күнін еске түсіретін сөздер мен сөз тірекестерін ұтымды пайдалануға болады. Мағынасы ауыстырылған сөздерді қалыпты түрде қабылдауды үйрету үшін, арнайы сөздік те сыйлауға болады. Нәтижесінде адепт өзі ерекше деп қабылдап жүрген тілдің қарапайым мағынасыз сөздер жиынтығы екенін түсінеді.

Сонымен бірге секта қолданатын гипноз, медитация сияқты тәсілдерді де пайдалануға болады.

Мысалға, Алман Брайанның «Самогипноз. Полное руководство по оздоровлению и самоизменению» атты кітабында көрсетілген күмән тудырмайтын қарапайым мына тәсілдерді қодануға болады [3, 135 б.]:

Терең бұлшықетті босаңсыту, бұлшықеттің үнемі қысымда болуы паника мен үрейлік сезім тудыруға себепші. Әрі секта құрамындағы адамдар еш уақытта терең дене босаңсытуын жасамайды, жасалған кезде де дене босаңсып сана сол қалпы кері мағлұматтарды күштеп тану процесінде болады. Адептке толық дене босаңсыту процессін жасату кезінде одан көз алдына таза аппақ сәуле елестетуін сұрау керек (бұл әдіс секталарда кері қолданылады). Егер сәулені елестете алса, одан бірқалыпты дем алып, өз жанымен сұхбаттасуын немесе өзі туралы ойлануын сұрау керек. Секталарда кең қолданыс табатын тыныс алу техникасын да дұрыс қолдануға болады. Мысалға, асықпай қалыпты демалу қан тамырларын қажетті оттегімен қамтамсыз етеді, ал дем шығаруды демалудан сәл ұзағырақ жасаса бұл кезде қан көмірқышқыл газы секілді зиянды нәрселерден арылады. Сонымен бірге дем шығару кезінде арнайы дыбыс шығару, мысалы ауыр жүктен жеңілдеген кейіптегідей дыбыс шығару да нәтижелі көмектеседі.

Медитация көмегі де зор. Бұл процесс кезінде адептке өз-өзіне айналасында не болып жатқандығы туралы есеп беруге, өзін қинап жүрген ойлар туралы толыққанды ойлануға кеңес беріледі.

Ал гипнозды пайдалану арқылы адептке өткен шағының, мысалға балалық шағының бақытты кезеңін немесе туысқандарын қалай жақсы көргендігін еске түсіруге көмектеседі. Алайда, ол бейсаналы түрде енгізіледі де адепт есін жиған кезде ол туралы білмейді. Алынған ақпарат белгілі уақыттан соң ғана адептті мазалап, өткен шағы туралы саналы ойлануға, еске түсіруге итермелейді.

Адепттің сана бақылауынан арылу процесі басталып, толыққанды өмірге бейімделе бастауы кезеңінде оған сектаға дейінгі дәстүрлі дін өкілімен кездестіріп, ой бөлісу, сұхбаттастыру пайдалы. Бұл кезде ең нәтижелісі дұғалар оқыту болып табылады. Бұл процесс кезінде адепт құдайдан кешірім тілеп, дұрыс жол көрсетуін сұрайды және өзіне сенімділік орнататын рухани қолдау тапқандай сезінеді.

Ал келешек өміріне бағдар беру үшін адептке үлгі тұтатын тұлға керек болады. Ол үшін сәтті жол тапқан, яғни секта шырмауынан құтылып, үйлі болған, қызмет атқаратын адаммен таныстыру керек. Мұндай ролді көбінесе адепттің қасында жүрген жаңа досы, яғни экс-культист атқарады.

Адепттің сектада ұзақ уақыт бойы шырмалуының негізгі себебі еріксіз таңылған фобиялар болып табылады. Олар адепт культ ықпалынан босаған соң да өз әсерін тигізеді. Екінші бөлімде олардың енгізу процесстері туралы айтылған, міне осы фобиялардан адептті арылту оны секта бақылауынан арылту кезеңінен басталып, үнемі жалғасып отыратын (өйткені сау адамдардың өзінде балалық

шағынан қалған немесе себебін өздері де түсінбейтін фобиялардың әсерінен шыға алмауы) күрделі процестің бірі. Фобиядан азат ету үшін адепке оның әдеттегі немесе саналы қорқыныштан айырмасын түсіндіру, не мақсатпен енгізілітінін және қалай әсер ететінін түсіндіру керек.

Фобия құрсауы кезінде адамда паника приступы болады. Ал физиологиялық та психологиялық та сипат алуы мүмкін. Паникалық реакция басқаларынан басымдылыққа шыққан кезде адам өзін өз ортасынан ажыратылған және қалыптан шығарылғандай сезінеді. Кейде адам қысқа әрі тез тыныстаулар арқылы өкпені оттегіге толтырып гипервентиляция жағдайына түседі. Бұл өз кезегінде бас айналып, жүрегі айнып есінен танып қалуларға да әкелуі мүмкін. Жүрек жиі соғып, бұлшықеттер нығыздалып, дене терлейді. Көздің айналасы жыбырлап, ауыз қуысы құрғап, дауысы дірілдей кейде шықпай да қалуы мүмкін. Паника ықпалындағы адамның денесіндегі физиологиялық реакция өту үшін кем дегенде үш минут уақыт керек.

Паника ықпалына түсіп қалуы мүмкін адепке мынадай жаттығулар алдын-ала үйретілуі керек.

Тыныс алу бақылауы, паникалық реакция кезінде адам не өте тез қалыппен тыныстайды, не дем шығаруды ұзақ уақыт тежейді. Мұндай жағдайды болдырмау үшін тыныстау техникасын іске қосу керек. Мысалға, терең демалуды асықпай төртке дейін санау арқылы бастап, дем шығаруды ұзағырақ ұстап, санауды сегізге дейін жеткізу керек. Бұл әдісті бірнеше рет қайталау керек. Мұндай сәтте адам санасын қалыпқа түсірудің нәтижелісі осы дем алу схемасы болып табылады.

Жалпы фобиядан арылту үшін адепке өзіне енгізілген фобияны екі формада бақылату керек. Оның біріншісі – ассоциалы, екіншісі – диссоциалы. Біріншісінде, яғни ассоциалы бақылауда адепт ойларын, қорқыныштарын елестету кезінде өзін сол оқиға ішінде көріп, сезінеді. Екіншісінде, диссоциалыда дәл сол оқиғаларды адепт елестетеді, бірақ өзін сырттай бақылаушы ретінде ғана сезінеді.

Ассоциалы образдар ең алғашқыдағыдай эмоциялар тудырса, диссоциалы образда керісінше бейжайлық, немқұрайлы әсер қалдырады.

Адепке қорқынышты ойларға қатысты екінші жағдайды қалыптастыру керек. Ол үшін ең алдымен қорқынышты, мысалға сектадан тыс өмір сүру қорқынышын алайық (себебі секталарда адепттерге сектадан тыс өмір зұлымдық пен шайтан ықпалында, егер адепт сектадан шықса өліп қалуы да мүмкін деген қорқыныш енгізілген), осы жағдайды жоғарыда көрсетілген екінші қалыпта елестетіп, содан кейін оны визуалды түрде кемшіліктерінен арылту тапсырылсын. Кейде адепт өз елестетулері туралы баяндап отыруы да мүмкін. Содан-соң өзі елестеткен осы позитивті визуализацияны бірінші қалыпта елестету тапсырылады. Яғни өзгерген, алғашқы қорқынышты қалпы өзгерген сектадан тыс әлемде – өзін көру. Міне осындай «позитивті фильмдер» көрсету арқылы адепт бойындағы қорқыныштарды сейілтуге болады [4].

Фобияның қалдықтарын қорқыныш көзіне деген сезімталдықты өшіру арқылы да жоюға болады. Мұны десенсибилизация деп атайды. Десенсибилизация – фобиядан зардап шегушінің өз тәжірибиесі арқылы қорқыныш кезінде болатын жүріс тұрысындағы рефлекстік өзгерістік форманы жоюға ұмтылуы. Мысалға суға батудан қорқатын адамдарды ең алдымен ұзақ уақыт су жанында ұстау, содан кейін суда жай кешіп жүргізу, біртіндеп құтқару жилеткалары арқылы суда жүзуге үйрету арқылы бастапқы қорқыныштан айыруға болады. Осы секілді адепт өзін жайсыз сезініп, қорқыныш тұсауында қалса немесе қорқыныш тудыратын сезімдер билесе оған үнемі көмектесуге, пікірлесуге дайын дос-туыстары бар екенін және олар келешек өміріне де жан-жақты қол үшін бере алатындығын түсіндіру керек.

Фобиядан құтқарудың тағы бір әдісі, кез-келген адам ішінде өз-өзімен сұхбаттасып жүреді. Егер қорқыныш билейтіндей болса, тыныс алу техникасымен бірге өз-өзімен сұхбаттасып, қорқуға негіз бар ма, жоқ па деген сауалға жауап іздеуі керек.

Сыртқы сұхбаттастықта яғни жақын адамдармен пікір алмасуда өзінің қорқыныштарын жеңгендігін салмақты дауыспен өз-өзіне сенімді түрде айтып, талқылау да нәтиже береді.

Адепке өз фобиясын жеңген адамдар туралы да кездейсоқ формада айтып отыру керек.

Осындай істерден соң да адепт қалыпты өмірге үйренісе алмауы да мүмкін, өйткені оның алдында секта күштеп енгізген психологиялық жайсыздықтар мен бірге дене жарақаттары, яғни физиологиялық зардаптар да бар. Бұл мәселелер туралы шет ел тәжірибесін қарастырайық.

Американың құлт құрамында болғандарды, яғни экс-культистерді зерттеуші ғалымдары F. Conway, J.H. Siegelman 1982 жылы экс-культистердің үлкен тобын зерттегенде олардың 52%-да «ауытқу» (floating) синдромы, 40%-да түнгі қорқыныштардың мазалауы немесе ұйқысыздық, 21%-да амнезия (есте сақтау қабілетінің бұзылуы), 14%-да галлюцинациялар мен елестер, 35%-да сектадан қабылдаған әдеттерден (өлең айту, белгілі бір ойлар сарыны, т.б.) айрыла алмаушылық, 14%-да

қатты ашуланшылық күйінің болуы, 21%-да өзіне зиян келтіру немесе қол жұмсауға ұмтылушылық сияқты сезімдер құрсауында болатындығы анықталған [5, 234 б.].

M.D. Langone-нің 1995 жылғы зерттеуі бойынша, 88% экс-культисттердің 37% - ы өз секталарын зиянды, 51% - ы өте зиянды деп бағалаған.

P. Martin, M.D. Langone, A. Dole және J. Wiltrout 1992 жылы зерттеудің түрлі тәсілдерін соның ішінде миллиондық көпмақсаттағы клиникалық сауалнама (МСМІ) тәсілін де қолданып, 111 экс-культисттің психологиялық статусын анықтауға ұмтылды. Ол бойынша ағылшын тіліндегі әдебиеттерде «floating» терминімен аталатын «ауытқы» синдромы айқын көрініс тапты. Бұл синдром күштеп таңулар салдарынан сананың кейбір кездері өң мен түс секілді шынайы өмірді қиялдан (секталық өмір келбетінен) ажырата алмауы болып табылады. Ауытқуды тудыратын сектадан кеткені үшін өзін-өзі кінәлаушылық, есту, көру сияқты сезім мүшелері арқылы өткенді еске түсіру қалпы сияқты көптеген себептер болуы мүмкін [6].

Бұрынғы секта мүшелерінің арасында кездесетін екінші нәрсе посттравмалық стресс синдромы. S. Levine 1984 жылғы зерттеуінде 800 экс-культисттердің 50%-нан осы синдромды тапқан. Ең жаманы сол діни секталардан хабары жоқ маман тексерген жағдайда бұл синдромға шизоффриния диагнозы қате қойылуы да мүмкін, кезегінде адепттің жағдайы одан бетер ушыға түсері сөзсіз [5].

Сектадан шығып, бірақ қайта оралған экс сектанттарға жүргізген сауалнама бойынша, олардың көбі күнделікті өмірге өздерінің үйренісе алмайтындықтары анықталған. Оларға жан күйзелісін түсінетін, қорқыныштардан дер кезінде арылтып, демеу беретін, жол сілтейтін мамандар керектігін айтады.

Осы жағдай ескерілген АҚШ-та бүгінгі күні экс сектанттарға көмек қолын созуға даяр, жан-жақты білім игерген психолог, дінтанушы, социолог және экс-культисттерден құрылған орталықтар жұмыс істеуде. Олардың қатарына «культтер туралы мәліметтер жүйесі», Американың отбасылық қорының қолдауымен «Айығу» бағдарламасы және т.б. орталықтарды жатқызуға болады, онымен қоса жүз парақтық «Cultic studies Journal» атты басылымы шығып тұрады. Мұның өзі сектадан шығу мүмкін емес деген, тұжырымға қарсылық ретінде іске асырып, дәлелденуде. Мұндай қызметтер, Қазақстанда да біртіндеп ашылууда, ол алғашында жеке психологиялық орталықтар болса, қазіргі кезде мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетілуде, мысалға өткен жылы, яғни 2009 жылдың 21-қыркүйегінен бастап, Астанада деструктивті секталардың ықпалына ұшыраған адамдармен жұмыс жасайтын орталық ашылды. Орталық, атап айтқанда, жұртшылыққа деструктивті секталардың ролі жайында жеткізеді. Қазақстанда деструктивті секталардан зардап шеккендерге көмек көрсететін орталықтар қызмет жасап жатыр. Арман Тәңірбергенов басқаратын бұл орталық Астана әкімшілігінің қолдауымен ашылып отыр.

Мұнда мамандандырылған заңгерлер, әлеуметтанушылар, психологтар жұмыс істейді. Бүгінде секталар тарапынан туындайтын қатерді адамдар толық түсініп жатқан жоқ. Мәселен, көшеде бейтаныс адамдар насихаттық кітаптарды таратып, дінге деген көзқарасты өзгертуге тырысып жатады. Оның ішінде дәстүрлі емес діндер де бар. Олар өздерінің мүддесін насихаттап, жеке пайдасына жұмыс істейді

Секталардың ықпалынан зардап шеккен адамдардың осы орталыққа тиісті көмек алу үшін, біздің орталықта жұртшылыққа ақпараттық, психологиялық, заңгерлік кеңестер жұмыс атқарады [7-80].

Бұл да сектадан енді азат болған адепт үшін үлкен психологиялық қолдау мен бағдар болады. Яғни, жоғарыда көрсетілгендерден шығатын қорытынды- сектадан шыққан адамға психологиялық және басқа да көмектер мерзімдік уақытша болып табылмайды, ол ұзақ уақыттарға созылатын үлкен шыдамдылық пен біліктілікті талап ететін процесс.

1. Шапарь В. *Религиозная психология*. – Харвест. 2004. – 384
2. Смирнова Е. *Введение в религиозную психологию*. – Бахрах-М. 2003. – 160
3. Брайан А. *Самогипноз. Руководство по изменению себя*. Серия «Библиотека психологии и психотерапии» Независимая фирма «Класс», Москва, 2003 г., 192 стр.
4. Пичугин В.Г. *Противодействие манипуляциям*. Феникс. 2013
5. Ameli, Saied Reza, Molaei, Hamideh. *Religious affiliation and intercultural sensitivity: Interculturality between Shia & Sunni Muslims in Iran // International journal of intercultural relations*. – 2012. – 35p.
6. Салқынбек Д. *Діни экстремизмнің алдын алу*. «Ислам және өркениет», №23, 2007 ж.
7. Сейсенұлы Д. «Заңсыз секталарға тосқауыл қойылды», «Егемен Қазақстан», №6 (2) 2007 ж.
8. Исахан М. «Діни диверсияға құқықтық тосқауыл керек», «Қазақстан-Zaman». 2007 ж.
9. Шымкенттегі секталар шектен шығып барады. «Дөңгеленген дүние» №13-14.25.04.2007 ж.

Кертаев Б.

Шет тілдер және карьера университеті, Алматы қ.

АДАСТЫРУШЫ ДІНДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАНИПУЛЯЦИЯСЫНА ҰШЫРАҒАНДАРДЫ ОҢАЛТУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

В данной статье рассмотрены пути реабилитации личностей подверженных религиозным психологическим манипуляциям. Автор в своей статье раскрыл феномен фобии как расстройство, при котором человек испытывает болезненный страх, вынуждающий его избегать относительно безопасных объектов или ситуаций. В статье представлены наиболее эффективные способы противостояния личности психологическим манипуляциям. Личность попав в ситуацию, вызывающую фобию, у человека развивается состояние паники. В дальнейшем, предвидя повторение подобной ситуации, он автоматически ощущает страх и начинает избегать ее. Приступы страха могут сопровождаться дезориентацией, ощущением нереальности своего состояния или внешнего окружения.

Ключевые слова: религия, психологические манипуляции, личность, стресс, фобия, паника, реабилитация.

Kertayev B.

University of Foreign Languages and professional career

WAYS OF REHABILITATION OF PERSONS SUBJECT TO RELIGIOUS PSYCHOLOGICAL MANIPULATIONS

Annotation

In this article ways of rehabilitation subject to religious psychological manipulations are considered. The author in the article has opened a phobia phenomenon as frustration at which the person feels the painful fear forcing him to avoid rather safe objects or situations. The most effektiny ways of opposition of the personality to psychological manipulations are presented in article. The personality having got into the situation causing a phobia at the person panic state develops. Further, expecting repetition of a similar situation, he automatically feels fear and begins to avoid it. Attacks of fear can be followed by a disorientation, feeling of unreality of the state or external environment.

Keywords: religion, psychological manipulations, personality, stress, phobia, panic, rehabilitation.

МРНТИ 37.15.99

Н.С. Жұбаназарова,¹ Н. Мұратхан²

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

²*Алматы университеті*

Алматы, Қазақстан

БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ СТИЛІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН АТА-АНАНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кезеңде әр мектепте жас ұрпақтың дамуына қолдау көрсету мақсатында психолог мамандар еңбек етуде. Әрине, баланың дамуы үшін тек мамандардың ғана ықпалы жеткіліксіз болып табылады, себебі бала алғашынан отбасында тәрбие алады. Сондықтан баланы тәрбиелеу мәселері жиі отбасындағы ата-аналарының қарым-қатынасы, ата-аналарының тұлғалық мәселері сияқты жағдайларға байланысты болады. Әсіресе, баланың тұлғалық қалыптасуы ата-аналарының балаға қатынас стиліне байланысты. Әлеуметтік жағдайдан, іс-әрекет түрінен, материалдық деңгейден және ата-ананың білімінің деңгейінен тұратын отбасы жағдайы баланың өмірлік жолын қалыптастырады. Балаға саналы және мақсатты тәрбиеден басқа жалпы отбасы ішілік атмосфера әсер етеді.

Түйін сөздер: стереотип, педагог-психолог қызметі, тәрбиелеу стилі, фактор, этникалық, рухани, мәдени.

Соңғы жылдары практикалық психология саласындағы жағдай күрт өзгерді. Түрлі ұйымдарда психологиялық қызмет көрсету орталықтары ашылып жатыр. Әр мектепте жас ұрпақтың дамуына қолдау көрсету мақсатында психолог мамандар еңбек етуде. Олар алуан түрлі дамытушы және коррекциялық бағдарлар ұсынып, өз жұмыстарында кеңінен қолданып жатқанына қарамастан, бұл мамандар осындай жұмыс нәтижелері күтілетін деңгейден әлдеқайда төмен деген қорытындыны мәлімдейді. Әрине, баланың дамуы үшін тек мамандардың ғана ықпалы жеткіліксіз болып табылады, себебі бала алғашынан отбасында тәрбие алады.

Сондықтан баланы тәрбиелеу мәселері жиі отбасындағы ата-аналарының қарым-қатынасы, ата-аналарының тұлғалық мәселері сияқты жағдайларға байланысты болады. Әсіресе, баланың тұлғалық қалыптасуы ата-аналарының балаға қатынас стиліне байланысты. Ал ата-аналарының қатынас стильдері өз кезегінде әлеуметтік-мәдени және отбасылық дәстүрлерге, баланың клиникалық-психологиялық ерекшеліктеріне, отбасының ересек мүшелерінің өзара қарым-қатынас ерекшеліктеріне және тәрбиелеуші ата-ананың тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты болады.

Отбасы бала үшін дүниеге келу ортасы мен оның негізгі өмір сүру ортасы болып табылады. Отбасында баланы толық қабылдайтын және түсінетін жақын адамдар қоршайды. Баланың қоршаған орта туралы білім негізі алғашқыдан отбасында қалыптастырылады. Егер ата-аналардың мәдениеттік және білім деңгейлері жоғары болған жағдайда, бала тек алғашқы білім негізін ғана алып қоймайды, сонымен қатар оның өмірлік мәдениетінің жетілдірілуі жалғасады. Отбасы – бұл белгілі психологиялық климат ортасы, бала үшін басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптастырылатын алғашқы мектеп. Отбасында баланың мейірімділік пен зұлымдық, адамгершілік туралы, мәдени, рухани және материалды құндылықтарға деген қамқорлық туралы алғашқы түсініктері алынады. Бала отбасындағы жақын адамдарымен сүйіспеншілік, достық, паприз, жауапкершілік, әділдік сияқты сезімдерін кешеді. Өз табиғаты бойынша отбасылық тәрбие беру сезімге негізделеді. Өз сипаты бойынша басқа тәрбие орындарына қарағанда отбасындағы тәрбие эмоционалды болаып келеді, яғни мұндағы тәрбие барысында ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігі маңызды болып табылады, бұл сезім баланың жауапты сезіміне себепкер болады [1, 31б.].

Отбасылық тәрбие дамып келе жатқан адамның толық өмір салтымен үйлесімді ұласып жатады, себебі отбасында бала іс-әрекеттің барлық маңызды түрлеріне – интеллектуалды-иыемдік, еңбек, қоғамдық, құндылықты бағытталған, өнер-шығармалышық, ойын, еркін қарым-қатынас – ортақтасады. Сонымен қатар осы іс-әрекет түрлерінің барлық кезеңдерін, яғни жүріс-тұрыс пен мінез-құлықтың қарапайым үйрену деңгейлерінен күрделі әлеуметтік және тұлғалық маңызды деңгейлеріне дейін меңгереді. Отбасылық тәрбиенің сонымен қатар кең ауқымды әсер ету диапазоны бар: ол өмір бойы жалғасы жатады, тәуліктің және жылдың кез келген мерзімінде жалғасып жатады.

Психологиялық әдебиетте «ата-ана қатынасының стильдері», «отбасылық тәрбие стильдері», «ата-ана позициясы» түсініктері жиі синонимдік түсініктер еркінде қарастырылады. Осы жұмыс төңірегінде отбасылық тәрбие стилі көпөлшемді құрамы ретінде қарастырылады, оның құрылымына когнитивті, эмоционалды және мінез-құлық компоненттері енеді. А.Я. Варганың анықтамасына сүйене отырып, ата-ананың балаға қатынасын балаға қатысты алуан түрлі сезімдердің білдірілуінің, баламен араласу барысында байқалатын мінез-құлық стереотиптерінің, оны қабылдау ерекшеліктерінің және бала мен оның мінез-құлқын түсінудің біртұтас жүйесі ретінде анықтаймыз [2].

Отбасында қалыптасатын жақсы көру және жақындық қатынастары баланың болашақта басқа адамдармен қарым-қатынасының негізі ғана болып қоймайды, сонымен қатар балаға таныс емес, жаңа немесе стресстік жағдайларда пайда болатын үрейлілік сезімдерін төмендетуге себін тигізеді. Сонымен, бірақатар авторлардың көзқарастары бойынша, отбасының ең алғашқы қызметі – сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу барысында және ортамен танысу және араласу барысында кепілдік беретін негізгі қауіпсіздік сезімін қамтамасыз ету [3, 31б.; 3; 20-23].

Ата-ана тәрбиесінің стильдерінің мәселесін алғашқы рет А. Адлер зерттеген болатын (1932). А. Адлер балалық шақтағы ата-ананың тәрбиесімен байланысты қолайсыз жағдайларды қарастырған, оның негізінде бала өмір туралы жаңсақ түсініктер қалыптастырады. Олардың қатарына баланы қатты **еркелету** және балаға **немқұрайлы** қарау жатады. Балаға мұндай деструктивті қатынастар оның әлеуметтік қызығушылықтарының қалыптасуына немесе қоғамдық сезімдерінің қалыптасуына – басқа адамдардың өміріне қызығушылық танытуға және атсалысуға кедергі болады. А. Адлер ата-ана тарапынан балаға тым көп ерік беру және түрлі жағдайларға жол берушілік баланың өзі және басқалар туралы теріс көзқарасының қалыптасуына, басқа адамдармен қарым-қатынасының

конструктивті әдістерінің дағдыланбауына әкеліп соқтырады деген тұжырым жасайды. Эмоционалды қабылданбаған және олардың немқұрайлығына дағдыланған балалар өз күштері мен мүмкіндіктерін жеткіліксіз бағалай алмайды, өмір жағдайларын асыра бағалайды, олар қоршаған орта адамдарымен қарым-қатынас барысында қиыншылықтарға соқтығысуы мүмкін.

Балаға қатысты тандалған қатынас стилі ата-ананың өмір стиліне тікелей байланысты, яғни адам өмірге және өзіне қандай мағына беретіндігіне, оның құндылықтарына және оның қызығушылықтарының бағыттылығына, сонымен қатар оларды жүзеге асыру жолында қандай әдістер мен көзқарастарды ұстанатынына байланысты болады. Ал балаға қатысты қолданылатын ата-ана қарым-қатынасы өз кезегінде баланың өмір стилінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді, себебі баланың өмір стилі өте ерте қалыптасады, әдетте баланың өмір стилі бес жасқа дейінгі жас-шамасында қалыптасады [4].

Клиникалық сала бағытында орындалған С. Бродидің (1956) жұмысы осы аталмыш мәселе төңірегіндегі жұмыстар арасында классикалық еңбек ретінде мойындалады. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасының бейнетаспаға түсірілген төрт сағаттық қарым-қатынасын бақылай отырып, ол ананың балаға қатынасының 4 түрін анықтады:

1 түрі. Анасы баласының қажеттіліктеріне оңай және үйлесімді бейімделеді. Анасына қолдаушылық және рұқсат етушілік мінез-құлық бейім болып келеді.

2 түрі. Анасы баласының қажеттіліктеріне саналы түрде бейімделуге тырысады, бірақ баламен қарым-қатынасындағы зорланушылық басым болып пен еркіндіктің жетіспеуінің салдарынан анасының тырысулары сәтсіздікке ұшырап отырады. Анасы жиі балаға жол бергенге қарағанда, өзі басшылық етеді.

3 түрі. Аналық негізінде – парыздылық сеізімі басым байқалады. Баламен қарым-қатынаста қызығушылық, жылулық пен жағдайға үйлесімділік жетіспейді. Ананың қарым-қатынас құралы болып қатыгез бақылау табылады.

4 түрі. Анасы өзін баланың жасы мен қажеттіліктеріне сәйкес ұстамайды. Оның тәрбиелік ықпалдары ретсіз және қарама-қайшы болып келеді.

С. Бродидің ойынша, бала үшін ең қолайсыз болып төртінші түрі табылады, себебі анасының үнемі күтілімсіз, кенет жауаптары пен мінез-құлқы баланың ішкі жан-дүниесінің тұрақтылығын бұзып, оның үрейлілігін арттыра түседі.

Осы мәселемен айналысқан Д. Стивенсон-Хайнд, М. Симсон (1982) ата-ана қатынасының 3 түрін жіктеп анықтады:

Ұстамды ана басым жағдайларда тәрбие құралы ретінде мақтауды қолданады. Бойын шаттық билеген ана жиі баламен қарым-қатынасында оның мінезінің ұсақ-түйек байқалуларына эмоционалды баға беріп отырады. «Әлеуметтік» анаға өз назарын баладан кез келген кедергілерге ауып кетіп отыруы бейім келеді.

Д. Броумид (1975) бала мінез-құлқының сипатталған паттерндері үшін жауапты ата-ананың мінез-құлқын өзгертудің төрт өлшемін ұсынады.

Ата-ана бақылауы: жоғары деңгейде ата-ана балаға үлкен ықпал жасауды қалайды, өз талаптарын орындауды қатаң талап етуге қабілетті, өз талаптарын ретімен ұсынады. Бақылаушы мінез-құлқы балалардың тәуелділігінің, агрессивтілігінің, мінез-құлқының ойынға айналдырушылығының байқалуын түрлендіруге бағытталған, сонымен қатар ата-ана стандарттары мен қалыптарын жеткілікті меңгерілуіне тырысады.

Екінші өлшем – баланың ержетуін дамытуға бастама болатын *ата-ана талаптары*, олар бала өзінің интеллектуалды, эмоционалды және қарым-қатынас салалардағы қабілеттерін дамытуына қолдау береді, баланың дербестігінің қажеттігі мен оған құқығы бар екендігін талап ретінде қояды.

Үшінші өлшем – *тәрбие шаралары барысында баламен қарым-қатынас әдістері:* ата-ана баланың тыңдауын қамтамасыз ету үшін сендіру мен иландыруды қолдануға тырысады, өз көзқарасын негіздеуге тырысады және оны баламен талқылауға дайындық білдіреді, баланың ойы мен көзқарасын тыңдайды. Төмен деңгейлі ата-ана айқайлауды, ашығмдануды және ұрысты қолданады.

Төртінші өлшем – *эмоционалды қолдау:* ата-ана бұл жағдайда балаға жан ашырлық, сүйіспеншілік және жылы мейірімді қатынасты танытуға ынталанады, бірақ әрекеттері мен эмоционалды қатынастары баланың физикалық және рухани дамуына бағытталған, олар өз балаларының жетістіктері мен сәттіліктерін мақтан тұтады және өз жұмыстарына көңілдері толады.

Баланың білікті және кемелденген қасиеттерінің кешені ата-анасының қатынасындағы барлық төрт өлшемнің де қолданылуына – бақылау, баланың әлеуметтік дамуына, қарым-қатынастылығына талап қоюшылық және эмоционалдық қолдау – сәйкес келетіндігі анықталды, яғни тәрбиенің оңтайлы шарты болып жоғары талаптылық пен бақылаудың, демократиялық пен қабылдаудың қатарласуы табылады.

Сонымен, өзін өзі бақылау мен әлеуметтік біліктіліктің негізі болып табылатын баланың мінез-құлқына тән қасиеттердің қалыптасуының кең таралған механизмі болып ата-ана қолданатын бақылау құралдары мен дағдыларының интериоризациясы анықталды [5].

Е.Т. Соколова (Соколова Е.Т, 1989), психологиялық кеңес беру нәтижелерін жалпылай отырып, «ана-бала» қатынастарының келесі стильдерін анықтады:

1. *Ынтымақтастық*. Ана мен бала қарым-қатынасында қолдаушы сөздер басым қолданылады. Қарым-қатынастарында бір-біріне жол берушілік, икемділік байқалады, яғни жетекші мен жетектелуші позициялары үнемі ауысып отыратындықты білдіреді. Ана баланы белсенділікке жұмылдырады.

2. *Оңашаландыру*. Отбасында бірігіп шешім қабылдау орын алмайды. Бала оңашаланады және өз ойы мен уаымдарын ата-анасымен бөліскісі келмейді.

3. *Бәсекелестік*. қарым-қатынасқа түсушілер бір-біріне қарсыластық көрсетеді. Өзін өзі бекіту қажеттілігін және симбиотикалық жақындықты қанағаттандыру мақсатында бірін-бірі сынайды.

4. *Жалған ынтымақтастық*. Қарым-қатынасқа түсушілер эгоцентризм танытады. Бірііп қабылданған шешімдердің мотивациясы іскерлік емес, ал ойын сипатында (эмоционалдық) болады.

Е.Т. Соколованың көзқарасына сәйкес, қарым-қатынасқа түсушілер кез келген стильді қолдану барысында белгілі «психологиялық пайданы» көздейді. Бұл автор «ана-бала» қатынастарының екі нұсқасын қарастырады: анасының басшылығы және баланың басшылығы.

Басшылық етуші ана баланың ұсынысын қабылдамайды, ал бала, көнгіштік таныта отырып, және/немесе анасының артынан әрекет ете отырып және анасының қорғанышына сүйене отырып, анасының ұсынысын қолдайды. Егер *бала басшылық ететін* болса, анасы келесі психологиялық пайдаларды көре алады: анасы баласының әлсіздігі мен үрейлігін негіздеу үшін және «құрбан» позициясын қадылбау үшін көп жағдайларда баласымен келісуге тырысады.

В. И. Гарбузов (1990), балаға тән мінез-құлық қасиеттерінің қалыптасуын негіздеу мақсатында тәрбиелік әсерлердің маңызын атап айтады, ол теріс тәрбиенің үш түрін анықтап берді.

А типі бойынша тәрбиелеу (қабылдамау, эмоционалды қабылдамау) – бұл ананың баланың жеке дара ерекшеліктерін қабылдамауы, ол баланы қатаң бақылаумен, балаға мінез-құлықтың жалғыз дұрыс әдісін бастырмалап жеткізумен қатарласады. А типті тәрбие бақылаудың жетіспеушілігімен, толықтай өз еркіне қоюмен қатарласуы мүмкін.

В типі бойынша тәрбиелеу (гиперәлеуметтеуші) анасы баласының денсаулығы, оның құрбы-құрбастарының арасындағы әлеуметтік статусы, әсіресе, мектептегі, оның оқудағы және болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі сәттіліктерін күту туралы үрейлі-сенімсіздік концепциясымен сипатталады.

С типі бойынша тәрбиелеу (эгоцентристік) – отбасының барлық мүшелерінің зейінін балаға аудару (отбасы кумирі), кейде тіпті отбасындағы басқа балаларды немесе отбасы мүшелерін кеміте, кері тарта отырып, баланың үстемдігін бекіту [6].

Баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу ерекшеліктері мен отбасындағы тәрбие беру стильдерінің ерекшеліктерін салыстыратын топтастырмалардың арасында жасөспірімдерге арналған А.Е. Личко мен Э.Г. Эйдемиллердің топтастыруы ерекше қызығушылықты тудырады. Бұл авторлар отбасындағы тәрбие стильдерінің келесі түрлерін ұсынып отыр:

Гипопротекция. Тәрбиенің бұл түрі қамқорлық пен бақылаудың жетіспеушілігімен сипатталады. Жасөспірімге аз көңіл бөлінеді, оның ісімен ешкім айнаыспайды және қызығушылық білдірмейді, мұндай бала жиі жалғыз тастанды сезімінде болады және қажет деңгейдегі күтімге бөленбейді. Жасырын гипопротекция кезінде бақылау мен қамқорлық формалдық түрде болады, ата-анасы баланың өміріне араласпайды. Баланың отбасын өміріне қатыспауы оның әлеуметтік жағымсыз мінез-құлқына әкеліп соқтырады, ол баланың сүйіспеншілік пен жақындық, бауырмалдық қажеттіліктерінің қанағаттандырылмағандық себебінен болады.

Басшылық гиперпротекция. Тәрбиенің бұл түрі балаға бағытталған қамқорлық тым артық зейін қоюшылық, асыра қамқорлық таныту және баланың мінез-құлқын ұсақ-түйек негіздемелер бойынша бақылау, оны аңду, тыйым салулар мен шектеулер қою арқылы қадағалап отыру арқылы сипатталады. Бала өз бетімен дербестік, еркіндік танытуға дағдыланбаған, ол өзіне жауапкершілік жүктей

алмайды. Бұл өз кезегінде эмансипациялыққа, немесе ынталылықтың жойылуына, өзін өзі қорғай алмайтын дәрменсіз болып қалыптасуына әкеліп соқтырады.

Ықпалдаушы гиперпротекция. Тәрбиенің бұл түрі «отбасы кумирін» тәрбиелеуге сәйкес келеді. Ата-анасы баланы кез келген қиыншылықтан болсатуға әрдайым дайын тұрады, оның қалауын бұлжытпай орындап, оны өздерінің шексіз сүйіспеншілігіне бөлендіреді және қамқорлық көрсетеді, оның болмыш сәттіліктерін мақтан тұтып, басқалардан да осындай таңдануды талап етіп отырады. Мұндай тәрбие түрінің нәтижесінде өз күшіне жеткілікті сенімділік пен сүйеніштің болмауымен қатар талаптанудың жоғары деңгейі, көшбасшылыққа ұмтылыс қалыптасады, яғни бала өзін өзі және өз мүмкіндіктерін барабар бағалай білмейтін болып өседі.

Эмоционалдық қабылдамау. Бала ата-анасына артық қиыншылық ретінде болады. Оның қажеттіліктеріне немқұрайлы қарйды. Кейде оған өктемшілік танытылады. Ата-анасы (немесе олардың орнын басушылары – өгей шешесі, өгей әкесі және т.б.) баланы масыл деп санайды және балаға әрқашан көңіл толмайтындарын білдіріп отырады. Жиі жасырын эмоционалдық қабылдамау кездесіп тұрады: ата-анасы баласына деген нақты қатынасын алаға бағытталған артық қамқорлықпен және зейін қоюмен бүркемелейді. Тәрбиенің бұл стилі баланың дамуына зор кері ықпал береді.

Қатыгез қарым-қатынастар. Ашуын баладан алу немесе оған жәбірлеу көрсету арқылы ашық көрсетілуі мүмкін, немесе жасырын түрде болуы мүмкін, онда ата-ана мен бала арасында эмоционалдық салқындық пен қастандық, өшпенділік кейпінде болатын бұзылмас «қамал» тұрғандай болады.

Жоғары адамгершілік жауапкершілік. Баладан оның жасына сәйкес келмейтін адалдық, ашықтық, парыз сезімдері талап етіледі. Жасөспірімнің қызығушылықтарына назар аудармастан, оған жақындардың қал-жағдайы туралы жауапкершілікті жүктейді. Оған еркіне қарсы «отбасының басы» рөлін жүктейді. Ата-анасы өз баласының ерекше болашағына үміттенеді, ал бала олардың көңілінен шыға алмай қалуы мүмкін деген қорқыныш сезімдеріне бөленеді. Оған жиі кішкентай балаларға немесе қарттарға қамқорлық көрсету және олардың күтімімен айналысуды жүктейді.

Сонымен қатар ата-ана тәрбиесінің келесі ауытқушылықтары анықталады: әйелдік қасиеттерді жоғары бағалау, Ерлерге тән қасиеттерді жоғары бағалау, балалық қасиеттерді жоғары бағалау, ата-ана сезімдерінің аймағын кеңейту, баланы жоғалтып алу үрейі, ата-аналық сезімдердің жетіліп дамымауы, өзінің жағымсыз қасиеттерінің проекциясы, ерлі-зайыптылардың арасындағы қақтығысты баланы тәрбиелеу аймағына енгізу.

Бұл мәселе соңғы жылдары заманауи қазақстандық психологиялық ғылым саласында қарқынды дамуын тапты. Қазақстандық бірқатар жұмыстарда отбасы мен неке психологиясының эксперименттік этнопсихологиялық даму бағытының дамуының бастапқы кезеңінде тұрғанын атап айтуға болады. Осыған қарамастан, отбасы мен неке психологиясының зерттелмеген мәселелері көп екендігін және қазіргі кезеңдегі отбасы мәселеріне жанаша жүйелі талдау жүргізілуі қажет екендігі анық. Осы өзекті мәселелер қатарына қазақ отбасының психологиясы, этникалық отбасы тәрбиесі, қазіргі заман отбасындағы гендерлік рөлдер, ата-аналар психологиясы сияқты мәселелерді ерекше атап айтқымыз келеді.

Баланың алғашқы әлеуметтену ортасы отбасы болғандықтан, отбасындағы тәрбие стильдерінің баланың әлеуметтік қалаулы тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы үшін маңызы зор екендігі сөзсіз.

Баланы тәрбиелеу стиліне басқа факторлардың ықпал жасауы да ерекше қызығушылықты тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Захаров А.И. *Неврозы у детей и психотерапия.* – СПб., 2001. – 336 с.
- 2 Варга А.Я. *Структура и типы родительского отношения.*: Дис. ... канд. псих. наук. – М., 1986. – 206 с.
- 3 Адлер А. *Индивидуальная психология.* / П.Я. Гальперин, А.Н. Ждан. *История зарубежной психологии. 30 – 60 годы XX века. (Тексты).* – М., 1986. – с. 131 – 140.
- 4 Адлер А. *Воспитание детей. Взаимодействие полов.* – Ростов-на-Дону, 2006. – 448 с.
- 5 Земская М. *Семья и личность.* – М., 2009. – 224 с.
- 6 Гарбузов В.И. *Нервные дети: советы врача.* – Л., 2001. – 176 с.

Н.С. Жұбаназарова,¹ Н. Мұратхан²

¹ *Казахский Национальный университет имени аль-Фараби*

² *Университет Алматы
Алматы, Казахстан*

ЛИЧНОСТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ РОДИТЕЛЕЙ КОТОРЫЕ ВЛИЯЮТ НА СТИЛЬ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ

Резюме

В статье рассматриваются семейные условия, включая социальное положение, род занятий, материальный уровень и уровень образования родителей, в значительной мере предопределяют жизненный путь ребенка. Кроме сознательного, целенаправленного воспитания на ребенка воздействует вся внутрисемейная атмосфера. Поэтому очень важно чтобы ребенок развивался в дружной, любящей семье, где подросток будет чувствовать себя нужным и счастливым.

В подростковый период между родителями и детьми обостряются конфликты «поколений», связанные, прежде всего с возрастной дистанцией. Для современного мира характерно, что он принимает факт разрыва между поколениями, ждет, что каждое поколение будет жить в мире с иной технологией. Исторически сложилось, что отцы и матери выполняли в семье разные функции, соответственно отцовское воспитание отличалось от материнского.

Ключевые слова: семья, социальное положение, тип семейного воспитания.

N.S. Zhubanazarova,¹ N.Murathan²

¹al-Farabi Kazakh National University

*²Almaty University
Almaty, Kazakhstan*

PERSONAL SPECIFICATIONS OF PARENTS ON THE CHILD DEVELOPPEMENT STYLE

Summary

Family conditions, including a social status, an occupation, material level and education level of parents, considerably predetermine a course of life of the child. Except conscious, purposeful education the child is influenced by all family atmosphere. Therefore it is very important that the child developed in the amicable, loving family where the teenager will feel sure in his future and happy.

It's well known fact conflict of "generations" between teenagers and their parents. Historically it developed that fathers and mothers carried out different functions in a family, respectively fatherly education differed from the maternal. Not any full family is the normal environment for full development and education of the child.

Key words: family, social status, type of family education.

Жұбаназарова Н.С.,¹ Н.М. Садыкова²

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация

Мақалада болашақ педагог-психологтарды кәсіби дайындаудың теориялық негіздері беріледі. ЖОО-да педагог-психологтарды дайындау бағыттары зерделенеді. Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекет ерекшеліктері талданады. Болашақ педагог-психологтардың қызмет түрлері көрсетіледі.

Қазіргі жағдайда қоғамда кәсіби іс-әрекеттің әртүрлі аймағында құзырлы мамандарға қажеттілік күн санап өсіп отыр. Отандық білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер осы реформаларға, оны бағалауға қатысты біршама тартысты сұрақтарды қойды. Бүгінгі күні педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы мен дамуына ерекше мән беріліп отыр. Әсіресе, педагог-психологтар осы өзгерістерге дер кезінде әрекет ете ала ма, яғни, білім беру үдерісінің субъектісі ретінде өзінің позициясын дұрыс анықтап, өзгертіп, білім алушы тұлғасын мақсатқа бағытты дамыту үшін инновациялық іс-әрекетті енгізу мәселесі туындады.

Түйін сөздер: Кәсіби іс-әрекет, кәсіби құзыреттілік пен сауаттылық, педагог-психологтың кәсіби іс-әрекет бағыты, педагог-психолог қызметі.

Қазіргі жағдайда қоғамда кәсіби іс-әрекеттің әртүрлі аймағында құзырлы мамандарға қажеттілік күн санап өсіп отыр. Отандық білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер осы реформаларға, оны бағалауға қатысты біршама тартысты сұрақтарды қойды. Бүгінгі күні педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы мен дамуына ерекше мән беріліп отыр. Әсіресе, педагог-психологтар осы өзгерістерге дер кезінде әрекет ете ала ма, яғни, білім беру үдерісінің субъектісі ретінде өзінің позициясын дұрыс анықтап, өзгертіп, білім алушы тұлғасын мақсатқа бағытты дамыту үшін инновациялық іс-әрекетті енгізу мәселесі туындады.

Жоғарыдағы айтылған мәселелерге орай, жаңа жағдайда педагог-психологтардың кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыту маңызды болып табылады. Педагог-психологтардың кәсіби дайындық сапасын жетілдіру мәселесі, олардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, кәсіби міндеттерді шешу, өзін-өзі дамытуға және өзіндік білім алуға қажеттілікті анықтау арнайы зерттеуді талап етеді.

